



СЫНДАРЛЫ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ УАҚЫТЫ КЕЛДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Канцлері Олаф Шольцпен кездесуіне қатысты. Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Олаф Шольцке алғыс айтып, «С5+Германия» диалогының өзектілігін атап өтті.

Президент ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттарына егжей-тегжейлі тоқталып, сауда-экономикалық кооперацияны кеңейтуді басты міндет ретінде атады.

— Германиямен жалпыймақтық сауда-саттық қарқынды дамып келеді және өткен жылдың қорытындысы бойынша оның көрсеткіші 11 миллиард долларды құрады. Осы тауар айналымының 80 пайыздан астамы Қазақстанға тиесілі. Біз ГФР-ға жалпы сомасы 850 миллион доллар болатын қосымша 100 шикізаттық емес тауар түрі бойынша экспортты ұлғайтуға дайынбыз. Бұл жерде мұнай химиясы, металлургия, тамақ өнеркәсібі өнімдері туралы сөз болып отыр, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өзара тауар айналымының өсімі аймақ елдерінен импортталатын өнімдерге қатысты ұзақмерзімді келісімшарт жасауға, сондай-ақ Еуропа одағының Бас жүйесіндегі жеңілдіктер (GSP+) сияқты Орталық Азия мемлекеттеріне де арнайы сауда жеңілдіктерін ұсынуға ықпал ете алады. Президент сауда шарттарын жеңілдету жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін салалық ведомстволардың басшылары деңгейінде бірлескен жұмыс тобын құруды ұсынды.

Мемлекет басшысы санкциялық текетіреттерді айыптап, шектеусіз және кедергісіз сауда-саттықты жақтады.

(Жалғасы 2-бетте)



ІЗГІ ҚАДАМ, ИГІ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германия Федеративтік Республикасына ресми сапармен барды. Іс-сапар барысында Президент Германияның Федералдық канцлері Олаф Шольцпен кездесіп, бірқатар келіссөздер жасады. Сондай-ақ Қазақстан басшысы Berlin Global Dialogue форумна, Шығыс комитетінің (ГЭШК) ұйымдастыруымен өткен екі ел іскер топтарының дөңгелек үстеліне қатысып, бірқатар ірі компанияның топ-менеджерлерімен жүздесті.

Мемлекет басшысы Берлинге арнайы сапармен шақырып, қонақжайлық көрсеткені үшін Олаф Шольцке ризашылығын білдірді.

— Германия — Қазақстанның Еуропа Одағындағы стратегиялық серіктесі, әсіресе өзара сауда-экономикалық және инвестициялық байланыс жолға қойылған. Сондықтан екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға баса мән береміз. Бүгін күрметті канцлермен бірқатар маңызды мәселені талқыладық. Қазіргі жағдайда Қазақстан мен Германия екі елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге

асыру ісіне барынша прагматикалық тұрғыдан қарау керек. Бұл орайда біздің саяси ерік-жігеріміз бен экономикалық әлеуетіміз зор. Келіссөздер барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың перспективасына баса мән берілді. Екіжақты сауда-саттықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өттік. Экспорттық және импорттық тауарлар номенклатурасын одан әрі кеңейту үшін пәрменді шаралар қабылдауға уағдаластық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨҢІЛДІ АУЛАП, КӨЛІГІ ҚАУЛАП...


Соңғы кезде көлікті Армения, Грузия, Дубайдан тасымалдайтын делдалдар әлеуметтік желілерде қызметін жарнамалап әлек. Неге десеңіз, ішкі нарықтағы сұраныстың көптігі соншалық, 10-20 жыл пайдаланылған көліктер де жылдам «иесін» тауып кетіп жатады. Өндіріс өзімізде де болғанымен, отандық өнеркәсіп мемлекеттің қыруар қолдауына қарамастан, ішкі нарықтың өзін толық қамти алмады. Тіпті, Үкімет қаржы бөлгенімен, автосалондар жеңілдетілген несиелен сатуға көлік таппай қиналғанын көрдік. Азаматтарымыз айлап кезекте тұрды. Қазір қытай автокөліктері қаптады деп қынжыламыз. Дегенмен қазақстандықтар нарықта қандай да бір ассортименттің пайда болғанына қуануда. Ал геосаяси ахуалдың әсерінен бос қалған ресейлік зауыттар нарыққа бейімделіп, қытайлық көліктерді жинауға көшті. Қазақстанның келесі қадамы қандай болмақ?

8 >>



ЭКРАН – ЖОЙҚЫН ҚАРУ

Көгілдір экран – тәрбие құралы. Тіпті, идеологияның қайнар көзіне айналғаны қашан. Адамзатты рухани ашытқан сақтап, жаңа дүниелерді ашуға мүмкіндік беретін өнер түрі.



ШЫНАЙЫЛЫҚТЫҢ ШЫҢЫНА ШЫҚҚАН СУРЕТШІ

Қазір үйден шықпай-ақ суретшілердің өнерін тамашалауға болады. Мәселен, суретші Әсел Сабыржанқызы әлеуметтік желіде блог жүргізу арқылы танымал болған.



ӘДІЛЕТТІ ЕЛ ӘДІЛ САЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Президенттің биылғы Жолдауы салықтың рөлін күрт арттырды. Ол әлеуметтік, экономикалық, тіпті саяси жаңғыруларға серпін беретін тетікке айналмақ, жаңа реформаларды жүзеге асырудың пәрменді бір құралы болады. Айталық, салық саласы арқылы мемлекет пен бизнес арасында диалог орнатылады. Қазақстанды Еуропа құрлығындағы басты аграрлық орталық ету де салық арқылы жүзеге асырылады. Инвестор тарту, өңдеу индустриясын дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру және басқа да толып жатқан сан-салалы шаралар салыққа сүйенбек.

5 >>



ДӘРІГЕР ҚАУІПСІЗДІГІ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНАН МАҢЫЗДЫ МА?

Бір аптаның ішінде дәрігерлер мен науқастардың жақындары арасында екі бірдей жанжал болды. Соңғы жылдары ақпарат көздерінен мұндай келеңсіз көрініс жайлы жиі оқитын болдық. Тіпті, адам өміріне араса болуға міндет алған ақ халаттыларға науқастардың жұдырық жұмсағаны былай тұрсын, жұмыс уақытында жазым етіп, жарық дүниенімен қош айтысуына себепкер болып жатыр. Шындығында да, дәрігер мен науқас арасындағы жанжалдың жиілеуіне не себеп?

6 >>





СЫНДАРЛЫ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ УАҚЫТЫ КЕЛДІ

(Басы 1-бетте)

— Қазақстан санкциялық текетірестерге қарсы. Өйткені саяси тұрғыда негізделген шектеулер халықаралық қатынастардағы жалпы ахуалға сызат түсіреді және мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуына кері әсер етеді. Сонымен бірге біз аймақтық саясаттағы санкциялық шектеулерді ескеруге мәжбүрміз. Бейбітшілік пен ынтымақтастықтың өзара тиімді формуласын табу үшін сындарлы дипломатияның уақыты келді деп санаймыз. Мен бұл туралы жуырда өткен БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясының мінберінде сөйлеген сөзімде айттым. Қазақстан барлық мүдделі мемлекетпен арадағы кедергісіз сауданы дамытуды және инвестициялық ынтымақтастық орнатуды жақтайды. Құрметті Канцлер, кеше экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде Сізбен және Германияның жетекші компанияларының басшыларымен табысты келіссөз жүргіздім. Мұндай

экстремизм, есірткі тасымалы, трансұлттық қылмыс сияқты Орталық Азия аймағы үшін аса қауіпті сын-кәтерлерге назар аударды. Мемлекет басшысы Германияның жеке жобалары арқылы, сондай-ақ Еуропа Одағы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен басқа да халықаралық құрылымдар аясында осы және өзге де қауіп-кәтерлерге тойтарыс беру жөніндегі күш-жігерін он бағалады.

Қазақстан Президенті Ауғанстандағы жағдайға арнайы тоқталды. Оның пікірінше, бұл елдегі гуманитарлық дағдарыстың алдын алу үшін халықаралық қоғамдастықтың, әсіресе Орталық Азия мемлекеттерінің күш-жігерін қолдауды жалғастыру қажет. Осы ретте Президент Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі аймақтық орталығын ашу маңызды екенін айтты. Мемлекет басшысы Германияның саяси ықпалы мен экономикалық мүмкіндігін Орталық Азия елдерінің орасан зор әлеуетімен



ықпалдастықтың келешегі жарқын болады деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті ауыл шаруашылығын келесі басым бағыт ретінде атап өтті. Мемлекет басшысы Германиялық серіктестердің қолдауымен Қазақстанда Орнықты егіншіліктің аймақтық орталығын құруды ұсынды. Оның айтуынша, аталған орталық теориялық әзірлемелер бойынша тәжірибе алмасуға, сондай-ақ оларды қолдануға енгізуге және коммерцияландыруға септігін тигізе алар еді. Мемлекет басшысы инвестициялық серіктестікті одан әрі дамытудың перспективасы зор екеніне назар аударды.

— Германия 30 жылдан астам уақыт ел экономикасының негізгі инвесторларының қатарында келеді. Қазақстан ГФР-мен өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруды көздейді және ESG қағидаттарын сақтай отырып, неміс инвесторлары үшін барлық қажетті жағдайды жасауға дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймаққа Германияның ірі банктерін тарту инвестициялық ынтымақтастыққа тын серпін беретінін атап өтті. Сонымен қатар Президент көлік-транзит саласында тиімді ықпалдастық орнату қажет екеніне тоқталды.

— Бүгінде Орталық Азия аймағы жаһандық тасымалдың негізгі бөлігіне айналып келеді. Осы ретте өңір «Солтүстік — Оңтүстік», «Шығыс — Батыс» бағыттары бойынша құрлық көпірі ретінде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, Транскаспий бағдарын дамытудың және оны Global Gateway стратегиясымен ұштастырудың маңызы арта түсті. Ортамерзімді перспективада аталған дәліз арқылы жүк тасымалдау ағынының көлемі бес есе артар еді. Осы бағытта жоспарлы жұмыстар жүргізіледі. Германиялық серіктестерді Транскаспий бағдары мен Каспий теңізі порттарын дамытуға, сондай-ақ бірлескен кеме өндірісін қолға алуға және логистикалық орталықтар ашу ісіне белсенді атсалысуға шақырамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан кәсіпорындары әлемдік нарықтағы титан мен басқа да материалдарға деген тапшылықтың орнын толтыруға әзір. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев терроризм, діни

ұштастыру аймақтың орнықты дамуына елеулі үлес қоса алатынына сенім білдірді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Президентімен кездесуіне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтық серіктестері көшбасшыларының бірлескен күш-жігерін жұмылдыруға болатын ықпалдастықтың басым бағыттарын ұсынды. Кездесу барысында климаттың өзгеруіне және су тапшылығы проблемасына баса мән берілді. Жиынға қатысушылар мұздықтардың еруіне және Орталық Азиядағы экологиялық ахуалдың өзгеруіне байланысты мәселелерді талқылады.

Сондай-ақ Президент орталықазиялық әріптестерімен бірге Германия экономикасы Шығыс комитетінің (ГЭШК) дөңгелек үстеліне қатысып, Орталық Азия елдері мен Германияның экономикалық ынтымақтастығының негізгі мәселелері тоқталды.

— Біздің аймақ — Еуразия кеңістігін байланыстырушы бірегей стратегиялық орталық. Негізгі сауда-экономикалық дәліздер елдеріміздің аумағы арқылы өтеді. Қазақстанда мол пайдалы қазбалар қоры бар. Мұның бәрі Германиямен және жалпы Еуропа Одағымен сауда-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға кен жол ашады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы кездесу қатысушыларына жуырда Германиялық HMS Bergbau компаниясының басшылығымен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және алдағы уақытта литий өңдеу кешенін салу туралы уағдаластыққа қол жеткізілгені жөнінде мәлімет берді. Инвестиция көлемі — 500 миллион доллар. Оның пікірінше, көмірсутегі шикізатын жеткізу, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін күшейту, көлік-транзит және қаржы салаларындағы кооперация өзара қарым-қатынастың басқада басым бағыттарының қатарына кіреді. Президент кездесуге қатысушылардың назарын орнықты даму және жасыл экономика салаларында бірлесу жұмыс істеудің маңыздылығына аударып, 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда өтетін Аймақтық климаттық саммитке қатысуға шақырды.



ІЗГІ ҚАДАМ, ИГІ СЕРІКТЕСТІК

(Басы 1-бетте)

Президент мұнай-газ химиясы, металлургия, көлік және логистика секілді перспективті салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты қарастырылғанын айтты және Қазақстан тарапының жетекші еуропалық компаниялармен қол жеткізген уағдаластықтарын жоғары бағалады. Сондай-ақ ол энергетика саласындағы кооперацияны дамытуды басты басымдықтардың бірі ретінде атады.

— Бүгінгі кездесу аясында Siemens, Deutsche Bahn, Siemens Energy, Linde және тағы да басқа негізгі серіктестермен маңызды коммерциялық келісімге қол қойылғанын құптаймын. Бұл құжаттар мемлекеттеріміз арасындағы экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтуға тын серпін береді. Қазақстан жыл басынан бері Германияға «Достық» мұнай құбыры арқылы 500 мың тонна мұнай жөнелтті. Мұның бәрі өзара келісімнің нәтижесінде жүзеге асты. Германиялық достарымыздың өтінші бойынша жеткізілетін мұнай көлемін ұлғайтуға, оның ұзақмерзімді болуын қамтамасыз етуге еліміздің дайын екенін растадым, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан басшысы екі елдің өзара ықпалдастығын кеңейтетін жана мүмкіндіктерге де тоқталды. Ол Транскаспий көлік бағдарының транзиттік қуатын арттыру, сондай-ақ оны Транскаспий көлік желісімен (TEN-T) және Global Gateway бастамасымен ұштастыру үшін бірлесу жұмыс істеуге дайын екенін мәлімдеді. Оның пікірінше, агроөнеркәсіп секторындағы, сондай-ақ қаржы, инновация, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастықты нығайту үшін мол мүмкіндік бар.

Келіссөздер барысында мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа да айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы жана қазақ-неміс білім беру мекемелерінің құрылуын, атап айтқанда, был маусым айында Ақтау қаласында Қазақстан-Германия орнықты инженерия институтының ашылуын құптайтынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер арасындағы ықпалдастықтың жоғары деңгейін сақтау үшін Германия Канцлерін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Федералдық канцлер Олаф Шольц Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы жетекші сауда-экономикалық серіктесі екенін атап өтті. Сондай-ақ энергетика, орнықты даму, цифрландыру және климаттың өзгеруіне қарсы күрес салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтудің маңызды екенін айтты. Бұдан бөлек, канцлер Германия мен Еуропа Одағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформаларды толық қолдайтынын мәлімдеді.

«КӨШБАСШЫЛАР ДИАЛОГЫ»

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші Berlin Global Dialogue форумына қатысты. Президент «Көшбасшылар диалогы» сессиясында Қазақстанның жаһандық экономикалық процестердегі рөлі туралы өз көзқарасын айтты. Президенттің пікірінше, жаһандық экономикалық өзекті проблемаларды шешуге ықпал ететін жана әмбебап құндылықтар қажет. Әйтпесе, адамзат дүниежүзілік сауданың бұрын-соңды болмаған бөлшектенуіне тап болады. Бұл әлемдік ЖІӨ-нің 7 пайызға құлдырауына әкеп соқтыруы мүмкін. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің халықаралық экономикалық байланыстарды тұрақтандыру ісіндегі рөліне және ұлттық экономиканы дамытудың перспективаларына айрықша тоқталды.

— Еуразиядағы екінші ірі мұнай қорына ие Қазақстан әлемдік нарықтарға энергетикалық ресурстардың ірі жеткізушісі саналады. Біздің мұнай экспортының 70 пайызы Еуропа Ода-

ғына шығарылатынын ескере отырып, экспорттық әлеуетімізді кеңейтуге және жаһандық энергетикалық дағдарысты жеңілдетуге үлес қосуға дайынбыз. Былтыр Қазақстан экспорты 40 пайызға жуық өсті. Біздің ЖІӨ-нің едәуір бөлігі әлі де энергетика секторына тиесілі болғанымен, экономиканы әртарапандыруға күш саламыз. Автомобиль құрастыру, фармацевтика, металл өңдеу және машина жасау салаларындағы өсімді қамтамасыз ете отырып, Қазақстан бизнес жасауға ерекше қолайлы орта қалыптастыру арқылы шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырып отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанмен экономикалық серіктестік орнатуға жол ашатын перспективаларға қатысушылар назарын аударды. Атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік бағдары немесе «Орта дәліз» аймақтағы сауда мен инвестиция үшін жана мүмкіндік береді. Бұл бағыт қазіргі қолданыстағы теңіз жолдарымен тасымалданатын тауарлардың транзиттік уақытын екі есе қысқартады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның аймақта бірінші болып Париж келісімін ратификациялағанын және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдағанын айтты. Бұл салада да ірі халықаралық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Жалпы, Қазақстанның, шын мәнінде, жаһандық және сенімді сауда-экономикалық серіктеске айналғанына сенім білдірді. Мемлекет басшысы баршаға ортақ өркендеген әрі инклюзивті болашақ құру үшін күш жұмылдырудың маңызды екенін атап өтті.

Айта кетейік, Berlin Global Dialogue форумына Германияның Федералдық канцлері Олаф Шольц, Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Мишель, Бельгияның Премьер-министрі Александр де Кроо, Албанияның Премьер-министрі Эди Рама және басқа да жоғары лауазымды саясаткерлер, халықаралық компаниялар мен қаржы институттарының басшылары қатысты.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш форум аясында Шри-Ланка Президенті Ранил Викрамасингхеммен кездесіп, келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы ресми сапарының екінші күні Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесуден басталды. Тараптар Германия Президентінің тауанда Қазақстанға жасаған сапары аясында қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын қарастырды. Атап айтқанда, энергетика, транзит, логистика, пайдалы қазбаларды игеру, жанарғылатын энергия көздері, ауыл шаруашылығы және цифрландыру секілді ынтымақтастықтың басым бағыттарына қатысты бірлескен жұмыстарды талқылап, Қазақстан мен Германияның көпжақты ынтымақтастығын одан әрі нығайту үшін бірлескен іс-қимылдарды арттыра түсуге уағдаласты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫН ҰСЫНДЫ

Сонымен қатар Қазақстан Президенті Германия экономикасы Шығыс комитетінің (ГЭШК) ұйымдастыруымен өткен екі ел іскер топтарының дөңгелек үстеліне қатысты. Мемлекет басшысы геосаяси дүрбелеңге қарамастан, былтыр екіжақты тауар айналымы 25 пайызға өсіп, 2,8 миллиард долларға жеткенін атап өтті. Оның айтуынша, Германия бизнесі Қазақстанға 6 миллиард долларға жуық инвестиция салған. Бұл инвестицияның 90 пайызға жуығы шикізаттық емес секторға тиесілі. Жалпы елімізде Германия капиталының үлесі бар мынан астам компания жұмыс істейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның табандылық, нақтылық және жауапкершілік қағидаттарына негізделген бизнес жүргізу тәсілін жоғары бағалады. Сондай-ақ «Қазақстанда неміс сапасына сай жасалған» формула бойынша өнім шығаратын өндіріс орындарын ашуға мүдделі екенін айтты.

Мемлекет басшысы өзара ынтымақтастықтың бірқатар перспективті бағытын атап өтті. Президенттің айтуынша, Қазақстан, ең алдымен, Германия және Еуропа өнеркәсібіне қажетті табиғи ресурстар мен маңызды шикізат саласында сенімді серіктес болуға дайын.

Президент жанарғылатын энергия көздері саласындағы ынтымақтастықты тағы бір перспективті бағыт ретінде атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев «жасыл» сутегінің әлемдегі жетекші өндірушісі болу үшін елімізде барлық алғышарт бар екеніне тоқталды. Қазіргі уақытта Германия мен Швецияның бірлескен Sevind Group компаниясымен «жасыл» сутегін өндіру жөнінде сомасы 50 миллиард доллар болатын келісім жасалды. Бұл — әлемдегі ең ірі жобалардың бірі. Алдағы уақытта «жасыл» сутегі өндірісі «жасыл» болат, алюминий және басқа да металдарды өндіруге жол ашуы мүмкін. Президент Германияның технологиялық шешімдерін Қазақстанның табиғи және адами ресурстарымен ұштастыру жоғары нәтижеге жеткізетініне сенім білдірді.

Ынтымақтастықтың тағы бір саласы — көлік-логистика әлеуетін пайдалану. Мемлекет басшысының айтуынша, жана геосаяси жағдайда Еуропа мен Азия арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін «Орта дәліздің» маңызы артып келеді. Сондай-ақ Президент ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету үшін мол мүмкіндік бар екенін, Қазақстан өнірдің азық-түлік хабына айналуды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Ынтымақтастықтың тағы бір басым бағыты — IT технология саласы. Президент Қазақстанның цифрлық трансформация бағытындағы бастамалары әлемдік деңгейде мойындалғанын айтты. БҰҰ біздің электронды үкімет жүйесін ТОП-30 тізіміне енгізді. Мемлекет басшысы адами капиталды дамыту және инвестиция тарту мәселесін ынтымақтастықтың өзекті бағыттарының бірі ретінде атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германия бизнесмендерін Қазақстан экономикасын әртарапандыруға, жана өндіріс орындарын ашуға және озық неміс технологияларын енгізуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырды. Германия экономикасының Шығыс комитеті — Германия Федеративтік Республикасының Орталық, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азиядағы 29 елге арналған аймақтық бастамасы. Шығыс комитетіне Германия экономикасының алты жетекші одағы қолдау көрсетеді және оған 400-ге жуық компания мүше.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Германияға сапарының екінші күнінде HMS Bergbau AG компаниясының басқарма төрағасы Деннис Швинд, HHLA компаниясының басқарма төрағасы Ангела Титцрат, STADA Group вице-президенті Кристоф Галлис, Mercedes-Benz Group басқарма төрағасы Ола Калленуис, inde GmbH компаниясының вице-президенті Оливер Пфанн, Siemens Energy басқарма төрағасы Кристиан Брх, Siemens AG жетекшісі Роланд Буш, Bayer AG компаниясының басқарма мүшесі Штефан Ольбрих және Euler Hermes агенттігінің басқарма мүшесі Эдна Шёнемен кездесті.

Абай облысының барлық деңгейдегі
депутаттары және қоғам өкілдерімен кездесу
Семей қаласы, 2023 ж.



АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН МЕКЕНДЕ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Абай облысына барды. Сапар барысында ол мәслихат депутаттарымен, жергілікті жұртшылықпен және жастармен кездесіп, халықаралық ғылыми конференцияға қатысты. Кездесулерде Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мәселелері, заң шығару қызметіндегі жаңа міндеттер және Сенат пен мәслихаттардың өзара іс-қимылын дамыту жайы талқыланды.

Палата Спикері ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен іске асырылып жатқан реформаларды заннамалық тұрғыда қамтамасыз ету Сенат пен мәслихаттардың бірлескен жұмысының маңызды міндеті екенін атап өтті. Осыған орай Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген басым бағыттарға назар аударып, оларды іске асыру жолында әріптестерін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

«Өңірлерді дамыту және мәслихаттармен бірлесіп өзекті мәселелерді шешу Сенат қызметіндегі негізгі басымдықтардың бірі. Қазіргі таңда облыстарда өзекті проблемалар аз емес. Олардың басым көпшілігі инфрақұрылымға, әлеуметтік нысандарға, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қатысты. Осыған байланысты Абай облысының 2027 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары бекітілді. Сенат осы және басқа да бастамалардың нәтижелі іске асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы барлық деңгейдегі депутаттардың жүйелі түрде өзара іс-қимыл жасауы маңызды екенін айтып, мәслихат депутаттарын заң шығару жұмысына тарту қажеттігін тілге тиек етті. Палата Спикері өңірлерде заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің орындалуына мониторинг жүргізу мәселесіне де ерекше назар аударды.

«Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмаларына сәйкес Парламент алдағы уақытта бірқатар заң қабылдауы қажет. Олардың қатарында жаңа Салық, Бюджет, Қала құрылысы, Су кодекстері бар. Жалпы, жыл басынан бері азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған көптеген заң қабылданғанын айта кеткен жөн. Бұл ретте Әлеуметтік кодексті ерекше атап өтуге болады. Сол арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған жаңа әлеуметтік тетіктер анықталды. Бүгінде елімізде Президентіміз бекіткен ұлттық жобалар іске асырылып жатыр. Олар өңірлерге тікелей қатысы бар құжаттар. Осы орайда заңдар мен ұлттық жобалардың орындалу барысын Парламент және мәслихат депутаттары тарапынан жүйелі бақылауды жолға қою аса маңызды», — деген Мәулен Әшімбаев Сенат жанындағы Жергілікті өкілді органдармен өзара

іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес пен «Өңір» депутаттық тобының жұмысына тоқталды.

Палата Төрағасы мәслихат депутаттарымен және өңір жұртшылығымен кездесу кезінде Семейдің еліміз үшін тарихи рөлі мен маңызына да тоқталды. Ол облыстың әлеуетін толық ашу үшін бірлесіп әрекет етудің берері мол болатынын айтты.

«Қасиетті Семей — халқымыз үшін қашанда орны бөлек, кастерлі мекен. Бұл шаһарды отандық білім мен ғылымның және өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы деуге толық негіз бар. Осы жерде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан Алаш арыстарының ізі мен мол мұрасы қалды. Сондықтан Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Абай облысын құру туралы маңызды шешімі дер кезінде жасалған және өңірдің дамуына тын серпін берген қалам болды. Алдағы уақытта облыс жаңа қарқынмен дамып, көздеген мақсаттарға қол жеткізе береді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған «Шәкәрім оқулары-2023» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. Іс-шарала ел дамуының жаңа парадигмасы кенінен талқыланды. Мәулен Әшімбаев Абай мен Шәкәрім мұралары ешқашан өзектілігін жоғалтпайтынын, жас ұрпақты тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу ісінде екі ойшылдың өсиеттері қашанда маңызды екенін айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолында күнделікті өмірлік көзқарастарымыз өзгеруі қажет. Қоғамда жаңа қағидаттар мен бағдарлар орнығуға тиіс. Осындай рухани-идеологиялық міндетті іске асыру аясында біз Шәкәрімнің мұрасына әрдайым оралуға және оны зерделеуге міндеттіміз. Ойшыл «Барлық адам тату тұруға негізінен адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуы керек», деген. Егер осы тұжырым әр қазақстандықтың өмірлік кредосына айналса, еліміз биік белестерді бағындыра беретіні сөзсіз», — деген Мәулен Әшімбаев философияны басқа да ой-тұжырымдарына назар аударды.

Сенат Спикері облысқа сапары аясында өңірдің белсенді жастарымен, Мүгедектігі бар адамдарға арналған абилитация және оналту орталығының ұжымымен, сондай-ақ Шәкәрім атындағы университет пен Alikhan Bukeikhan University-дің оқытушыларымен кездесті. «Жылукоммуноэнерго» кәсіпорнының қызметімен және қала билігінің шаһар орталығын абаттандыру жоспарымен де танысты. Одан бөлек, Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ сенатор Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығына барды, сондай-ақ хакімнің ескерткішіне гүл шоғын қойды.

АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Алдағы жалпы отырыста депутаттар қарауына «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасы ұсынылады. Бұл Келісімде Еуразиялық экономикалық одақ аумағында аудиторлық қызметтердің бірінші нарығын қалыптастыруға бағытталған нормалар белгіленген.

Сондай-ақ Келісім мүше мемлекеттерде аудиторлық қызметті жүзеге асыру мен реттеудің бірінші тәсілін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар депутаттар Бюджет кодексі және бюджет заннамасын жетілдіру мәселелеріне қатысты заң жобаларын жұмысқа алады.

Бюро отырысында Парламентаризм институтының VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиядағы Мәжіліспен өзара іс-қимылы бойынша қызметі және екінші сессияға жұмыс жоспары туралы ақпарат тыңдалды.

ҚОҒАМДЫҚ ПАЛАТАНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ МАҢЫЗДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қоғамдық палата мүшелерімен кездесіп, өткен сессиядағы жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңге арналған міндеттерді айқындап берді.

VIII сайланған Мәжілістің екінші сессиясындағы Қоғамдық палатаның алғашқы отырысы жаңартылған құрамда өтті. Жиынның ресми бөлігі басталмас бұрын Ерлан Қошанов палата мүшелерімен алдағы кезеңнің күн тәртібін талқылады.

— Бұл Қоғамдық палатадағы алғашқы тәжірибелеріңіз болғанына қарамастан, жұмыс дұрыс бағытта жүргізілуде. Небәрі екі айдың ішінде 5 отырыс өтті. Онда 8 мәселе қаралды. Барлығы жоғары деңгейде болып жатыр. Қоғамдық палата салмақты диалог алаңына айналуда, — деді Мәжіліс спикері.

Ерлан Қошанов Қоғамдық палата сарапшыларының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау, капиталды қайтару туралы заң және басқа да өзекті мәселелер бойынша нәтижелі жұ-

мысын атап өтті. Зандарды қабылдау кезінде көп ұсыныс ескерілді.

— Мәселен, онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама туралы заң жобасын талқылау кезінде Мүсілім Хасенов заң жобасына жан-жақты талдау жасады. Мүсілім блогерлердің құқықтық мәртебесін енгізіп, ұғымдық аппаратты нақтылауды ұсынды. Бұл пікір тиісті комитетте назарға алынды. Олар заңда ескерілген. Бізде мұндай мысалдар аз емес, — деді Мәжіліс төрағасы.

Спикер осы сессиядағы заң жобалау жұмыстары да Қоғамдық палатаның белсенділігін қажет ететінін атап өтті. Бұл — масс-медиа, Бюджет, Салық кодекстері және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобалар мен тақырыптар туралы заң жобалары. Өз кезегінде Қоғамдық палата мүшелері ойынқұмарлық, жолаушылар тасымалы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін талқылауға шығаруды ұсынды.

Жиын соңында Ерлан Қошанов Қоғамдық палатаның жаңа мүшелері — Әміржан Қосанов пен Қанат Нұровты жұмыстың басталуымен құттықтады.

КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖАЛҒАСУДА

«AMANAT»-та аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың өкімі лауазымына партиядан кандидат ұсыну процесі жалғасуда.

Мәселен, Ақмола облысында партияның Шортанды аудандық филиалының кезектен тыс ХЛІ конференциясы барысында аудан өкіміне лауазымына кандидат ретінде Сағындық Шабаров ұсынылды. Сондай-ақ партияның Жақсы аудандық филиалының кезектен тыс ІІІ конференциясының қорытындысы бойынша аудан өкімі лауазымына кандидат ретінде Алмағұл Кадралина бекітілді.

Жамбыл облысында партияның Жуалы аудандық филиалының кезектен тыс ХЛІ конференциясы делегаттарының шешімімен өкім лауазымына кандидат ретінде Жалғас Мұртаза ұсынылды. Сондай-ақ осы күні партияның Тұрар Рысқұлов аудандық филиалының кезектен тыс XXXIX конференциясы өтіп, онда 200-ге жуық делегат аудан өкімі лауазымына Ернар Есіркеповты ұсыну жөнінде шешімді қолдады.

«Бүгінде облысымыздағы 131 ауылдық округ өкімінің 121-і — «AMANAT» партиясының өкілі. Партиядан ұсынылған кандидаттарға үлкен үміт пен зор жауапкершілік жүктеледі. Өздеріңіз білетіндей, Жамбыл облысында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға баса назар аударылады. Сондықтан кандидаттардың сайлауалды бағдарламаларында «Ауыл аманаты» және

«Жер аманаты» жобалары басым бағыт болуы тиіс деген ойдамын», — деді «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов.

Алматы облысында «AMANAT» партиясы Жамбыл аудандық филиалының кезектен тыс конференциясы өтті. Оның қорытындысы бойынша аудан өкімі лауазымына кандидат ретінде Нұрлан Ерғас ұсынылды.

«Біздің өңірде 54 мыңнан астам, ал Жамбыл ауданында 8 мыңға жуық партия мүшесі бар. Бұл үлкен күш. «AMANAT»

мүшелері ашық саяси бәсекелестік пен күреске әрқашан дайын. Алматы облысында өзге өңірлердегідей ауылдық округ өкімдерінің сайлауы өтті. Партия өкілдері 107 округтің 105-інде жеңіске жетті. Бұл — әрбір партия мүшесінің қажырлы еңбегі», — деді «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғожаев.

Осындай конференция Жетісу облысы Кербұлақ ауданында өтіп, онда аудан өкімі лауазымына кандидат ретінде Қанат Есболатов бекітілді. Кезектен тыс XV конференция жұмысына 177 делегат қатысты.



Қостанай өңірінде «AMANAT»-тың бірден үш конференциясы өтті. Партияның Алтынсарин аудандық филиалының кезектен тыс XXXVIII конференциясының шешімімен Арнұр Сартов өкім лауазымына кандидат атанды. Рудный қаласында кезектен тыс XXXIV конференция өтіп, онда делегаттардың шешімімен Виктор Ионенко қала өкімі лауазымына үміткер ретінде ұсынылды. Қарабалық ауданында партия филиалының кезектен тыс XXXVIII конференциясына қатысқан делегат аудан өкімі лауазымына Руслан Халықовты ұсынды.

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық партия филиалының кезектен тыс LV конференциясында кандидат ретінде Бақыт Асанов ұсынылды. Шардара ауданында кезектен тыс XLVIII конференцияда делегаттар өкім лауазымына кандидат ретінде Арман Карсыбаевты ұсынды. Ал

Созақ ауданында кезектен тыс LI конференцияда өкім лауазымына үміткер ретінде Мұхит Тұрысбеков ұсынылды.

Қарағанды облысындағы «AMANAT» партиясы филиалдарының конференцияларында үш үміткер айқындалды: Приозерье қаласының өкімі лауазымына — Мансур Ахметов, Осакаров ауданында — Руслан Нұрмұханбетов, Ақтоғай ауданында — Руслан Кенжебеков.

Батыс Қазақстан облысында Таскала ауданының өкімі лауазымына «AMANAT» кандидаты ретінде Талғат Шәкіров, Қаратөбе ауданында Қадыржан Сүйеуғалиев ұсынылды.

Атырау облысы Исатай ауданының өкімі лауазымына кандидат ретінде Нұрым Мусин, Қызылқоға ауданында Қанат Азмұханов ұсынылды.

Барлық кандидат аумақтық сайлау комиссиясында тіркеуден өтуі тиіс.

«АМАНАТ» БИЗНЕС-ҚАУЫМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ БАСЫН ҚОСТЫ

«АМАНАТ» партиясының орталық аппаратында республикалық бизнес-қауымдастық өкілдері мен мүшелерінің қатысуымен жиын өтті.

Жиында Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен партияның «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасы жан-жақты талқыланып, бірқатар мәселе көтерілді.

Іс-шара тізгінін қолға алған «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Эльдар Тынышбайұлы осыған дейін барлық облыс пен қаланы қамтыған жиындарда жалпы саны 600-ге жуық кәсіпкерлік құрылымның өкілі мен басшысы қатысып, 230-дан астам мәселе мен сұрақ туындағанын жеткізді.

Кездесуге «Атамекен» ҰҚП, тамақ, қайта өңдеу, химия өнеркәсібі, машина жасау, аграрлық сектор салаларындағы бизнес-қауымдастық өкілдері, сондай-ақ сарапшылар қатысып, өңдеуші секторлар мен ауыл шаруашылығы саласындағы жан-жақты проблемалар мен секторды қолдауға және жетілдіруге қатысты бірқатар өзекті мәселе көтерілді.

Отандық бизнесі толғандырып жүрген түйткілдерді анықтай отырып, оны шешудің жолдарын да ұсынды. Партия Хатшысы Эльдар Тынышбайұлының айтуынша, кездесуге мемлекеттік орган өкілдері және бизнес өкілдері арнайы шақырылған.



ұсыныстарын партия жанындағы сараптау орталығына жолдайтын болады. Өз кезегінде бұл ұсыныстар «АМАНАТ» партиясының қолдауымен құзыретті органдарға жіберіледі.

«Осы жылдың шілде-тамыз айларында Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және өзге де облыстар мен қалаларда партияның өңірлік кеңестері базасында салалық вице-министрлер мен отандық кәсіпкерлердің қатысуымен кеңейтілген кеңестер өткізілді. Осы жиындарда әр өңірлердегі басты проблемаларды анықтап,

бизнес құрылымдары партиямен бірлесе отырып шешу міндеті тұр. Субсидия, салық, кендік кедергілер мен бизнесті қолдау бойынша қойылған сауалдарға тиісті министрліктердің өкілдері жауап бере отырып, сауалдарды хат түрінде жолдауды сұрады.

Химиктер одағының вице-президенті Тахмина Нұғманова өңдеу өнеркәсібі саласына қатысты бірқатар ұсыныстарды

«Қазір орта кәсіпкерлікке жетіп қалған шағын кәсіпкерліктердің салық пен бухгалтерлік есептерге қатысты өз уәжі бар екенін және мұндай кәсіпкерлер түрлі кедергі салдарынан бизнестерін ірі бизнеске өткізуге қорқатынын жеткізді. Егер бұл санатқа өтсе, мемлекеттік қолдаудан айырылып, әкімшілік жауапкершілік арта түседі. Біз осы бағытта кәсіпкерлік туралы заңға өзгерістер енгізуді ұсынамыз», — деді ол.

Нұғманова атағандай, қосымша құн салығын 16 пайызға өсіруге бизнес өкілдері түбегейлі қарсы екенін жеткізді.

Бизнес-қауымдастық өкілдері мен мемлекеттік органдар өкілдерінің өзара еркін пікір алмасу алаңына айналған отырысы осы жылдың шілде-тамыз айларында болған кеңестердің қорытындысы іспетес. Сол себепті бизнесті дамытудағы кейбір қолайсыздықтар мен келенсіздіктер де ортаға салынды.

Жиынды қорытындылаған «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев Жолдауда АӨК-ті кеңейтуді және өзге де өндірушілер мен қайта өңдеушілер көлемін арттыруды тапсырғандықтан, салаға барынша қолдау жасау керек екенін айтты.



Мемлекет басшысының Жолдауы аясында айтылған өңдеу өнеркәсібі мен бизнесті қолдау бастамаларын талқылап, ел Үкіметі мен бірге шешілу жолдарын қарастыру мақсатында арнайы сараптама орталығы құрылып жұмыс істейтіні сөз болды. Алдағы уақытта бизнес өкілдері өз

кәсіпкерлік субъектілерінің ұсыныстарымен бірге Үкіметке жолдайтын боламыз», — деді Эльдар Тынышбайұлы.

Іс-шара барысында мемлекеттік органдар тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Алда көтерілген мәселелерді

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ — БАСТЫ НАЗАРДА

«АМАНАТ» партиясының Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі республикалық кеңесінің кезекті отырысында балаларға арналған мекемелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектептердің оқу жылына дайындығы және өзге де өзекті проблемалар талқыланды.

Кеңес төрағасы, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваның айтуынша, Білім басқармалары жанындағы комиссиялар жыл сайын мектептердің оқу жылына дайындығын және оқу жағдайының қауіпсіздігін тексереді. Алайда соңғы кезде болып жатқан оқиғаларға қарап, бұл жұмыстың тиімділігіне қатысты күмән пайда болады.

«Күні кеше Астанада бір оқушы баспалдақтан құлап кетті. Бұған таяныш пен баспалдақ арасында тік қоршаудың болмағаны себеп болды. 7 тамызда Астанадағы мектептердің бірінде 10 жасар баланың үстіне футбол алаңындағы қапқа құлап, қайтыс болды. 13 қыркүйекте Алматы облысындағы балабақша аумағында бала ашық жатқан септикке құлап, ауруханада көз жұмды. Осыған байланысты өңірлік кеңестер балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық мектепке тексеру жүргізуі қажет», — деді ол.

Бұл ретте Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан мектептерде көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндалды.

«Мониторинг барысында министрлік бірқатар мәселені анықтады. Яғни, қауіпсіздік жүйесінің техникалық жағдайы белгіленген талапқа сәйкес келмейді. Мысалы, ел аумағындағы мектептерде шамамен 180 мың бейнекамера бар. Өкінішке қарай, оның 80 мың ескірген әрі заман талабына сай келмейді. Осыған байланысты министрлік жергілікті атқарушы органдарға камераларды жанарту бойынша жұмыс жүргізуді ұсынды», — деді ол.

Жиын барысында партиялықтар балаларға арналған мекемелердегі жатын орындарында лайықты жағдай жасалуына және санитарлық талаптардың бұзылуына қатысты мәселені де назардан тыс қалдырмады.

«Бүгінде балаларға арналған жекеменшік мекемелердің, балалар лагерінің, бала-



бақшалардың, оңалту және даму орталықтарының жұмысына қатысты арыз-шағым көп. Жуырда Мәжілісте «АМАНАТ» партиясы фракциясының отырысында ұсынылған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заң жобасы балаларға қызмет көрсететін ұйымдарда тексеру жүргізуге қатысты мораторийді алып тастауды және лицензиялауды енгізуді көздейді. Бұл қадам балаларға арналған мекемелерге бірыңғай стандарт пен талап белгілеуге мүмкіндік береді», — деді Динара Зәкиева.

Осылайша, балаларға арналған лагерлер мен интернат мекемелерінің жағдайын жақсарту үшін Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің аппараты өңірлермен бірге тиісті жоспар әзірледі. Атап айтқанда, 163 интернатта, 82 лагерде және 17 медициналық-әлеуметтік мекемеде жөндеу жұмысын жүргізу қажет. Осы мақсатта өңірдегі әкімдіктермен 3 жылға арналған жоспарға қол қойылып, онда мекеме атауы, жөндеу жүргізу және бюджеттен қаржы бөлу мерзімі көрсетілді.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Юлия Кучинская балалар лагерлерінің кімнің меншігіне тиесілі екеніне қатысты мәселені көтерді.

«Депутаттардың өңірлерге жасаған сапары барысында Білім басқармалары мен бөлімдері жұмыс істеп тұрған лагерлерді сатуға шығарғанын анықтадық. Яғни, аталған мекемелер жеке меншікке өтіп жатыр. Сатылған соң бұл нысандардың бұрынғы мақсаты сақталатынына ешкім кепілдік бермейді. Бейінді мемлекеттік органдар

осы мәселенің анық-қанығын тексеруі керек. Себебі лагерлер орманда, көл жағасында, яғни балаларға жайлы болатын жерде орналасқан», — деді ол.

Бұл ретте Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан атаған мәселеге қатысты жіті зерттеу жүргізілетінін жеткізді. Сондай-ақ ол кей жағдайда жергілікті билік демалыс үйлері мен балалар лагерлерінің сенімгерлік басқаруға беретінін, бірақ олардың бастапқы қызмет ету мақсаты сақталатынын айтты.

Сондай-ақ кеңес мүшелері Мемлекет басшысының балаларға арналған 50 сауықтыру лагерін ашу және олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін 100 жаңа нысан салу жөніндегі тапсырмасын іске асыруға қатысты мәселелерді талқылады. Білім министрлігінің мәліметінше, 5 инновациялық шығармашылық орталық пен өнер мектебі ашылған, тағы 4 мектеп жыл соңына дейін аяқталады. Ал балаларға арналған 50 сауықтыру орталығы 2026 жылға қарай толық салынады.

Жиын қорытындысы бойынша кеңес мәслихат депутаттарына интернаттар мен өзге де балалар мекемелерінің жөндеу жұмыстарына қаражат бөлу мен оны жұмсауды бақылауды ұсынды. «Жастар Рухы» жастар қанатына люктерді, аулаларды жарықтандыруды, жол қозғалысы қауіпсіздігін тексеру бойынша «Қауіпсіз инфрақұрылым» рейд-акциясын өткізу тапсырылды. Ал өңірлік кеңестер 2023 жылы күрделі жөндеу жүргізілген интернаттарға және мектептердегі қауіпсіздік шарттарының сақталуына мониторинг жүргізуі тиіс.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Еліміздегі саяси және экономикалық реформаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру, атқарушы және өкілді билік органдарындағы өзара іс-қимылдың оңтайлы тетіктерін әзірлеу — осы және өзге де мәселелер 25 қыркүйекте Қарағанды қаласында өткен барлық деңгейдегі мәслихаттардағы «АМАНАТ» партиясы депутаттарының І Қарағанды облыстық форумында талқыланды.

Форум жұмысына 115 мәслихат депутаты, «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Руслан Әлішев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Бауыржан Смағұлов, Үнзिला Шапақ және Арман Қалықов, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов, өңір әкімінің орынбасарлары Бауыржан Асанов, Ермек Алпысов, Ербол Әліқұлов және тағы басқалар қатысты.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Руслан Әлішев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп жатқан реформалар біртүтік акция немесе жағдайға қарай жасалған қадамдар, нүктелік шешімдер емес, мемлекетті

жасау, олардың мүддесін білдіру — депутат күнделікті атқаратын жұмыстың өзегі. Сайлаушылармен үзбей байланыс орнатып отыру керек. Сондықтан біз үшін бірінші кезекте өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселесі маңызды. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың басты міндеті — аумақтарды, тұтас облысты дамыту жоспарын жүзеге асыруды сапалы қамтамасыз ету. Біздің басымдығымыз да — осы», — деді ол.

«АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков адальдық пен жауапкершілік әр халық қалаулысы



дамытудың сындарлы әрі кешенді стратегиясы екенін атап өтті. Оның айтуынша, Президент қоғам мүддесіне сай келетін өзгерістерді мақсатты түрде жүзеге асырып жатыр.

«Мәслихат депутаттары — «АМАНАТ» партиясы үшін аса маңызды ресурс. Себебі партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған міндеттерді дәл осы депутаттар жүзеге асырады. Түптеп келгенде, барлық партиялық вертикаль мен ресурс мәслихат депутаттарының мүддесі үшін жұмыс істейді. Бұл дегеніміз — сараптамалық, ақпараттық қамтамасыз ету және фракциялардың жұмысын үйлестіру. Партияның және әрбір депутаттың алдында тұрған басты міндет — сайлауалды уәделерді жүйелі жүзеге асыру. Оның өзегі — мемлекетті дамыту және әл-ауқатын арттыру», — деді ол.

Руслан Әлішев көп жағдайда азаматтар барлық деңгейдегі депутаттардың іс-әрекеті мен жұмысына қарай мемлекеттің тұтас қызметіне баға беретінін атап өтті. Сондықтан халық қалаулылары атқарып жатқан лауазымға жауапкершілікпен қарайтынның дәлелдеп, көпке үлгі болуы тиіс. Яғни, қоғамдық мәселелерге қатысты үнемі үн қатып, көш бағында жүруі, тұрғындардың талаптілегіне жедел назар аударып отыруы керек.

Өз кезегінде Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов бүгінде «АМАНАТ» партиясы өңірдегі жетекші саяси күш саналатынын атап өтті.

«Бізге жүктелген жұмыстың түпкі мақсаты — халықтың әл-ауқатын арттыру. Азаматтармен қарым-қатынас

атқаратын жұмыстың негізге алатын қағидатына айналуы тиіс екенін атап өтті.

«Біздің партиямыз түбегейлі трансформациядан өтіп, қатарымыз жанарды. Азаматтар бізге сенім артты. Оны биыл наурызда өткен Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауында айқын аңғардық. Көпшіліктің бізге көрсеткен қолдауы мен арқан сенімін ақтауымыз керек. Алайда қоғамда қанша адам болса, сонша пікір бар. Біздің міндетіміз — әр пікірге құрметпен қарау, айтылған мәселелерді тиімді шешу. Өткен сайлауда берген уәделерімізді толық орындауға тиіспіз. «Халық қалаулысы» атағын ақтап, соған сай жұмыс істеуіміз керек», — деді ол.

Форум жұмысы панельдік секцияларда жалғасты. Онда экономика, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, білім беру, мәдениет, жастарды қолдау және өзге де өзекті мәселелер талқыланды.

Айта кетейік, биыл маусымда «АМАНАТ» Астанада партиядан сайланған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының республикалық форумын өткізді. Оның жұмысына 3 мыңға жуық адам қатысты. Олардың 2,5 мыңы немесе еліміздегі барлық мәслихат депутаттарының 77%-ы — жергілікті өкілді органдардың аманаттық депутаттары. Форум аясында «АМАНАТ» партиясынан мәслихат депутаттары бейінді министрлердің қатысуымен панельдік сессиялар аясында оқыту семинарларын өткізді. Осылайша, «АМАНАТ» партиясы мәслихат депутаттары мен Үкімет мүшелері арасында тікелей диалог орнатты.

АУДАН ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ҰСЫНЫЛДЫ

Биыл әкімдер сайлауы өтетін қалалар мен аудандарда «АМАНАТ» партиясы филиалдарының конференциялары өтіп жатыр. Конференция жұмысына қатысқан делегаттар әкім лауазымына ұсынылатын кандидаттарды бекітіп, партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы талқылауда.



«АМАНАТ»-та аудандар мен облыстық маңызды бар қалалардың әкімі лауазымына партиядан кандидат ұсыну процесі басталды. Мәселен, Жетісу облысында «АМАНАТ» партиясы Сарқан аудандық филиалының кезектен тыс ІХ конференциясы өтті. Конференция жұмысына қатысқан делегаттар шешімімен Сарқан ауданы әкімінің лауазымына партия кандидаты ретінде Ғалымжан Маманбаев ұсынылды.

Сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысында бірден үш конференция өтті. Мәселен, «АМАНАТ» партиясы Есіл аудандық филиалының кезектен тыс ХІV конференциясының шешімімен аудан әкімі лауазымына кандидат ретінде Мереке Мұхамедьяров, ал партияның Тимирязев аудандық филиалының ке-

зектен тыс ХХХІХ конференциясында осындай лауазымға Ерлан Жаров ұсынылды.

Қызылорда облысында «АМАНАТ» партиясы Шиелі аудандық филиалының кезектен тыс ХLІІ конференциясына қатысқан делегаттар әкім лауазымына Нұржан Ахатовты ұсынды.

Ақтөбе облысында «АМАНАТ» партиясы Кобда аудандық филиалының кезектен тыс ХХХІХ конференциясына қатысқан делегаттар аудан әкімі лауазымына Ізгілік Тынымгереевті ұсынды.

Барлық кандидат аумақтық сайлау комиссиясында тіркеуден өтуі тиіс. Алдағы уақытта аудандар мен облыстық маңызды бар қалалардағы партияның өзге де филиалдарында осындай конференциялар өткізу жоспарлануда.



Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті Астана медицина университетінде отырыс өткізді. Жиынға комитет төрағасы Асхат Аймағамбетов жетекшілік етіп, оған медицина саласының мамандары қатысты.

Отырысты ашқан Асхат Аймағамбетов 2023 жылғы 9 қазанда Мәжілісте Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің проблемасы мен даму перспективасы бойынша Үкімет сағаты

өтетін айтты. Үкімет сағатын дайындау аясында комитет депутаттары еліміздің, соның ішінде Астана қаласының медицина ұйымдарының жұмысымен тығыз байланыс орнатып, проблемасымен кеңі-

МЕДИЦИНАДА МӘСЕЛЕ КӨП

нен танысып жатқанына назар аударды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса назар аударып отырмыз. Денсаулық сақтау ұйымдарының проблемалары ұқсас. Бұл медициналық қызмет көрсетуді қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегі, — деді Асхат Аймағамбетов.

Жиын барысында депутаттар медициналық қызметтерге тарифтердің нақты жағдайдан, коммуналдық қызметтерге, дәрі-дәрмектерге, тауарларға және басқа да бағалардың өсуінен артта қалуына мән берді. Сонымен қатар медициналық қызмет көлемін сапасыз жоспарлау мен бірқатар медициналық қызметке сызықтық шкаланы негізсіз қолдану мәселесіне тоқталды.

Сондай-ақ ақпараттық жүйелерді басқарудағы және олардың арасындағы интеграцияның болмауына байланысты қиындықтарға, азаматтармен меди-



налық қызмет алу кезегінің өсуіне қатысты мәселелерді талқылады.

— Денсаулық сақтау министрлігі біраз мәселені шешіп жатқанын білеміз. Нәтиже бар. Бүгінгі кездесудің мақсаты — мәселелерді талқылап бірлескен шешімдер әзірлеу, — деді Асхат Аймағамбетов.

Жиынға Мәжіліс депутаттары Жұлдыз Сүлейменова, Гүлпара Нұрымова, Нұргүл Тау, Дәулет Мұқаев, Айна Мысырәлімова және Денсаулық сақтау министрлігі мен Медициналық сақтандыру қорының өкілдері қатысты.

Дегенмен, салықтық өзгерістерде саликалық пен сарабалдық қажет. Әйтпесе, асығыс-үсігіс, үстірт жасалған реформа отандық бизнесті жарға жығып, құртып тынуы мүмкін. Сондықтан қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығы қазірден дабыл қаға бастады.

Алдымен, президенттік бастамаларға тоқталсақ. Біріншіден, Қазақстан шетелдік және еліміздің инвесторларын бірден 3 жылға салықтан және басқа міндетті төлемдерден босататын болды. Бұл игілікті пайдалану үшін инвестор өңдеу өнеркәсібіне қаржысын салғаны жөн. Қ.Тоқаевтың байламынша, бұл — өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара.

Екіншіден, Үкімет салық саясатын қайта қарап, ауылдағы жұртты өнім өңдеуге ынталандыруы тиіс. Қазақстанның айналасында өнім өткізетін үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік тапшы. Сол себепті Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңа стратегиялық мақсатын — Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу міндетін қойып отыр. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бірінші кезекте өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшу керек. Алдағы үш жылда агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесі 70 пайызға жеткізілетін болды.

Әйтпесе, мысалы, іргедегі Ресей биыл өз тарихындағы рекордтық егін жинады: тек бидайдың өзі 130 миллион тоннаға жетеді. Ол әлемдік нарықты астыққа қарық қылды, өнім құнын құлдыратты. Қазақстан өз егіннің шикізат түрінде сыртқа шығара берсе, ұтылады. Ал одан ұн, макарон, қытай кеспесін, протеин ұнтақтары мен өнімдерін, кондитерлік тағамдар және қосылған құны жоғары өзге тауарлар түрінде өткізсе, кіріске кенеледі.

Үшіншіден, саяси реформалардың маңызды бір бағыты — билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог орнату. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі өтпелі кезеңде мемлекеттік органдардың кемшілікке жол беріп, кейде асыра сілтеп жатқанына назар аударды. Себебі реформаларды ілгерілету үшін көп қаржы керек. Ол бизнестен жиналады. Салықтан жалтарғандар біршама ауыр жазаланады. Президент салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жазаға тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізуді тапсырды. Әйтпесе, тараптардың бірі қит етсе серіктесін жазауға бейім түрсе, өзара сенімге құрылған диалог қайдан болсын? Сондықтан экономикалық сипаттағы кейбір заң бұзу әрекеттерін қылмыс санатынан алып тастау жұмысы жалғастырылады.

Төртіншіден, салық тетігі Қазақстанда демократияны дамытуға, соның ішінде орталықтың қатаң диктатын жұмсартып, өңірлерге көбірек билік беруге, жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтуға қызмет етпек. Бұл үшін Жолдауға сәйкес, өзге салықтар, соның ішінде ең бастысы — қосылған құн салығы да өңірлерге табысталады. Сонда бюджеттің екінші деңгейіне, яғни облыстар мен үш мегаполистің бюджетіне кем дегенде 2 триллион тенге қосымша қаражат құйылады.

Сонымен қатар Президент жергілікті бюджетке жиналатын салық бойынша кімге қандай жеңілдіктер беру құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыруды жүктеді. Бұл шара аймақтардың табысты дамуына айрықша ықпал етеді деп күтіледі. Өз кезегінде барлық әкім бюджетаралық қатынастардың жаңа үлгісіне көшу кезінде салықтық жеңілдіктерді жақын-жуықтарына таратып бермей, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарау шарт: «оның біртұтас мемлекетімізге тигізетін пайдасы және тиімділігі туралы ойлауы керек».

Ал орталықта, Үкіметке керісінше, бұрынғы билік тұсында олигархтарға үлес-тірілген салықтық преференциялардың бір бөлігін алып қояуға тапсырма берілді. Са-

Президенттің биылғы Жолдауы салықтың рөлін күрт арттырды. Ол әлеуметтік, экономикалық, тіпті саяси жаңғыруларға серпін беретін тетікке айналмақ, жаңа реформаларды жүзеге асырудың пәрменді бір құралы болады. Айталық, салық саласы арқылы мемлекет пен бизнес арасында диалог орнатылады. Қазақстанды Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталық ету де салық арқылы жүзеге асырылады. Инвестор тарту, өңдеу индустриясын дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру және басқа да толық жатқан сан-салалы шаралар салыққа сүйенбек.

ӘДІЛЕТТІ ЕЛ ӘДІЛ САЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ



лық жеңілдіктерін беру тәртібі реттеледі. Үкімет салық жеңілдігін сын көзбен зерделеп, оның көлемін кем дегенде 20% қысқартуы қажет. Қалған жеңілдіктер жекеменшік жобалар мен тұлғаларға байланыбай, нақты ереже бойынша берілуі керек.

ҚАНДАЙ САЛЫҚТАР ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ?

Салық саясатына жауапты басты орган, Ұлттық экономика министрлігі президенттік бастамаларға үстемелете, өз ұсыныстарын қояды.

Бизнесмендерді дүрліктіріп отырған басты ұсынысы — қосылған құн салығына (ҚҚС) қатысты. Бұл салық жөнінен Қазақстанда ең төмен салық ставкасы қолданылады: 12% ғана. Мысалы, Ресейде, Беларусьте, Арменияда — 20%, ал ЭЫДҰ-ға мүше дамыған елдерде — 27%-ға дейін жетеді. Мұның сыртында республикада бұл салық аз жиналады. Кәсіпкерлер мен компаниялар оны төлеудің түрлі схемаларын, амалдары мен айналма жолдарын тапқан.

Нақтыласақ, бизнес нысанын ҚҚС төлейтін ретінде есепке қою үшін оның кірісі белгілі бір шектен асып түсуі тиіс. Ол шек Қазақстанда посткөрсеткіш елдермен және ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда ең жоғары. 2022 жылғы 1 қаңтардан 20 мың

АЕК-ті немесе 153,1 мың долларды құрайды. Бұл межеден асып кетіп, ҚҚС төлеу үшін кәсіпкерлер төл бизнесін бөлшектейді. Мысалы, бір дүкендер желісінің қаланың әр бөлігіндегі бөлімшелері жеке компания ретінде тіркеледі.

Осы орайда бас экономистің командасы қосылған құн салығының ставкасын 12%-дан 16%-ға дейін көтеруді, ал оның жоғарғы шегін, керісінше, түсіруді ұсынып отыр.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда ҚҚС ставкасы 28%-ды құрады. Жылдар өткен сайын ол төмендеді. Мұндағы мақсат — тауарлардың, қызметтердің «көлеңкелі» айналымын қысқарту, сөйтіп, салық жиналатын базаны арттыру болатын. Ол сенім ақталмады. Әлемдік тәжірибеде тек әлеуметтік маңызы бар және «сезімтал» тауарлар өндірісі үшін ғана

сараланған, жеңілдікті ставкалар қолданылады», — деп түсіндірді Ұлттық экономика министрлігі.

Ведомство корпоративтік табыс салығының (КТС) ставкасын да көтеруге ниетті. Министрлік мамандарының айтуынша, Қазақстанда табысқа салық салудың бөріне бірдей, жалпақ шкаласы қолданылады. Мәселен, КТС-тің жалпы ставкасы — 20%.

Министрлік мамандары табыстылығына қарай әр саладан әртүрлі КТС жиналуы керек деген ұстанымда. Яғни, экономика салаларына байланысты салық ставкаларын сараламақ. Сонда экономиканың кейбір секторлары, мысалы, қаржы

бойынша экономиканың басымдыққа ие секторлары, лизинг, білім беру, медицина және қызметтің өзге де желеленген түрлері салықтық жеңілдіктерді қолданады.

Салдарынан, қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың айтуынша, биылғы 8 айдың қорытындысында республикалық бюджетке небары 8,3 трлн тенге түсіп, жоспар 89%-ға ғана орындалды. Яғни, сарапшылардың пікірінше, қолға алынған реформаның басты бір мақсаты — бюджетке түсетін салықты арттыру болса керек.

АЗАМАТТАРДЫҢ 900-дей ЖЕКЕ ҰШАҒЫ БАР

Үкімет осы реформа аясында бұрыннан жыр болған «салтанат салығын» енгізуге тырыспақ. Бұл салық мысалы, удай қымбат ішімдіктерге де салынуы мүмкін. Мәселен, кейбір тойда бір шишасы 8 миллион тенге тұратын шарап құйылғанын әлеуметтік деңгейі жұрт аузынан суы құри әңгімелеп жүр. Тиісті видеоайғақтар да бар.

Ұлттық экономика министрлігі мұны растады.

«Халықтың бай бөлігі халықаралық тәжірибеге сәйкес сәнді тауарларға жоғары салық төлеуі керек. Атап айтқанда, елімізге биыл 0,70 литрлік бөтелкесі 5 млн 995 мың тенге тұратын MACALLAN 50YO вискиі, 4 225 131 тенге сомасына Cognac Remy Martin Louis XIII коньяті, бір шөлмегі 888 929 тенгеге бағаланатын Chateau Petrus шарарабы әкелінді. Сондай-ақ, шетелден 15 данасының құны 143 100 тенге болатын Soniba сигаралары, 40 данасының бағасы 120 000 тенгеге құрайтын Don Antonio Churchills сигаралары тасылды. Қазақстандықтардың меншігінде салтанатты яхталар, жеке ұшақтар бар. Мысалы, Қазақстан азаматтарының меншігінде 490 яхта, компанияларының меншігінде 176 яхта, жеке тұлғалардың меншігінде 248 ұшақ, заңды тұлғалардың меншігінде 665 ұшақ бар», — деді Ұлттық экономика министрлігінің мамандары.

Олар қарапайым қазақстандықтармен бірдей ставкада ғана жеке табыс салығын төлей салады. Мемлекеттің байлықтан ықылық атқан олигархтан тиынның тынға жалғаған пошташымен бірдей мөлшерде салық жинауы әділдік пе?

Жаңа салық кодексі тек 2025 жылы күшіне енеді деп жоспарланған. Бірақ онда ҚҚС және басқа салықтардың артуы мүмкіндігіне бизнесмендер қазірден алаңдай бастады. Бизнес әрине, салықтың оффшорлардағыдай неғұрлым аз болғанын қалайды. Сондықтан әлемдегі ең аз ҚҚС ставкасын көтеруге негіз жоқ дейді. Олардың ортақ пікірін «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының басшысы білдірді.

«Бізге Үкімет ставканы көтеруге түрткі болған дәйектер мен негіздерді дұрыстап ұсынсын. Қазіргі аналитикасы азық етеді. Бұл ҚҚС не үшін көтеріліп жатқанын түсіну үшін керек. Алдын ала есептеуіміз бойынша ҚҚС ставкасын көтеру инфляцияға соқтырады, сондай-ақ нақты мәнде ЖІӨ-нің өсу қарқынын жылына 1%-ға төмендетеді. Бұл жайт Мемлекет басшысының ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайту туралы тапсырмасын орындауға қауіп төндірді. Кәсіпкерлердің басым бөлігі ҚҚС мөлшерлемесін көтеруге қарсы», — деді «Атамекен» ҰҚП басшысы Райымбек Баталов.

Әйткенмен, неге ставканы жоғарылату осындай ауыр салдарларға соқтыратынын ұлттық палатаның өзі де егжей-тегжейлі түсіндіріп, сараптамасын ұсынбады.

Салық саласының маманы, Angels Niko Advisory консалтинг компаниясының басшысы Вера Капацкина ҚҚС және басқа салықтарды арттыру тауарлардың қымбаттауына түрткі болады деп отыр. Сондықтан жаңа салық кодексі мен салық реформасы айналасында қызу қызылқырлармен айтыс-тартыс тек өрби беретін түрі бар.

Бір аптаның ішінде дәрігерлер мен науқастардың жақындары арасында екі бірдей жанжал болды. Соңғы жылдары ақпарат көздерінен мұндай келеңсіз көрініс жайлы жиі оқитын болдық. Тіпті, адам өміріне араша болуға міндет алған ақ халаттыларға науқастардың жұдырық жұмсағаны былай тұрсын, жұмыс уақытында жазым етіп, жарық дүниемен қош айтысуына себепкер болып жатыр. Шындығында да, дәрігер мен науқас арасындағы жанжалдың жиілеуіне не себеп?

Дәрігер

ҚАУІПСІЗДІГІ

Халық денсаулығынан маңызды ма?

Жадыра МҮСІЛІМ

Осы күні медицина қызметкерлеріне көңілі толғандардың қарасын кездестіру қиын. Ақ халаттыларды аяусыз сабап, жедел жәрдем қызметкерлеріне жұдырық ала жүргізгендер жайлы ақпараттан да көз сүрінетін болды. Мәселен, жақында Талғар қаласындағы аудандық ауруханада әкесінің қайтыс болғанын естіген ұл-



дары дәрігерді жансақтау бөлімінен бір-ақ шығарды. Оның артын ала бере әлеуметтік желіде ер адамның медицина қызметкерлеріне былғапты сөздер айтып, кейін дәрігерлерге шабуыл жасағаны түсірілген видео таралды. Мұндай жағдай бірінші рет болып тұрған жоқ. Өкінішке қарай, ауруханадағы айқай-шудың арты ажал күшпен аяқталып та жатыр. Есте болса, 2018 жылы Ақтөбеле белгісіз біреулер емхана дәрігерін жұмыс орнында өлтіріп кеткен. Қостанайдағы травматологиялық диспансердің дәрігеріне дер кезінде алғашқы көмек жасамалы деп пациент жұдырық жұмсап, денсаулығына зиян келтірген еді. Ал былтыр Алматыда бұрынғы емделушісі кек алу мақсатында гастроэнтеролог дәрігер Юрий Шумковты аңшылық қарумен атып өлтірді. Был да Карасай ауданында медбикені пышақтап өлтірген науқастың әрекеті жұрттың жағасын ұстаты.

ҚАТЕЛІГІН КҮШПЕН ЕМЕС, ЗАҢМЕН ШЕШКЕН ДҰРЫС

Соңғы оқиғалардан кейін күні кеше Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Гүлара Нұримова медицина мамандарының мәртебесін заңмен бекітуді сұрап депутаттық сауал жолдады. Бұл заң жобасы заң шығарушы органның алдына бұрын да барды. Алайда ол кезде депутаттар құжатты кері қайтарған. Өйткені заңда ақ халаттылардың мәртебесін өсіру тек қауіпсіздігін қорғауға емес, абайсыздығы мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті ізгіленді-

ріп, дәрігер тарапынан жіберілген қателік үшін өтемақыны сақтандыру қоры арқылы төлету нормасы ұсынылды. Мұндай өзгеріс туралы естіген халық дәрігердің қателігін дәлелдеу қиын қоғамда міндетіне немқұрайлы қарайтынның қатары артып кетеді деп байбалам салды. Олай деуге себеп те жоқ емес. Дегенмен кез келген жағдайда адам баласына қол көтеріп, денсаулығына зиян келтіруді ақтауға тағы болмайды.

Депутаттың сөзінше, медицина мамандары өлім туралы хабар психологиялық және эмоциялық көріністерді тудыруы мүмкін екенін түсінеді, бірақ дәрігерлер құдіретті күшке ие емес екенін ұмытпау керек. Өкінішке қарай, дәрігердің тәжірибесі мен мәртебесіне қарамастан, алдын алуға болмайтын жағдайлар мен процестер болатынын айтқан Гүлара Нұримова: «Күнделікті өз жұмысында дәрігерлер дәрежелікке, қорлауға және туыстарының агрессивті жиі шабуылдарына тап болып жатады. Мысалы, үнсіз қалуды немесе жұмыстан шығуды жөн көретін басқа медицина қызметкерлері туралы қоспағанда, тек Алматы облысында жедел жәрдем қызметкерлеріне 12 рет шабуыл жасалған», — дейді. Медицина қызметкерлеріне сыртқатарды туыстары мен пациенттердің зорлық-зомбылық көрсетуі қалыпты жағдайға айналып бара жатқанын айтқан депутаттан жұдырық ала жүгірудің себебін сұраған едік. «Оның бірнеше себебі бар. Мәселен, науқастардың дені медициналық көмекке өте кеш жүгінеді. Мұндай

кезде дәрігерлер ештеңеге көмектесе алмайды. Инсульт, инфаркт секілді жедел төтенше жағдайларда медициналық көмектің тиімділігі уақытқа байланысты болған кезде, есеп бірнеше минутқа созылғанда да туыстары дәрігерлерді жазғырады. Сондай-ақ науқастың ауырлық дәрежесін бағалау мамандарының медициналық көмектің уақытылы көрсетілуі, медицина қызметкерінің біліктілігінің төмендігі, науқастың өліміне әкеп соқтырған терапияның жеткіліксіздігі де қол көтеруге алып келетіні рас. Оған медицина қызметкерлерінің дәрежелігін де қосып қойыңыз. Осының бірі кейде науқас пен туыстарының физикалық зорлық-зомбылық жасауына алып келеді. Қайткен күнде дәрігердің әрекетсіздігін күшпен емес, заңмен шешкен дұрыс», — деп отыр Гүлара Алданышықызы.

Депутат бірнеше жылдан бері сөзбұйдағы салынып келе жатқан медицина қызметкерлерінің мәртебесін айқындайтын құжатты қабылдау қажеттігі кезек күттірмейтінін айтады. Оның ішінде медицина қызметкерлеріне лайықты еңбекақы төлеу мен қилымстық жауапкершілігін ізгілендіру, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде қол сұғылаушылығын қамтамасыз етіп, дене жаракатын келтіргендерге жауапкершілікті арттыру маңызды. «Олардың жұмысы құтқарушылар мен полицейлер секілді үнемі үлкен психоэмоциялық және физикалық белсенділікті талап етеді. Алайда медицина мамандарының жұмысы

күрделілігі мен қауіптілігі жағынан аз ерекшеленеді. Олар науқастың ауруларын өздері арқылы өткізеді. Науқас үшін алаңдайды, ұйқысыз және мазасыз түндерді жұмыстан тыс уақытта да өткізеді. Өйткені бірде-бір медицина қызметкері науқастың өлгенін қаламайды. Төтенше жағдайдың өзінде науқасты құтқаруға тырысады. Алайда олардың өздеріне шабуыл жасау жағдайлары көбейіп келеді. Осындай кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қолданыста заң жоқ», — деп қынжылады депутат.

ҚАДР ТАПШЫЛЫҒЫ ҚОЛДАН ЖАСАЛДЫ

Соңғы жылдары медицина мамандарының жалақысы көтеріліп, жұмыс уақыты қысқартылды. Соның арқасында бейінді мамандардың дені түске дейін тегін қызмет етсе, түстен кейін ақылы қызмет көрсете алады. Соған қарамастан күніне үш сағат науқас қабылдайтын дәрігерлерге сұраныс жоғары. Өйткені жеті жылын оқуға

күзметкерлері пациенттер мен олардың туыстарының агрессиясынан мүлдем қорғаныссыз. Жедел жәрдем, емхана мен ауруханалардағы медицина қызметкерлерінің жұмыс орнындағы қауіпсіздігіне кепілдік берілмеген. Жүргізілген әртүрлі сауалнама нәтижесінде дәрігерлердің жартысынан көбі пациенттердің немесе олардың туыстарының тарапынан қосқан-лоқы тыңдаған, әрбір бесінші қызметкер кем дегенде бір рет пациенттердің шабуылына ұшыраған. Десе де, медициналық көмектің сапасына қатысты сын да толастамай отыр. Өкінішке қарай, дәл осындай науқастардың арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі медициналық көмекке қанағаттанбағанын көрсеткен. Оның ішінде материалдық-техникалық базаның сапасы, кадрлармен қамтамасыз етудің төмендігі де жиі айтылған. Мұның бәрі медицина қызметкерлеріне деген сенімсіздікті тудырады, соны агрессияға айналды. Сондықтан медицина мамандарының мәртебесін өсіру үшін саладағы өзекті мәселелерді толық шешіп алған дұрыс. Осылай деген Салтанат Мұқанбетпақызы «Медицина қызметкерлеріне жасалған шабуылдың көбі қызмет бабында болады: науқасқа жедел жәрдем көрсетуге барғанда немесе дәрігер қабылдауына келгенде. Сондықтан қызмет бабындағы ақ халаттының қауіпсіздігі шет елдердегідей қамтамасыз етілуі керек» деген ойын жеткізді.

Денсаулық сақтау министрлігі дәрігердің немқұрайлығы салдарынан науқас көз жұмса, отбасына 1 000 АЕК мөлшерінде өтемақы төленбей. Министрлік тиісті заңнаманы өзгерту мақсатында арнайы сақтандыру қорын құруды ұсынып отыр. Ең қызығы, өтемақы алған емделуші сотқа шағымданып, байтыны туралы құжатқа қол қойып тиіс. Осылайша, адам өліміне себепкер болған ақ халаттының бас бостандығынан айыруды бас бостандығын шектеумен шегеледік. Сонда адам өміріне жауапты сәтте қателік жасаған дәрігердің жазасы өтемақымен ғана шектелуі тиіс көрінеді. Мұндай заңмен дәрігерлердің мәртебесін көтеріп, қорғап алдық делік. Ал науқастың құқығын кім қорғайды? Мәселен, абайсызда адам қағып кеткен жүргізуші сотталғанда, дәрігерге өтемақы төлеп, құтылып кететін мүмкіндік бергеніміз қаншалықты әділ болмақ? Себебі медицина саласындағы қылмыстарды қылмыссыздандырудың салдарынан дәрігерлер жіберетін қателіктер қазірдің өзінде жиі түзетіле бермейді. Оң жағдайдың біреуінде ғана дәрігердің қателігін дәлелдеу мүмкін болады екен. Оның өзінде бірнеше қайтара арыз жазып, әр есікті қағумен ғана әділдікке жету мүмкін. Ал көп жағдайда ақ халаттылардың абайсыздығынан бұрын, әрекетсіздігінен денсаулығын жоғалтып, өмір бойы мүгедек болып қалғандар көп. Соңғы жылдардың өзінде өз ісіне жүрдім-бардым қараған мынанан аса медицина саласының маманы жауапкершілікке тартылса, жыл сайын кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 300-ге жуық іс қозғалды. Сондықтан заңгерлер де дәрігердің қауіпсіздігін халықтың денсаулығын есепінен көтеруге қарсы.

Медицина қызметкерлеріне жалғыз шабуыл көбейді. Бірақ медицина мамандарының жұқарысыздығына қарағанда дәрігер қателігінен зардап шеккендер жетерлік. Сондықтан әлемдік тәжірибеге сүйеніп, денсаулық сақтау саласы мамандарының қауіпсіздігін күшейтіп, қателігіннен сабақ алатын жауапкершілік жүктеген жөн бер дерсін. Ол үшін сарапшылар айтпақшы, өркениетті елдердегідей ақ халаттылар жіберген абайсыздық пен әрекетсіздіктің аражігін ажыратып, қылмыс дәрежесіне баға беретін тәуелсіз медициналық кеңес жұмысын қолданысқа енгізу де күн тәртібінде қаралуы керек.

НАУҚАСТЫ ҚҰҚЫҒЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

Мәслихат депутаты Салтанат Мұқанбетпақызы осылай деп отыр. Оның сөзінше, қазіргі медицина

2022 жылдың 11 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды тапсырған болатын. Осыдан кейін Қазақстан халқына қоры құрылды. Қорды құрудағы мақсат — денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында мемлекеттік қолдау шараларынан тыс қосымша қайырымдылық көмек көрсету. Елімізде осы қордың көмегімен бірнеше әлеуметтік нысан бой көтеріп, мұқтаж жандарға көмек берілуде.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Батыс Қазақстан облысында ауыр дертке шалдыққан 5 азаматқа 1,1 млрд тенгеден астам сомаға дәрілік заттар алынған. Бұл қордың ең ірі бағдарламасы — өмірге қауіп төндіретін және сирек кездесетін аурумен ауыратын науқастар үшін дәрілік препараттарды сатып алу қағидасы бойынша жасалған жұмыс. Ал екі науқас Ресей мен Түркия еліне жолдамамен ем алуға жіберілді. Олардың еміне деп қордан 26,8 млн тенге қаржы төленген. Бұдан бөлек Орал қаласындағы облыстық көпбейінді балалар ауруханасына 66,2 млн тенгеге медициналық жабдыктар сатып алу жоспарлануда. Бұл туралы «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Диас Бейсенбек мәлімдеді.

ІГІ ЖОБАНЫҢ ШАПАҒАТЫ КӨП



Бұдан бөлек БҚО-да алты адамға 44,1 млн тенгеге протез алынған. Ал 241,2 млн тенгеге Ақжайық орталық аудандық ауруханасы базасында І оналту орталығын ашу жоспарланып отырған көрінеді.

«Қазақстан халқына» қорының негізгі бағыты — денсаулық сақтау, білім беру бағытында қолдау көрсету.

Қордың тағы бір негізгі басым бағыттарының біріне білім беру ұйымдарына қаржылай қолдау көрсету жатады.

— Қордың «Болашақ инженерлер» бағдарламасы шеңберінде биыл ауылдық елді

мекендерде орналасқан 12 мектепке «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры атынан робототехника құрылғылары алынып, үйірмелер ұйымдастырылуда. «QH Болашақ инженерлер монокалаларда» бағдарламасы шеңберінде Ақсай қаласының №1, 3, 7, 8 мектептерін робототехника құрылғыларымен қамтамасыз ету жоспарлануда, — дейді БҚО Білім басқармасының басшысы Айгүл Мынбаева.

Бұдан бөлек, осы жоба шеңберінде Бобыл Бөкей ордасындағы Мұхамед-Салық Бабажан атындағы жалпы

орта білім беретін мектепті, Жәнібек ауданындағы Т.Жароков атындағы жалпы орта білім беретін мектепті, Сырым ауданындағы Қ.Мырзалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектепті жабдықтау жоспарланып отыр. Бұл білім беру ұйымдарында ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлінген. Қазір екі мектепте жөндеу жұмыстары басталып та кеткен.

Қазақстан халқына қорының арқасында «Жаздық сауықтыру және демалыс жолдамасы» әлеуметтік жобасы аясында 895 бала Еуразия туристік сауықтыру кешенінде демалған.

— Алдағы жылдары облыстың білім саласына қатысты 4 жоба ұсынып отырмыз. Бұлар — ауылдық елді мекендердегі 24 мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту, мектептердің спорттық құрылғыларын жаңарту, мектеп автобустарын сатып алу, саз мектептерінің музыкалық аспаптарын жаңарту. Қор есебінен қаражат бөлініп, аталған жобалар жүзеге асса облыстың білім саласының дамуына елеулі үлесін қосар еді, — дейді білім басқармасының басшысы Айгүл Әділгерейқызы.

Бұдан бөлек, 2022-2023 оқу жылында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 2 мыңнан астам студент білім беру гранттарының иегері атанған. Соның ішінде БҚО бойынша төрт студент Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде, 25 студент Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде, 74 студент М.Өтемі-

сов атындағы Батыс Қазақстан университетінде, 6 студент М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінде оқиды.

— Жастарды спортқа баулу, бұқаралық спортты дамыту мақсатында қордың көмегімен спорт кешендері көптеп салынып болады. Бір ғана Батыс Қазақстанның өзінде Ақсай қаласында, Ақпәтер, Дарьинск, Бұлан, Қарауылтобе ауылдарында бес спорт зал ашылды, — дейді «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Диас Бейсенбек.

Қордың қайырымдылық жобалары мен бағдарламалары қоғам өмірінің маңызды салаларына айтарлықтай өсер етіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айының басында ғана «Қазақстан халқына» қорының төрағасы Болат Жәмішевті қабылдады. Сол кездесуде қор төрағасы осы күнге дейін жасалған жұмыстар туралы баянлады.

Болат Жәмішевтің айтуынша, қор Базаматтарымыздың денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларындағы негізгі мәселелерін шешуге бағытталған жалпы сомасы 146,5 млрд тенге болатын 40-тан астам қайырымдылық бағдарлама мен жобаны қаржыландырады. Сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетіледі. Қордың бағдарламалары ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларға басымдылық бері отырып, еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылады.

Батыс Қазақстан облысы

Осыдан бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының жанынан «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы құрылған болатын. Мекеменің қазіргі стратегиялық бағыты мен алғашқы пилоттық жобалары туралы орталықтың бас директоры Төлеген Орашевпен сұхбаттастық.



Төлеген
ОРАШЕВ:

ӨНДІРІСТІК ТЕХНОЛОГИЯ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ЕРЕКШЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

— Білдімше, «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы 2022 жылы құрылған болатын. Қазір орталық алға қадам басып, бойын тіктей бастағаны рас. Осы бір жыл ішіндегі бастамаларыңыз жөнінде айтып өтсеңіз?

— «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылды. Мұндағы негізгі мақсат — ел экономикасының негізгі күре тамыры болып келетін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның құрамына кіретін ірі ұлттық компаниялардың басын біріктіре отырып, олардың ғылыми әлеуетін, ғылыми мүмкіндіктері мен басымдықтарына негіз беретін орталық болып құрылды. Алдағы жоспарларымыз да өте ауқымды. Сол мақсатта қазір бірнеше тұжырымдаманы әзірлеп, тиісті органдармен бекіту керектігі талқылануда. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на еншілес ұйымдар бойынша сараптамалар жүргізіп, қайсысына қандай тиісті жұмыстар жүргізу керектігін зерделеп шықтық. Одан бөлек, ғылыми әлеуетке жұмсалатын қаражат мәселесі де талқыланп, нақты бір шешімдерге келу үстіндеміз. Мемлекеттік деңгейдегі ірі кәсіпорындармен жұмыс істеп отырғандықтан, тиісінше әр бастаманың өзі ауқымды болып жатқаны да шындық.

Тағы бір айта кететіні, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на еншілес ірі компаниялар, әсіресе жер қойнауын пайдаланушы «Тау-Кен Самұрық» Ulltuq тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ сынды мекемелер өздерінің табысының 1 пайызын ғылым мен технологияны дамыту саласына жұмсап отырады. Әрине, ол қаражат бұған дейін түрлі министрліктер мен ғылыми әлеуеті бар мекемелер негізінде жүзеге асып отырды. Ендігі кезекте біздің орталық сол компаниялардан бөлінетін 1 пайыздық мөлшерлемедегі қаражатты аталмыш кәсіпорындардың өзінің ғылыми әлеуетін жақсартуға бағыттайтын болады.

— Демек, ендігі жерде жоғарыда айтылған және өзге де аты аталмаған еншілес компаниялар ғылымды дамыту бағытын «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығына сеніп тапсырады дейсіз бе?

— Негізінде солай болып отыр. Ен алдымен, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» тобына жататын компаниялардың барлығына сараптама жасап шығамыз. Содан кейін барып, қай мекемеге қандай қажеттіліктер туындауы мүмкін немесе қажет екенін саралаймыз. Ол қажеттілік алдағы уақытта ел экономикасына қандай пайда әкеледі деген сынды ірі көлемде сараптамаларды жасайтын боламыз. Сондықтан арнайы мамандар мен сарапшылар тобы жасақталу үстінде. Ол үшін біз қазіргі уақытта ғылым мен бизнестің өзара әре-

кеттесуінің халықаралық жүйесін зерттеп жатырмыз. Компанияның алдағы жылдарға арналған даму стратегиясын әзірлеу және бекіту бойынша белсенді жұмыс жүргізілу үстінде. Сонымен қатар ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландырудың жаңа ережелерін әзірлеуге белсенді түрде қатысудамыз.

— ҒЗТҚЖ қаржыландырудың жаңа ережелері қандай болмақ? Бұл жобаға қандай түзетулер енгізілуде?

— Бүгінде Ұлттық мемлекеттік ғылыми-технологиялық сараптама орталығын тарта отырып, міндетті ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді көздейтін ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды іріктеу мен қаржыландыру жүйесін құрдық. Ғылыми-техникалық сараптаманы мемлекеттік технологиялар ұлттық орталығы бірнеше сарапшыларды, соның ішінде шетелдік мамандарды тарта отырып жүргізеді. Ғылыми-техникалық сараптамадан басқа қаржылық сараптама қарастырылып отыр. Оның мақсаты — белгілі болған шығындардың негізділігін бағалау болып табылады. «Самұрық-Қазына» қорының ғылыми-техникалық қенесі бұл тұрғыда құрамына ғылыми қоғамдастық пен өндіріс өкілдері кіретін, қаржыландыруға өту негіздемелерін алған жобаларды бекітетін болады. Жобаны іске асыру бойынша ҒЗТҚЖ нәтижелерін Мемлекеттік ғылыми-технологиялар ұлттық орталығында міндетті тіркеу жұмыстары қамтамасыз етілетін болады. Осылайша, әркез жасалып жатқан жұмыстар қызметінің қорытындылары бойынша, Министрліктің жанындағы Ғылыми-техникалық қенесіне есеп беріліп отырады.

Ережелер мәселесін қорытындылай келе, осы жерде «Самғау» орталығы құрған қаржыландыру тетігі ғылым мен технологияны дамыту саласындағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тәсілдеріне сәйкес екендігін атап өткім келеді.

— Дұрыс-ақ. Ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырудың жаңа ережелері толықтай бекітілген бойда ғылым мен өндірістік бизнес толық қуатта жұмыс жасауы үшін тағы не қажет болуы мүмкін?

— «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығының басты міндеттерінің бірі — бұл процесті ашық, инновациялық және біркелкі шоғырландырылған жүйе ету.

Қаржыландыру ашылған кезде әрбір ғылыми жоба іске асырудың әр кезеңінде мүкijat қадағаланатын болады. Әрі жұмсалған қаражатқа есеп беріледі. Нәтижесі қазақстандық және халықаралық сарапшыларды тарта отырып бағаланады. Барлық мүдделі тұлғаларға ыңғайлы болу үшін жақын арада әр кезең цифрландырылып,

арнайы портал іске қосылады. Қазір «Самғау» ҒТБО «Самұрық-Қазына» компаниялар тобына кіретін кәсіпорындарды инновациялық және технологиялық диагностикалау бойынша шағын пилоттық жобаны іске қосып жатыр.

— Пилоттық жоба туралы айтып берсеңіз. Бұдан қандай нәтиже күтуге болады?

— Инновациялық және технологиялық диагностика кәсіпорындардың технологиялық мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, олардағы мәселелерді шешу үшін ғылыми-зерттеу ресурстарын тарту, ғылым мен өндірістің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету және инновациялық технологиялар трансферті тағы бар. Ол үшін әріптестеріміз ұйымдардың ғылыми-техникалық, кадрлық, материалдық-техникалық әлеуеті туралы жалпы ақпарат алу мақсатында кәсіпорындарға барып қызметкерлер арасында сауалнама жүргізді. Сауалнамаға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының» 11 портфельдік компаниясының 94 ұйымы қатысады. Нәтижесінде, «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы кәсіпорындардың инновациялық-технологиялық диагностикасы бойынша пилоттық жобаны жүргізудің бірқатар бағытын айқындап алмақпыз. Енді осыған сай Қазақстанның жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының өкілдері арасынан тиісті сарапшыларды да анықтап алып отырмыз. Демек, арнайы тартылған мамандар мен шетелдік сарапшылардан бөлек, отандық ғылым саласындағы мамандар тобын жасақтаудамыз. «ҚазМұнайГаз» АҚ келісімі бойынша пилоттық режимде инновациялық-технологиялық диагностиканы жүргізудің алғашқы аяны «ҚазақОйл Актөбе» компаниясы болды. «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығының қызметкерлері шақырылған сарапшылармен бірге кәсіпорын қызметімен танысып, өндірістік процестердің ерекшеліктерін зерттеп, кәсіпорынның технологиялық міндеттерін анықтады. Енді «ҚазМұнайГаздың» еншілес кәсіпорны «Қазактүрікмұнай» компаниясында инновациялық-технологиялық диагностика жүргізбекпіз. Сондай-ақ мұнда кәсіпорынның бар технологиялық ресурстары мен процестеріне, деректерді басқару және өндіріс процесіне әсер етуі мүмкін басқа факторларға егжей-тегжейлі талдау жасаймыз. Содан кейін ғана ғылыми ұйымдарды қажетті технологиялық мәселені шешуге тартамыз. Бұл жұмыстардың барлығы ел экономикасының дамуына және өндірістегі ғылымның өрлеуіне үлесін зор болатындығына сенімім мол.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Бердібек ХАБАЙ

ҚАЗАҚША ОРТАЛЫҚ АШҚАН КРИСТИНА

Қарағанды облысында кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру жалғасуда. Бағдарлама аясында мемлекеттік грант алып, кәсібін дөңгелеткендер саны артқан. Биыл осы мақсатта 191 грант беру үшін 263,58 миллион теңге қаражат бөлінді. Грант мөлшері — 1 380 000 теңге. Бүгінде грантқа қатысушылардың бизнес-жобаларын қарау жөніндегі қалалық және аудандық комиссияның шешімімен 148 адамға жалпы сомасы 204,2 миллион теңге грант берілген. Қарағанды қаласындағы мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкермен тілдесудің сәті түсті.

Қазақ тілінде оқытатын ерекше балаларға арналған АВА-терапия кабинетін ашқан Кристина Вороновская мемлекеттік грант бұрыннан ойда жүрген ісін ашуға септігін тигізгенін айтады.

— Мен өзім ерекше баланың анасымын. Қарағанды қаласында аутизм диагнозы бар балаларды қазақша оқытатын арнайы орталық болмағандықтан кейін кабинет ашсам деген ой туындады. Алғашында «Бизнес бастау» курсынан өтіп, сертификат алдым. Бизнес-жобамды жасап, мемлекеттік грант алуға өтініш бердім. Жобам грант иегері атанып, 1 380 000 теңге қайтарымсыз қаражат алдым. Грант алу маған оңай болды. Өйткені бұл саланы ұзақ зерттедім. Талдау жасадым. Баламды жетелеп, Қарағандыдағы аутизм дерті бар балаларды оқытатын барлық орталықты аралап шықтық. Төрт жылдай уақытым сонымен кетті. Бірақ барған орталықтардың барлығы да орыс тілінде болды. Қазақ тілінде оқытатын орталықты маусым айында аштым, сол уақыттан бастап осы арнайы кабинетте жұмыс істеп жатырмын. Бүгінде мұнда 10 бала оқиды. Әр балаға жеке уақыт бөлемін. Күніне бір бала 2-3 сағат тәлім алады. Кабинетті жалға алып отырмын. Ата-аналар оқу қаржысын төлеп тұрады. Бір үйде екі ерекше баласы бар болса, тегін оқиды. Бұл жобаның мен үшін тиімділігі зор. Мен басқа балалармен қатар өз баламды да оқытып, жетілдіріп жатырмын. Екі-үш айдың өзінде біраз жетістікке жеттік, — дейді Кристина.

Мемлекет берген грантқа Кристина кабинетке керекті жабдықтар сатып алған, ал оқу құралдарына өз қаржысын жұмсаған.

— Бұл кәсіпті кеңейтіп, кабинетті арнайы орталыққа айналдырсам деген де ойым бар. Сол үшін тынбай еңбек етіп жатырмын. Қазір ерекше балалары бар екі ана АВА-терапевт мамандығы бойынша білім алуда. Арнайы оқуды бітіргеннен кейін әлеуметтік кәсіпкер ретінде менің қарамағымда жұмыс істейтін болады, — дейді кәсіпкер.

Биыл кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру үшін Қарағанды облысы бойынша 191 грантқа 263,58 миллион теңге қаражат бөлінді.

— Осы уақытқа дейін 148 грант иесін тапты. Алдымызда үшінші лек тұр. Онда 55 грант беру жоспарда. Гранттар кестесіне сәйкес, business.enbek.kz. порталында өтінім қабылдау 2023 жылдың 11 қыркүйегінен 22 қыркүйегіне дейін жүргізілді. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға конкурстық негізде беріледі. Ол санатқа атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасылар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке жарамсыз көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар адамдар, мүгедек баланы тәрбиелеп отырғандар жатады. Үш жылдан аз уақыт жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер де мемлекеттік қолдауға ие бола алады, — дейді Қарағанды облысы бойынша Еңбек мобилділігі орталығының бөлім басшысы Фараби Мұхтаров.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



КӨҢІЛДІ АУЛАП, КӨЛІГІ ҚАУЛАП...

Соңғы кезде көлікті Армения, Грузия, Дубайдан тасымалдайтын делдалдар әлеуметтік желілерде қызметін жарнамалап әлек. Неге десеніз, ішкі нарықтағы сұраныстың көптігі соншалық, 10-20 жыл пайдаланылған көліктер де жылдам «иесін» тауып кетіп жатады. Өндіріс өзімізде де болғанымен, отандық өнеркәсіп мемлекеттің қыруар қолдауына қарамастан, ішкі нарықтың өзін толық қамти алмады. Тіпті, Үкімет қаржы бөлгенімен, автосалондар жеңілдетілген несиелем сатуға көлік таппай қиналғанын көрдік. Азаматтарымыз айлап кезекте тұрды. Қазір қытай автокөліктері қаптады деп қынжыламыз. Дегенмен қазақстандықтар нарықта қандай да бір ассортиментті пайда болғанына қуануда. Ал геосаяси ахуалдың әсерінен бос қалған ресейлік зауыттар нарыққа бейімделіп, қытайлық көліктерді құрастыруға көшті. Қазақстанның келесі қадамы қандай болмақ?

Камила ЕРКІН

2023 жылға қарай Қазақстанда он жылдан асқан машиналардың үлесі — 80%, 20 жылдан асқан машиналардың үлесі 56%-ды құрайды. Ал 3 жылдан аспайтын жаңа көліктердің үлесі небәрі — 8,2 пайыз. Jusan Analytics сарапшыларының зерттеуінде соңғы 20 жылда елдегі автокөліктер саны үш есе өскені айтылған. Мысалы, 2003 жылғы 1,14 миллионнан 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша 3,9 миллионға дейін жеткен. Рекордты көрсеткіш 2014 жылдың ортасында 4 млн данадан астам болып тіркеліпті. Бұл рубль доллар мен теңгеге қатысты әлсіреген түспен сәйкес келеді.

2010 жылға дейін Қазақстанда жыл сайын 2-3 мыңға жуық автомобиль өндірілді. Мұның өзі жалпы көлемнің 10 пайызына жетпейтін көрсеткіш болды. Одан кейінгі кезеңде нарық негізінен импорт есебінен толықтырылған. Әсіресе, 2006 және 2007 жылдары Германия мен Жапониядан келген пайдаланылған көліктер 400 мыңға төмендеді.

АРЗАН КӨЛІК ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

2008 жылы елге он рульді автомобильдерді әкелуге тыйым салынғандықтан, импорт екі есеге төмендеді. 2010 жылы Қазақстан Кеден одағына кіргеннен бастап «ескі» көліктерге салынатын кедендік баж айтарлықтай өсіп, он жылдан аса пайдаланылған автокөлік импорты тиімсіз бола түсті.

Сарапшылар 2014-2015 жылдардағы жағдайды ерекше атап өтеді. Бұл кезде рубльдің теңгеге әлсіреуіне байланысты Ресейден салыстырмалы түрде төмен бағамен екі есе көптеген жаңа және пайдаланылған машина әкелінді.

2016 жылы алғашқы тіркеу және кеденге жарату үшін төлем енгізілгеннен кейін Қазақстанға үш жастан асқан машиналарды әкелу өте қымбатқа түсті. Осыдан бастап Қазақстанның автомобиль нарығы негізінен отандық өндіріс немесе жаңа автомобильдер импорты есебінен толтырыла бастады. Сонымен қатар елде сапалы және арзан автокөліктердің тапшылығы пайда болды.

ҚАЙТАЛАМА НАРЫҚТА «КЕДЕНСІЗ» КӨЛІК КӨП

Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінше, 2006-2007 жылдары шетелден әкелінген көліктің орташа бағасы от 3-5,5 мың АҚШ долларына дейін өзгерген. 2008-2015 жылдары автомобильдер 15-20 мың АҚШ долларына дейін қымбаттады. Осы аралықта тіркелген машиналар саны да екі есеге жуық қысқарғанын көреміз, яғни он жыл ішінде импорттық көліктер 400 мыңнан 150-200 мыңға төмендеді.

Сарапшылардың айтуынша, қазақстандық автокөлік нарығы 2010 жылға дейін негізінен «ескі» машиналардан құралған. Дегенмен табиғи өскіруіне байланысты есептен шығарылған көліктерге қарамастан, жыл сайын тіркелетін автомобильдер саны азайды.

Қайталама нарықта сату және сатып алу бойынша келісімшарттардың 60%-ы он жылдан астам уақыт пайдаланылған автомобильдер болған. Сатуға қойылатын барлық автомобильдің шамамен 20%-ы немесе 500 мыңға жуығы кеденсіз, яғни басқа елдерде, негізінен ЕАЭО-та тіркелген. Қазақстанның қайталама нарығында кеден-



сіз қолданыста болған Toyota және Lada маркалы автокөлігі көп.

Сарапшылардың болжамына сәйкес, 2023 жылға қарай 10 жылдан асқан көліктер саны 9 пайызға артып, 80% болса, 20 жылдан асқан көліктер 6 пайызға артып, 56%-ға дейін жетуі мүмкін. The Jusan Analytics болжамына сәйкес он жылдан кейін нарықтың жартысынан көбін (54%) «ескі» шағын класты машиналар құраса, төрттен үш бөлігі (78%) «ескі» орта класты көліктерден құралады. Ал қолданыста 20 жылдан асқан кроссоверлердің үлесі 24%, жол талғамайтын көліктердің үлесі 54% болмақ.

ОТАНДЫҚ НАРЫҚТА ТОП ЖАРҒАНДАР

Қазақстандық автобизнес қауымдастығының мәліметтері бойынша, 2023 жылдың маусым айында жаңа автомобильдер сатылымы 15 мыңнан асты. Қазақстандық автокөлік дилерлік орталықтары арқылы 15 892 жеңіл автокөлік пен жеңіл коммерциялық техниканы, сондай-ақ 943 жүк көлігі мен автобусы сатылған. Бұл 2022 жылғы маусыммен салыстырғанда 41,2 пайызға көп. Жыл басынан бері барлығы 83 235 жаңа көлік сатылды, бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 60,2 пайызға артық.

Нарықтың барлық дерлік қатысушысы алғашқы жартыжылдықты сәтті аяқтап, сатылым бойынша он салыдо көрсеткен. Осылайша, 2013-2014 жылдардағы жаңа көліктерді сатудың рекордтық көрсеткіштеріне жақындады. Қауымдастықтың болжамы бойынша биыл барлық типтегі көлік құралдарынан кемінде 150 мың бірлігі сатылады.

2023 жылдың маусым айында сатылым бойынша топ жарған: Hyundai 4229 автокөлік (+67,2%), Chevrolet тиражи 4 042 бірлік (-1,5%), Kia — 2 502 автокөлік (+90,1%). Сонымен қатар осы жылдың алғашқы алты айында еліміздегі сатылымы бойынша ТОП-10 қатарына бірден 4 қытайлық автокөлік маркалары енген. Олар: Chery, Jac, Changan, Haval. Chery дилерлері 890 көлік сатты (+185,3%). Маусымның ең көп сатылатын бес брендін Jac — 808 бірлік (+164,1%) жабады.

Сарапшылардың айтуынша, Ресейдегі Volkswagen, Lada, Reno маркалы көліктерді шығаратын зауыттар жұмысын тоқтатқанын Қытайдың көлік зауыттары барынша ұтымды пайдаланып отыр. Өйткені олар тапшылық туындаған көлік нарығына өз өнімдерін жеткізіп, ішкі нарықта сұранысы әлсіреген «ескі» модельдегі қозғалтқышпен жұмыс істейтін көліктерін шетелдік нарыққа өткізуде.

Маусым айындағы ең танымал модельдер рейтингінде нарыққа жаңадан ұсынылған Chevrolet Onix бірден 1 396 бірлігі сатылып, екінші орынға шықты. Алғашқы орында әлі де Chevrolet Cobalt (1 947 бірлік), үшінші орында Hyundai Tucson (1 263 бірлік). 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ТОП-10 бастайтын Chevrolet, Hyundai, үшінші позицияда Kia, Chery, бесінші орында Toyota. Haval маркасы алтыншы орынға көшті, Changan жетінші орында. Әрі қарай қытайлық Jac пен Exeed маркасы орналасса, ондықты Lexus көліктері жабады.


Ал ең танымал ТОП-3 модель: Chevrolet Cobalt, Hyundai Tucson және Kia Sportage. Әрі қарай тізім бойынша: Chevrolet Nexia (3 697 бірлік), Hyundai Elantra (3 547 бірлік), Hyundai Santa Fe (3 262 бірлік), Hyundai Sonata (2 784 бірлік), Chery Tiggo 7 Pro (2 173 бірлік), Hyundai Bayon (2 137 бірлік) және Kia Sorento (2 034 бірлік).

Сонымен қатар қытайлық брендтердің нарықтағы салмағы айтарлықтай өсуде: биылғы жылдың мамыр айында олардың үлесі барлық сатылған жаңа автомобильдердің 19,5 пайызына жетті. Осылайша, қазақстандық нарықта 4-ші, 5-ші және 6-шы орын-


рып келді. Сарапшылардың айтуынша, әдетте мұндай модельдері тұтынушылық қасиеттер жиынтығына, техникалық сипаттамаларына, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарына байланысты Қытайдан тыс нарықтарда сертификатталмайды.

ҚЫТАЙДА КӨЛІК КӨП, «КЕМЕ» ЖОҚ

Аспан асты елінің көліктері елімізде ғана емес, әлемдік нарықта да айтарлықтай сұранысқа ие бола бастаған. Moody's агенттігінің мәліметтері бойынша, Қытай автокөліктерінің



Қазақстан автокөлік нарығында сатылған ТОП-5 бренд (2023 жыл, қаңтар-маусым)



дарды қытайлық Chery, Haval және Changan иеленді, ағымдағы жылдың мамыр айының қорытындысы бойынша сату көлемі 665, 626 және 517 автомобиль, 8-ші және 10-шы орындар Exeed (379 авто) және Geely (258 автомобиль).

Қазақстанның автонарығын талдау және мониторинг орталығының бас директоры Артур Мискарьяның пікірінше, қытайлық компаниялар Қазақстанда сатылымды арттыруды жалғастырады. Сонымен қатар, Қазақстанда төменгі емес, орташа баға сегментіндегі автомобильдер сатылатынын атап өтті: олар еуропалық және жапондық өндірушілерді шығарылған модельдерін алмастырады. Біздің нарықта арзан «қытайлық көліктер» жоқ. Ішкі нарықта кейбір жергілікті өндірушілер көп жағдайда арзан әрі шағын жиынтықтағы электрлі көліктер модельдерін ұсынады. ҚХР мұндай техникаға тұтынушылық сұранысты ынталанды-

жылдық экспорты 2021 жылы Оңтүстік Кореяны, 2022 жылы Германияны, ал биыл Жапонияны басып озбақ.

Financial Times басылымы бұл бетбұрыс еуропалық, америкалық, жапон мен оңтүстіккореялық компаниялардың үстемдігінен аяқталғанын білдіреді десе, The New York Times Қытайдың автокөлік экспортын шектеп отырған тасымал кемелерінің жеткіліксіздігі деп жазады. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, елдің автомобиль өнеркәсібіндегі терең құрылымдық проблемалар оның жаһандық нарықта үстемдік етуіне алғышарт болып отыр.

Қытай зауыттарындағы өндіріс пен жергілікті сұраныс арасындағы сәйкессіздік ішінара кәте болжамның нәтижесі дейді мамандар. Себебі нарықта ішкі жану қозғалтқыштары бар автомобильдер сұранысы күрт төмендеп, ал электромобильдерге деген қызығушылық керісінше арта түскен. Дегенмен барған сайын урбанизациялана

түскен ондағы қала халқы бірлескен жолаушылық сервистерді құп көріп, электр көліктеріне де сұраныс бөсеңдеген.

Қытайдағы Chrysler-дің бұрынғы басшысы Билл Руссо осы құбылыстың салдарынан елде автоөнеркәсіптің қуаттылығы жоғары зауыттары қажетсіз қалу қаупіне ұшырағанын айтады. Елдегі жеке секторды қолдаушы өнеркәсіптік саясат пен инвестициялар Қытайдың осы саладағы бәсекеге қабілеттілігін арттырғаны сөзсіз. Отандық өндірушілер, соның ішінде электр көліктер бойынша чемпион саналатын BYD қазір шетелдік автомобиль өндірушілерден асып түсіп, тіпті сыртқы нарықтарға назар аударма бастаған.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, жиназдан бастап тұрмыстық электроникаға дейінгі қытайлық тауарлардың жалпы экспорты 2023 жылдың алғашқы сегіз айында 5,5 пайызға төмендеді. Бірақ Қытайдың автомобиль өнеркәсібі үш жылдың ішінде экспорты төрт есеге арттырған. Биыл шілде айында Қытайдағы автомобиль экспорты 86 пайызға өсті.

Қытайдың көптеген тауарының экспорты құлдыраса да, шетелге тасымалданатын автокөліктер саны азаймай тұр. Керісінше, өз халқы бас тартып жатқан бензинмен жұмыс істейтін

1.		Chevrolet Cobalt	14851 *
2.		Hyundai Tucson	6868 ▲
3.		Kia Sportage	5398 ▲
4.		Chevrolet Nexia	3697 ▲
5.		Hyundai Elantra	3547 ▼
6.		Hyundai Santa Fe	3262 ▲
7.		Hyundai Sonata	2784 ▼
8.		Chery Tiggo 7 Pro	2173 ▲
9.		Hyundai Bayon	2137 ▲
10.		Kia Sorento	2034 ▲

2023 жылы сатылған ТОП-10 көлік моделі (Қазақстандық автобизнес қауымдастығының мәліметі)

автомобильдердің шетелдік сатылымы айтарлықтай өскенін атап өту қажет.

Жақында The New York Times Қытай автокөліктері экспортының одан әрі артуына тасымалдаушы кемелердің болмауы ғана тосқауыл болып тұрғанын жазды. Басылымның Қытайдағы репортеры Кейт Брэдшер соңғы кезде жергілікті халық арасында электрлі көліктерге деген сұраныс артқанын айтады. Қазір Джинлинг кеме жасау зауыты тәулік бойы жұмыс істеуде. Ал Янцзы өзенінің бойында орналасқан верфте 5000 немесе одан да көп көлікті бір уақытта тасымалдауға мүмкіндік беретін автомобиль кемелерінің флоты салынбақ.

Қытайлық автоөндірушілер Украинада соғыс басталғаннан бері автомобильдерді поныздармен тасымалдап-ақ Ресей нарығында үстемдік ете бастады. Сонымен қатар Азия, Аустралия, Оңтүстік Америка және Мексика нарықтарында ауқымды үлеске ие болды. Сарапшылар «Трамп дәуірінен қалған тарифтер АҚШ-тағы сатылымдарды тежесе, керісінше, тасымалдайтын кемелер жеткілікті болғандықтан, Еуропаға үлкен серпіліс жасайды» деген пікірде.

Аспан асты елі өз нарығындағы келеңсіздікті өзге түсінін тиімді пайдалана алған. Себебі ондағы қуаттылығы жылына шамамен 15 миллион ішкі жану қозғалтқышы бар автомобильдер шығаруға мүмкіндік беретін зауыттар, бүгінде шетелдерге 4 миллионнан астам көлік экспорттап отыр. Қытайда автобөлшектерге қажетті болат пен электроника арзан, бұл өндірушілерге айтарлықтай жеңілдік берді. Сонымен қатар жылдар бойы жергілікті өзін-өзі басқару органдары компанияларға тегін жер учаскелері мен нөл пайызға тең пайыздық несиелер және басқа да субсидиялар беріп келген. Нәтижесінде, қозғалтқыштары «ескі» модельмен жасалса да, сапасын жақсартып, технологиясын жетілдірген қытайлық автокөліктер халықаралық шараларда әлем назарын өзіне аударды.

Лондондағы VesselsValue кеме қатынасы туралы мәліметтер компаниясы қазір BYD және Chery сияқты қытайлық бренд көліктерінің барлық тапсырысын 170 автокөлік тасымалдайтын кемеге орналастырғанын жариялады. Бұған дейін еуропалық және сингапурлық жүк тасымалдау желілері Қытайда автомобиль экспорты өркендегенге дейін жылына төрт кемеге ғана тапсырыс берілген екен.

«ҚАРА АРХЕОЛОГТАРДЫ»

Ұлан-байтақ жеріміз ежелден Еуропа мен Азияны жалған жатқан көпір іспетті, түрлі мәдениет тоғысында орналасқандықтан, еліміздің әр өңірінде құнды жәдігерлер мен көне ескерткіштерді кездестіру қиын емес. Олардың әрқайсысы тарих үшін аса маңызды. Дегенмен осы тарихи құнды мұраларымызды қаншалықты сақтап, қорғай алып жүрміз? Мамандар соңғы уақыттары құнды жәдігерлерімізді тонайтын «қара археологтардың» көбейгенін жиі айтып келеді. Біз де осы мәселеге назар аударып көрдік.

Наурызбек САПША

Тарихқа көз жүгіртсек, еліміздегі археологиялық ескерткіштер адамның кесірінен жаппай бұзылудың мынадай бірнеше ірі сатысын бастан өткерген: Бірінші — патшалық Ресейдің казак даласын отарлаудағы басты құралы — казак отрядтары мен жаппай қоныстанған келісестердің казак даласында алтын іздеп, арнайы түрде обаларды шахталық әдіспен жаппай тонауы. Кейбір казак жасақтарының құрамында мыңға дейін адам болған делінген дерек бар. Осы XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың аяғында казак жасақтарынан тыс казак жеріне әртүрлі мақсатпен келген экспедициялар, сахатшылар ел мұрасын сұраусыз өкетіп отырған.

Екінші — кенестік кезеңдегі тың игеру уақыты. Жоспарды асыра орындау үшін қажетті, қажетсіз мақсатта жерлер жырттылып, бар-жоғы үш жылда елімізде мыңдаған ескерткіш мәдени ландшафтысымен бірге бұзылды. Бірақ бұл кезеңде Қазақстан бойынша археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 1960 жылы алғаш рет Қазақстанның археологиялық картасы жасалған еді.

Егемендік алып, етек-жеңімізді жия бастаған жылдарда археологиялық ескерткіштер жаппай бұзылу мен тонаудың үшінші ірі сатысынан өтуде. Бұл көрініс процесті дер кезінде тоқтатпасақ, келер ұрпақ алдында кешірілмес күнәға батаарымыз айдаян асы.

Жыл басында Парламент Мәжілісінің VII шақырылымының сол кездегі депутаты Макпал Тәжмағамбетова палатаның соңғы отырыстарының бірінде осы мәселені көтерген болатын. Онда ол өз кезегінде заңсыз археологиялық қазба жұмыстарының көбейгенін айтып, дабыл қаққан еді.

«Бүгінде ежелгі қорымдарға төніп тұрған қауіп өте көп. Бүкіл Қазақстан бойынша заңсыз археологиялық қазба жұмыстарының саны көбеюде. Оның ішінде «қара археологтардан» келетін залал жетерлік. Мысалы, Жетісу облысындағы Қапал қорығын, Маңғыстау облысындағы ескі қорымдарды қазып, барлық құнды бұйымды алған соң оларды ашық-шашық тастап кетіп жүр. Мамандардың айтуынша, мұндай заңсыз әрекеттермен археологиялық зерттеу жүргізуге лицензиясы бар кейбір ұйымдардың өздері де айналысатынын көрінеді. Ал еліміздің кәсіпкерлері Аркарлыдағы петроглиф таңбалары бар ежелгі тастарды үгітіп, құрылыс материалы ретінде пайдаланып жүр. Кейбір өңірлерде дикандар мен малшылар қорымның үстіне мал жайып, жер жырттып тастаған оқиғалар да жиі кездеседі. Тағы бір мәселе еліміздегі кейбір тарихи-мәдени нысан мемлекет тізіміне енгенге. Осылардың нәтижесінде археологиялық жәдігерлер еркін сауда айналымында жүр. Табылған ежелгі бұйымдарды көм көрінген емінеркін шетелдерге өкетеуде. Мұны бақылап жатқан ешкім жоқ», — деген еді. Сондай-ақ Макпал Мазакқызы өз сөзінде өңірлердегі тарихи мұраларды қорғау инспекциялары қауқарсыз болып отырғанын, өйткені тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйін қадағалауға қараушылар бекітілгенін айтып өтті. Алайда қараушылардың жұмысы, штаттық саны, төлем-ақысы, көлігі және жанармайы заңды түрде бекітілмеген екен.

«Мәдениет және спорт министрлігінде археологиялық зерттеумен айналысуға лицензиясы бар 176 серіктестік тіркелген. Археологиялық жұмыстарға арнайы мамандандырылмаған мекемелерге лицензиялардың жаппай берілуі салдарынан қаншама жауапсыздық болып отыр. Осындай жағдай тарихи және мәдени ескерткіштерді реставрация жасау кезінде де болып отыр. Мінеки, археология мен геральдика саласындағы атқарылар кешенді әрі жүйелі шаруаларды Үкіметтен күтіп жүргенімізде бар құндылықтарымызды анырылып қалар жағдайға жеттік», — деген еді ол.

«ҒЫЛЫМДА «АҚ», «ҚАРА» ДЕГЕН ТҮСІНК БОЛМАЙДЫ»

Осы ретте біз осы мәселені жиі көтеріп жүрген, археолог Айбар Қасенәлінің пікірін сұрадық.

ҚАЛАЙ ЖҮТЕНДЕЙМІЗ?



«Ең алдымен «қара археология» деген сөзді біз қолданбауымыз керек. Себебі археология — бұл ғылым саласы. Ал ғылымда я «ақ», я «қара» деген түсінік болмайды. Мысалы, қара физика немесе қара филология деп айтамыз. Сондықтан «қара археология» деген ұғым пайдалануға келмейді. Әрине, бұл сөз тіркесі көне жәдігерлерді сату, иемдену т.с.с. әрекеттермен байланысты болғандықтан айтылып жүр. Оның өзінде ол ұғым «чернен археологи» дегеннен тікелей аударылған. Ал іс жүзінде мұндай әрекеттерге заң аясында белгіленген ұғым бар. Ол — заңсыз археологиялық жұмыстар. Қазақстанның бір өлкесінде заңсыз қазба жұмыстары кең жайылған, ал басқа бір өлкесінде жоқ деп айтуға келмейді. Өйткені біздің қолымызда ресми статистика жоқ. Ресми статистика болған күннің өзінде ол жердегі сандар шындыққа қаншалық саяды — оны білу өте қиын. Шын мәнінде, бұл үлкен мәселе. Біз күні бүгінге дейін Қазақстанда неше тарихи-мәдени мұра бар екенін нақты айта алмаймыз. Неге? Өйткені оның күні бүгінге дейін ортақ ақпараттық базасы жасакталмаған. Әрине, Қазақстан археологтары тарапынан бірлі-жарым талпыныс болған. Оның өзі аяқсыз қалып отыр.

Ендігі бір мәселе, ол археологиялық қазба жұмыстарына берілетін рұқсат. Жалпы, археологтардың арасында лицензия беру қағидаларын қатаңдату керек деген ұсыныстар жиі айтылады. Бірақ ол заңсыз қазба жұмыстарының мәселесін шешіп бере алмайды. Лицензиялаудың ең әлсіз тұсы — заңды тұлғаға берілетінінде. Яғни, заңды тұлға белгілі бір археологтың атынан лицензия алуға өтініш білдіреді. Алайда ол археолог кейін ол мекемеден жұмыстан шығып кеткен күннің өзінде лицензия мекемеде қала береді.

Заңсыз археологиялық жұмыстарды айтпағанда біз 1 жылда елімізде неше ескерткіш зерттеліп жатқанын да айта алмайтын қауқардамыз. Ондай статистика тек 2021 жылға жүргізілген», — дейді ол.

ТУРИСТ БОЛЫП КЕЛІП ТАРИХЫМЫЗДЫ ТОНАП ЖҮР

Ақпарат және мәдениет министрлігіне қарасты Мәдениет комитетінің Тарихи-мәдени мұра басқармасына археологиялық зерттеумен айналысуға лицензияны қандай тұлғаларға берілетінін сұрағанымызда «қолданыстағы заңнамаға сәйкес археологиялық жұмыстарға лицензияны мемлекеттік ұйымдармен қатар белгілі бір талаптарға сай келетін жеке ұйымдар да ала алады», — деген жауап алдық.

«Бұл ретте лицензияға үміткер ұйымның ғылыми дәрежесі не, сонымен қатар салада тәжірибесі құжаттармен расталған, салалық еңбек тәжірибесі бес жылдан кем емес ғылыми жетекшісі болуы талап етіледі. Елімізде лицензиясы бар жеке және мемлекеттік ұйымдар жүргізетін археологиялық жұмыстар Мәдениет және спорт министрлігі жыл сайын қалыптастыратын

жоспар негізінде жүзеге асырылады. Бұл — тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы үкілетті органға республика аумағында жүргізіліп отырған қазба жұмыстарын қадағалауға ықпал ету мақсатында енгізілген шара. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жоспарға енген қазба жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді», — делінген жауапта.

Ал Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры Ақан Оңғарұлы мұндай заңсыз қазбалардың жаппай етек алуына ескерткіштерді қорғаудың мемлекеттік жүйесінің әлсіздігі себеп дейді.

«Бүгінде археологиялық мұралардың жойылуының қауіпті жаңа факторы пайда болды. Ол — еш рұқсатсыз жүргізілетін тонаушылық қазбалар. Бұл қазбалардың жаппай етек алуына ескерткіштерді қор-

жерінде өз әрекетін емір-еркін жалғастыруда. Яғни, археологиялық жәдігерлер түріндегі ұлттық құндылықтарымызды турист ретінде келіп, ел аралап, тияна сатып алып, шетке өкетеуде. Тіпті, жергілікті әуесқой көмбе іздеушілер тобы құрылып, кейбірі ауқымды түрде тонаушылық қазбалар жасап жүр», — дейді ол. Сонымен қатар институттың бас директоры ескерткіштердің қорғалуы мен сақталуына жер-жердегі өкілдіктерді тарта отырып, партиялық бақылау жасау да қажет екенін жеткізді.

«Мұраларымызды сақтаймыз десек, жаппай дертке айналмай тұрғанда, тонаушылық қазбалар мен металл детектормен қаруланған көмбе іздеушілерді құрықтау қажет. Ескерткіштердің құндылығы мен оны бұзған жағдайда қандай жауапқа тартылатынын білмейтін ел азаматтарының кейбірі тонаушыларға көмектесіп, кездейсоқ тапқанын оларға сатып, бизнеске айналдырып та жүр.

Бұл жерде елден өз заманында шетке өкелтілген мәдени құндылықтарды қайтару — реституция мәселесі қайта туындайды. Осы мәселемен шағын жұмыс тобы айналысып, өкелтілген құндылықтардың (тек археологиялық жәдігерлер емес, оған қоса антропологиялық және палеоэкологиялық топтамалар да) толық тізімін жасау және халықаралық құжаттар мен құндылықтар сақталған елдің заңдарына сүйене отырып, олардың түпнұсқаларын, не көшірмелерін жасату арқылы қайтарудың жолдарын іздеуі тиіс деп санаймын. Бұл бағыттағы жұмыстар Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен басталып, атамұш облысы аумағында жарты ғасыр бұрын қазба жүргізген археологиялық экспедициялардың Мәскеуге өкелтілген жәдігерлерінің көшірмелері жасалынды. Музейлер арасындағы халықаралық байланысты нығайту, мәдени құндылықтарды заңсыз саудалау, құндылықтарды табылған еліне қайтару мәселелерінде Халықаралық музейлер қауымдастығының Қазақстандағы өкілдігі — ИКОМ Қазақстанның алар орны ерекше.

Елдегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғалуы мен сақталуына облыстық өкілдіктер жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану мекемелері (әр облыста формасы әртүрлі — инспекция, бөлім, орталық, т.б.) жауапты. Сонымен қатар ескерткіштердің сақталуына қатысты дабыл қағуы тиіс қоғамдық ұйым — тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғаудың Қазақ қоғамы да бар. Қоғамдық ұйымдар ішінен ескерт-



Заңсыз археологиялық жұмыстарды айтпағанда біз 1 жылда елімізде неше ескерткіш зерттеліп жатқанын да айта алмайтын қауқардамыз. Ондай статистика тек 2021 жылға жүргізілген.

ғаудың мемлекеттік жүйесінің әлсіздігі ықпал етуде. Жекелеген адамдардың (көбіне ауқатты) сату үшін ежелгі бұйымдарды табу мақсатындағы тонаушылық қазбалар жасауы соңғы жылдары өте жиіледі. Заңсыз жолмен тапқан, негізі мемлекеттің меншігі болып саналатын жәдігерлерді интернет сайттар арқылы жекелей сату қалыпты үрдіске айналып отыр. Қазақстан бойынша осылай сауда жасайтын көмбе іздеушілердің интернет сайттары, жеке парақшалары, форумдары, бейнетүсірілімдері бар. Археологиялық жәдігерлердің еркін сауда айналымында жүруіне шектеу қоятын кез келді.

Тарихи ескерткіштердің тоналғанын, тіпті жергілікті әкімдік пен полиция бөлімшесінің өзі білмей қалып жатады. Себебі қарамағындағы ескерткіштердің санын, қайда орналасқанын және тарихи құндылығын білмейтін ауыл басшысы көп.

Осыдан бірнеше жыл бұрын солтүстіктегі көршімізде металл детектормен қаруланған көмбе іздеушілер мен тонаушылық қазбалар жасау мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналып, әр деңгейде қоғам болып талқылап, соңында рұқсат етілмеген металл құралмен іздеу жүргізгені үшін 500 мың рубльге дейін айыппұл салу мен 6 жылға дейін бас бостандығынан айыратын заң қабылданды.

Бүгінде археологиялық мұраларды жинаумен айналысатын сол жеке коллекционерлер мен әуесқойлар біздің заңдағы олқылықты, шекараның ашықтығы және жұрттың ақпаратпен толық қамтылмағанын пайдаланып, Қазақстан

кіштерді, соның ішінде көп түрінің бірі — петроглифтерді табу, сақтау мен қорғау мәселелерімен айналысып жүрген «Охотники за петроглифами» (Жартастағы суреттерді қорышылар) ұйымы белсенділерін ғана білеміз. Ескерткіштердің қорғалуы мен сақталуына жер-жердегі өкілдіктерді тарта отырып, партиялық бақылау жасау да қажет сияқты.

Әр жер иесі немесе оны пайдаланушы сол территориядағы ескерткіштерді қорғау міндеттемесін түсінуі және қазу не тонау фактілерін көргенде жергілікті әкімдіктерге, музейлерге, болмаса облыстық ескерткіштерді сақтау және қорғаумен айналысатын мекемелерге хабарлауы тиіс. Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 247-бабына сәйкес, жер телімінің иесі немесе жылжымайтын мүлік иесі өз жерінен мәдени құнды жәдігерлерді тауып алған жағдайда арнайы сыйақыға мемлекетке қайтаруы тиіс. Кездейсоқ түрде олжаға ие болған, не істерін білмей отырған азаматтар да жергілікті музейлер мен ескерткіштерді қорғау инспекцияларына хабарлағаны дұрыс», — дейді ол.

Сондай-ақ Ақан Оңғарұлының айтуынша, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғаудың тағы бір жолы — облыстар бойынша әр деңгейдегі есепте тұрған және жаңадан ашылған тарих және мәдени ескерткіштерін жаппай инвентаризациядан өткізіп, Қазақстанның археологиялық нысандарының ұлттық тізімін дайындау қажет.

«Әрине, әр облыста әр жылдарда әр деңгейде дайындалған өңірдегі тарих

және мәдениет ескерткіштерінің жинақтары баспадан шығарылған-ды. Бүгінде бұл мәліметтер жаңа ескерткіштердің ашылуымен толықты. Ескерткіштер жинағын облыс емес, әр аудан бойынша жіті барлау жасап, құжаттау өзекті болып отыр. Осы ақтандардың Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша орнын толтыру мақсатында Қазақстанда алғаш рет 2004 жылы археолог М. Елеуовтің бастамасымен далалық барлау жұмыстарының нәтижесінде «Оңтүстік Қазақстан облысының археологиялық картасы. I том. Түлкібас ауданы» атты әкімшілік ауданның жинағы баспадан шықты. Кейіннен 2008 жылы аталған археолог бастаған топ жеке кәсіпкер — «Абди компани» АҚ-тың президенті Ә. Бимен-диевтің қаржылай қолдауымен Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы Қарақұр ауылдық округінде археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, «Қарақұр ескерткіштері» атты ауылдық округтің ескерткіштер жинағын шығарып, кітапты өз ауылының қазынасын біле жүрсің, қорғай жүрсің деген мақсатпен тұрғындарға таратқан. Бұл жұмыстың нәтижесінде бір ауылдық округтің аумағынан 61 ескерткіш жаңадан табылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Бұл бағыттағы археологиялық барлау, есепке алу, құжаттауды әр әкімшілік аудан бойынша ұзақ жыл бойы жүргізіп, дайындаған әзірге Жамбыл, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары ғана болып отыр. Сондықтан республика бойынша бізге белгілі 25 мыңнан астам тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны төрт-бес есе өсуі мүмкін. Республикалық маңызы бар мемлекеттік тізімдегі 218 нысанның саны да артары анық. Жоғарыда мысал келтіргендей, бұл жаппай тонауға бизнес өкілдерін де тарта маңызды.

Есепте тұрған және жаңадан ашылған археологиялық ескерткіштердің бұзылуын бақылап, жиі мониторинг жүргізу өте қажет. Менің ойымша, жыл сайын ғылыми мониторинг пен сараптамаға сүйенген ұлттық баяндама дайындалып, сонда айтылған жетістіктер мен кемшіліктер бойынша келер жылғы осы саладағы жоспарлар бекітілуі қажет сияқты. Мысалы, жыл сайын ел бойынша жойылудың жоғарғы сатысында тұрған нысанның тізімі жасалып, сол тізімге және туристік кластерлер мен бағыттарға сай зерттеу, консервациялық және реставрациялық жұмыстар жасалынса екен», — дейді институт басшысы.

«Петроглифтерді аулаушылар» еріктілер қоғамының үйлестірушісі, журналист Ольга Гумирова мұндай заңсыз қазба жүргізушілер құнды жәдігерлерімізге айтарлықтай орасан зауал тудырып отырғанын жеткізді.

«Өз басым бүкіл Қазақстан үшін жауап бере алмаймын, бірақ Алматы мен Жетісу облыстарында археологиялық ескерткіштерді сақтауда мәселе өте көп. Сак пен түркі қорғандарын, қола дәуірінің қорымдарын, көне қоныстарды тонап жатқан қара қазушыларда ғана емес. Илебалық қорымындағы несториандық кресттер, сак қорымдарынан алынған зергерлік бұйымдар мен қару-жарақтар қара базарда сатылып жатыр. Баянжүрек аймағында, Қуғалы алқабында, Даубай жотасы аймағында, Сарыөзекте, Шүйлі таларында, Аркарлыда өзіміз археологиялық жойылған қорғандарды тіркедік. Тіпті, бір-екі рет жергілікті полиция мен шекарашылардың көмегімен мұндай қара жазғандарды жазаладық та. Мәселе жергілікті заңдардың сақталмауында, олар заңсыз қазбалар үшін, археологиялық ескерткіштер аумағында металл іздегіштерді пайдаланғаны үшін жазалау керекін білмейді.

Тағы бір мәселе: бірнеше жыл бұрын ескерткіштерді қорғау туралы заңға өзгертулер енгізілді. Оған сәйкес ескерткіштер құжаттандырылғаннан кейін ғана мемлекет қорғауына алынады және дәл осы куәландыруға өте аз қаражат бөлінеді. Яғни, қорғандар, сызбалар шоғырлары мен көне қоныстар облыстардың археологиялық ескерткіштерінің мұрағаттарында көрсетілмеген және тиісінше мемлекет тарапынан қорғалмаған. Олай болса олардың жойылуына байланысты ешкім жауапкершілікке тартылмайды деген сөз», — дейді құнды жәдігерлердің жоқтаушысы.

ТҮЙІН:

«Қара археологтар» үшін құнды жәдігерден бұрын, оны сатудан түсетін пайда маңызды. Еліміздегі заңсыз қазба жүргізетіндердің басым бөлігі — ресейліктер және отандық жалдамалылар. Кей кездері олардың тапқан жәдігерлері Еуропа мен Ресейдегі аукциондарға шығып жатады. Әлемнің барлық дамыған еліне тарихи жәдігерлерді барынша сақтап, өткенге құрметпен қарайды. Мысалы, Жапония секілді шағын елдерде әрбір ескерткіш бақылауға алынып, тексеріліп отырады. Әрқайсысының өз құжаты бар. Тіпті, айына бір рет арнайы адамдар барып, ол жерді тазалап, жағдайын біліп отырады. Ал біздегі қаншама құнды бұйым ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті екен?!

«Өткенге топырақ шашсаң, болашағың саған тас аталды», — деген даналық сөзден сабақ алсақ екен.

Президент Қ.Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы негізінде «Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі облыстық комиссия» құрылып, жұмысын бастап кетті. Жұмысты әр тараптан дауырау мақсатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының жанынан 4 кіші жұмысшы тобы құрылды.

«Саяси қуғын-сүргін кезіндегі түрлі зорлық-зомбылық, саяси ғанауандар мен аштық кезінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған босқындарды, дәстүрлі дін өкілдерін зерттеу жөніндегі» кіші жұмысшы тобының алға қойған мақсаты — Әулиеата өңірінде 1920–1953 жылдардағы қуғынға ұшыраған дін өкілдерін, діни орындарды анықтау, нәубет жылдары аштықтан қайтыс болған адамдардың жерлеу орындарын нақтылау және жетім қалған балаларға арналған балалар үйлері мен тәрбиеленушілердің тағдыры туралы архив қорларына зерделеу жұмыстарын жүргізу.



Өздеріне жүктелген жұмысты атқару барысында Жамбыл, Түркістан облыстарының, Алматы қаласындағы мемлекеттік және Президент архивтерінде тақырыпқа сай сақталған қорларға зерделеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жамбыл облысы құрылғанға дейін, яғни 1939 жылға дейін облыс Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының құрамында болған. Ал архивтік құжаттарда Әулиеата бойынша аталмыш екі облыстың жалпы статистикасы беріліп отырды. Нақты ақпаратты бөліп алу қиындығы туындауда. Сонымен қатар топ мүшелері ашаршылық жылдарындағы жерлеу орындарын анықтау және ел жадында сақталған нәубет жылдарына қатысты материалдар жинау мақсатында облыс көлемінде елді мекендерді аралап көнекөз қарттармен, өлкетанушы-тарихшылармен кездесулер ұйымдастырды.

Ашаршылық казак даласына кенестік биліктің орнауымен қатар келді десек артық болмас. Кенестік жүйедегі мемлекеттік экономиканы қалыптастыру саясатында кеткен қателіктермен қатар асыра жоспарлау және жоспарлы экономиканы таңдау халықтың әл-ауқатын төмендетіп жібергені белгілі. Сондай-ақ азамат соғысы да елдің еңсесін төмендеткен болатын.

Ашаршылықтың алғашқы белгілері 1921 жылы біліне бастағанымен 1922–1923 жылдары Ресейдің оңтүстік аумағында, Украина мен Қазақстанның солтүстік аумақтарында ашаршылық жалпы белең алды. Ашаршылыққа қатты ұшырағандар қарапайым шаруалар мен жатқар болды. Халық азық-түлік іздеп, ішкі өлкелер мен басқа көршілес елдерге жаппай көше бастады.

Нәубет жылдардың (1921–1923 жж., 1932–1934 жж.) қиындықтары мен қасіретін көп тартқан балалар болды.

1923 жылы Сырдария облыстық халық ағарту бөлімі, инспекция бөлімі төмендегідей ақпарат береді: «*Ввиду того, что 1921, 22 году, вследствие голода, дети частично были переданы местному населению на содержание - «в дети» и токовые в списки по эвакуации дети не попали, так как не жили в учереждениях Н.К.П. Потому областная инспекция полагает, что списки должны быть увеличены на 25% и необходимо широко оповестить всех об эвакуации.*

Списки хранятся в областном Инспекции.

План эвакуации следующий:

1. Очередь — гор. Ташкент, Ташкентский уезд и Мирза-Шулькский уезд.
2. Очередь — Аулиеатинские и Чимкентские уезды.

БАЛАЛАРҒА ТӨНГЕН НӘУБЕТ

3. Очередь — Туркестанские, Перовские и Казалинские уезды».

Аталған өңірлерден тізім бойынша эвакуацияға ілінген балалардың жалпы саны 2029 (осыған 25% тізімге ілінбеген балаларды тағы қосса, 507 бала, барлығы 2536 бала).

Олар 1923 жылы 27 маусымда Самара губерниясына — 786, Орынбор губ. — 483, Саратов губ. — 42, Казан губ. — 139, Сибирь. губ. — 27, Челябинск губ. — 36, Москва губ. — 60, Нижний-Новгород губ. — 27, Рязань губ. — 19, Уфа губ. — 60, Орал губ. 56, Торғай губ. — 41, Омск губ. — 23, Воронеж губ. — 25, басқа да губернияларға 160 бала кері қайтарылған. Соның ішінде Әулиеата уезіндегі балалар үйі мен жекелеген тұрғындардың қолында тәрбиеленген 741 бала болған (Түркістан облыстық архиві 160-ф. 27-тіз. 396-іс. 5-бума).

Себебі 1921–1922 жылдары ашаршылық кезінде Еділ бойында, Ресейдің Қазақстанмен шекаралас аудандарында болған қатты ашаршылықтан зардап шеккен халық онтүстікке қарай Қазақстан мен Өзбекстанның аумағын бетке алып үдере көшкені белгілі. Балалар Комиссиясы ашыққан балаларды осы өңірлерге әкеліп, уездер бойынша балалар үйлері мен жеке тұрғындарға бағу мақсатында таратқан болатын.

Жалпы, Қазақстандағы ашаршылық жайлы айтылғанымен, балалардың тағдыры туралы ақпарат жоқтың қасы. Жоғарыдағы берілген ақпараттарға қарай отырып жиырмасыншы жылдардың баысында Әулиеата уезінде жетім балалардың арнайы үйі болғандығын аңғаруға болады.

1926–1927 жылдары Әулиеата қалалық-уездік Балалар комиссиясының отырыстарында балалар үйінің материалдық жағдайын жақсарту және қараусыз жүрген (безпризорник) балалармен жұмыс жүргізу туралы мәселелер қаралған. Бірақ та балалар үйінің саны мен тәрбиеленушілер туралы ақпарат кездеспеді.

Голощекиннің 1925 жылы «Қазақстанда «Кіші октябрь революциясын» жасау керек» деген қажетсіз саяси көзқарасымен қатар Қазақ даласында 1927–1928 жылдары жаппай ұжымдастыру (колхоз құру) шарасының қарқын алуы, дін өкілдерін ашық қудалау, бай-қулақтардың және орта шаруалардың мал-мүлкіні тәркілеу (асыра сілтеу болмасын, аша түйяқ қалмасын), казак халқын өзінің негізгі шаруашылық жүргізу тәртібінен айырудың салдары отызыншы жылдардың ашаршылығына әкеліп соқтырғандығы тарихтан белгілі.

Қазақстанның атқарушы билігі 1931 жылдың бірінші жартысы мен 1932 жылдың наурызына дейін елдегі ашаршылықтың белең ала бастағаны туралы орталық комитетке ақпарат бермеуге тырысқан, негізгі себеп — орталықтың берген экономикалық жоспарын орындау.

Билік халықтың қаншалықты ашыққан жасырғанымен қазақтың зиялы қауымы нәубеттің алдын алу, бетін қайтару үшін қаншама күш салғанын білеміз. Қазақстанды ашаршылық жайлағаны туралы және Ресей Федерациясының Еділ бойына, Батыс Сібірге, Қырғызстанға, Өзбекстанға қарай халықтың

Одновременно с этим Президиум констатирует:

1. Наличие большого количества детей, находящихся в тяжелом положении в связи с постигшим недородом Казахской АССР (число этих детей доходит по предварительным данным по Казахстану до 30 000. перекочевавших из Казахстана в Среднюю Волгу до 6 000 чел. И некоторые количества в Зап. Сибири и Киргизской АССР).

2. Констатировать, что со стороны руководящих органов в Казахской АССР до этого времени не приняты необходимые меры к улучшению положения детей, и связи с чем большое количество

дысында, тәрбиеленуші 14-15-16 жастағы балаларды оқуға жіберу, колхоздарға, заводтарға жұмысқа орналастыру арқылы санын азайту жұмыстары қарқынды жүргізілді. Балалардың денсаулығын жақсарту үшін Халық денсаулығы комиссариаты жанынан құрылған ауруханаларға жатқызылды. Тәрбиесі қиын балаларды НКВД-ның жанынан құрылған арнайы балалар үйіне жіберді. Сонымен қатар балалар үйінің сапасын, материалдық жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар атқарылды. Осы жылдар аралығында көптеген балалар үйінің директорлары, меңгерушілері мен тәрбиешілер әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылып жатты. Себебі тексерушілер келгенде балалардың саны басқа, тексеру барысында басқа цифр шығып отырған. Әрі балалар үйінің материалдық жабықталмауы, қыс мезгіліне дайын болмауы, азық-түлікпен қамтылмауы де себеп болған. Оған бір мысал, Жуалы ауданы, Высокое селосындағы балалар саны 1934 жылы 900-ден асқан; ал 1935 жылы тексеру комиссиясы 761 бала санаған, содан директорын 139 балағын тамағына мемлекеттен артық қаржы алып отырғаны деп қылмыстық жазаға тартқан. Шыңтауында, 139 бала балалар үйінде тамақтың жетіспеуінен және балалар үйінің толық жабықталмауынан қайтыс болған. Республикалық комиссия өз есептерінде қайтыс болған балалар туралы ешқандай ақпарат бермеген. Ақпарат болған күннің өзінде хаттамаға енгізілмеген. Осындай оқиға Шу ауданында да болғандығын құжаттардан қарап отырмыз.

Республикалық деңгейдегі балалар комиссиясының екі жылдық жұмысының қорытындысы бойынша:

1936 жылдың 1 қаңтарында Халық ағарту комиссариатына қарасты 193 балалар үйі болды. Оның:

Мектеп жасындағы балалар үйі — 84.
Мектеп жасына дейінгі балалар үйі — 20.
Тәртібі қиын балалар үйі — 2.
Аралас балалар үйі — 87.

Тәрбиеленушілердің саны 35 172 бала.

Құжаттардан көріп отырғанымыздай, 1932 жылы қараусыз қалған балалар саны 30 000 мыңнан 1934 жылы 95 000 мыңға жетіп жығылған, балалар үйінің саны 383-ке жеткен. Осы цифрлар казак даласындағы нәубеттің қалың бұқараға қатты тигенін көрсетсе, қараусыз қалған балалардың 90 пайызға жуығы — өзіміздің қарақөздер. Аштан, суықтан, аурудан өлгенінің есебі жоқ, жазылмаған, мүмкін бар шығар, бірақ біздің жұмысымыз топ кездестірмеді. Қолда бар архивтік құжаттар әлі де зерделеуді қажет етеді. Қаралған материалдардың ішінде жалпы Қазақстандағы балалар үйінің қаржыландырылуы, материалдық базасын жақсарту, қысқа дайындығы, оқу құралдарымен, музыкалық аспаптармен қамтылуы, денсаулығы жоқ балаларды ауруханаларға бөлу және тәртібі нашар балаларды арнайы тәртіптік орындарға орналастыруы бойынша материалдар бар.

Әулиеата уезіне қатысты материалдарды негізінен республикалық статистикалық көрсеткіштерден бөліп алып қарастырып, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының есептік құжаттарынан жинастырдық.

ағылғаны туралы ақпараттар тарай бастайды.

Елдің қалалық аймақтарына босқындармен қатар қараусыз балалардың көптеп ағыла бастағанын, балалар үйі мен қараусыз қалған балаларға қатысты қолда бар архивтік құжаттарға сүйенер болсақ: (Алматы. Мемлекеттік архив. 5-к. №21 тізбе. №84-іс)

МОЛНИЯ СЕКРЕТНО МОСКВА ДЕДКОМИССИИ ВЦИК

Связи режим продовольственным затруднением крае имеется большой наплыв города беспризорных голодающих детей требуется срочная особая помощь настаиваем немедленном отпуске нам этой цели минимум двести тысяч телеграфом.

ЗА ПРЕДКАЗЦИКА ДЖАНГИЛЬДИН

«25 марта 1932 года гор. Алма-Ата Дом Правительства, КЦИК.
Счет № 250 Гос объединение Деткомиссии.

Балалардың аштыққа шалдыққаны туралы Қазақстаннан Мәскеуге шыққан алғашқы телеграмма негізінде жан-жақты зерделеу жұмыстарын жүргізе келе, 1932 жылы 27-мамырда қараусыз қалған балалардың тағдырын шешкен орталықтың №6 құпия протоколы толтырылады.

Протоколдан үзінді:

Секретно
ПРОТОКОЛ № 6
Заседания Президиума Деткомиссии при ВЦИК

от 27 мая 1932 г.

Приемствована: Члены Пленума и Президиума Деткомиссии при ВЦИК т.т. Семенов, Санченко, Аранович, Симоновский.

Представители: Наркопросса тов. Корнецова

НКЗдрава НКСнаба РСФСР....

Слушали: Результаты ознакомления с поведением детей в Казахстане (т. Савченко).

Постановили: 1. Заслушав доклад тов. Савченко о результатах ознакомления с поведением детей в Казахстане и подтверждая предыдущее постановление Президиума, считать не верной установку НКПросса и НКЗдрава в вопросе концентрации их внимания на Среднюю Волгу и отсутствие оказания реальной помощи Казахстану.

их находятся в тяжелых материальных условиях, часть занимается нищенством и никакие меры по устройству их не принимаются.

3. Считать, что обследование подтвердило полное бездеятельность казахских органов (ДТК, НЭпресс, НКЗдрав.) в деле помощи детям.

Председатель Деткомиссии при ВЦИК К. СЕМАШКО

Отв: Секретарь Деткомиссии При ВЦИК АРАНОВИЧ

Жоғарыда көрсетілген хаттамалық тапсырмаларға сай, Қазақ АССР аумағында жаппай балалар үйлері ашыла бастады және жетім, қараусыз қалған балаларды жан-жақтан жаппай жинау жұмыстары 1932 жылдың күзінен басталып кетті. Балалар үйлері аудан, облыс орталықтарымен қатар теміржол бойындағы ірі елді мекендерде, үлкен жол бойындағы тораптық орталықтардан ашылып жатты. Ашылған балалар үйі мен жиналған балалар саны туралы архивтік құжаттар бойынша цифрларға үйлесім, мынадай мәселер алдымыздан шығады.

1933–1936 жылдардағы Қазақстанның өлкелік комитеті ВКП(б) Халық Ағарту және Халық денсаулығы комиссариаттарының есептері бойынша:

01.01.1933 жыл.

Жалпы балалар үйінің саны — 282
Халық Ағарту комиссариатына қарайтыны — 256

Халық Денсаулығы комиссариатына қарайтыны — 26.

Тәрбиеленушілердің саны — 35 291 бала.

Жыл соңында тәрбиеленушілердің саны 61 192-ге жетті.

01.01.1934 жыл. Жалпы балалар үйінің саны — 374.

Халық Ағарту комиссариатына қарайтыны — 312.

Уполномочено Крайкома ВКП(б) 19/Х 1933 год. Сведение количество детей и список д/домов Аулие Атинском районе

Р/с №	Наименование интернат	Количество детей	Из них дети откочевников
1	Карлмаркс	200	80
2	Жен(ский) интернат	150	150
3	Белокульск д/й	125	125
4	С-Кошче	86	86
5	Совпарт	141	141
6	Дет. санатория	84	84
7	Дет. больница	102	102
8	Дт. к	63	63
9	Профтехн	50	30
10	Гродеково	212	212
11	Коштубе	177	177
12	Михайловка	150	80
13	Курасишсово	109	109
14	Акыртобе	200	100
ИТОГО		1 849	1 539

Халық Денсаулығы комиссариатына қарайтыны — 62.

Тәрбиеленушілердің саны — 96 483 бала.

17.01.1934 жыл. Жалпы балалар үйінің саны — 383.

Халық Ағарту комиссариатына қарайтыны — 308.

Халық Денсаулығы комиссариатына қарайтыны — 47.

Балалар ауруханасы — 28.

1934–1935 жылдары республикалық деңгейдегі балалар комиссиясы (деткомиссия) өлкедегі балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің денсаулығы, білім алуы және балалар үйінің жабықталуы бойынша бірнеше рет тексеру- бақылау жұмыстарын атқарып келді. Қорытын-

Онда Әулиеатадағы балалар үйі мен тәрбиеленушілер саны төмендегіше: (Алматы. Мемлекеттік архив. 30-к. №2 тізбе. №1580-іс).

Ескерте кететін жайт архив материалдарының қайта-қайта қарау барысында жылдар өткен сайын жазуларының көмескі тартуына байланысты кейбір сөздерді дұрыс оқи алмадық. Кестені визуалды қалай көрсек, сол күйінде толтырдық.

Қ. ДАУРЕМБЕКОВ,

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» директоры, тарихшы

Көгілдір экран – тәрбие құралы. Тіпті, идеологияның қайнар көзіне айналғаны қашан. Адамзатты рухани аштықтан сақтап, жаңа дүниелерді ашуға мүмкіндік беретін өнер түрі. Әлемде ай сайын жүздеген фильмнің тұсауы кесіліп, көрерменге жол тартады. Дегенмен киноиндустрия саласында айтылар сын-пікір де аз емес. Кино – ұлы өнер болғандықтан, оны көрерменге лайықты деңгейде жеткізе білу де маңызды. Жақында осы салада жыдаңар бойы қызмет етіп келе жатқан маман, тәжірибелі киносыншы Дана Әмірбековамен сұхбат құрған едік.

— Қазіргі кезеңде қазақ киносы тақырыбында талас-тартыс көп. Оның себебі де жоқ емес. 90-жылдармен салыстырғанда өсу байқалады. Бірақ саны артқанмен сапасыз дүниелердің шеті көрініп қалатыны жасырын емес...

— Сөзіңіздің жаны бар. 90-жылдармен салыстырғанда отандық киноөндірісіміз ілгері жылжыды. Авторлық туындыларымыздың біразы әлемнің үздік кинобөйгелерінде жеңімпаз атанып, көк байрағымызды желбіретті. Алайда қазақ киносының қазіргі тынысына көңілім толады деп айта алмаймын. Әрине, жақсы туындылар жоқ емес. Дегенмен үлкен экрандарға жолданып, көрермен назарына ұсынылып жатқан мейнстрим бағытындағы фильмдердің басым көпшілігі сапасы жағынан да, мән-мағынасы тұрғысынан да сын көтермейді. Киноға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шоу-бизнес өкілдері келіп, үлкен экранымызды ақша көзіне айналдырды. Қалталарын қалыңдата түсу үшін мәңгілік өнерді ысырып, біркүндік өнімді алға қойған олардың кино саласынан білімінің таяздығы байқалады. Ең өкініштісі, қолына алғаш рет камера ұстағанның бәрі киноның әліппесін менгермей жатып, өздерін кино-режиссер деп атаудан еш қымсынбайтын болды.

Біз Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында кинорежиссер, кинооператор, киносуретші, кинотанушы сынды тағы басқа кино саласының мамандарына 4–5 жыл көлемінде білім беріп, кәсіби білікті кадрларды дайындаймыз. Мәселен, бес жасар балаға М.Әуезовтің романын оқуға бермейді ғой. Біріншіден, балаға әліппе үйретуден бастайды. Әліппені менгерген соң шағын әңгімелерді оқытады. Осылайша, бала роман оқуға бейімделеді. Бұл – оқу. Ал түсіру өнері одан да күрделі. Өзіңіз әліппені менгермей, роман жазамын деп айтпайсыз ғой. Ал өкінішке қарай, кинода осындай жағдайлар кездеседі. Әуесқой режиссерлер кино тілін үйренбей, бірден режиссер болғысы келеді. Әлі киноның әліппесін менгермей жатып кино түсіру – сауаты ашылмаған адамның роман жазуымен тең деп есептеймін.


— Кинотеатрларда ұсынылған фильмдеріміздің басым көпшілігі комедия жанрында түсірілген. Одан өзге жанрлардың шетте қалуының себебі неде деп ойлайсыз?

— Комедия жанры тек бізде ғана емес, бүкіл әлемде сұранысқа ие. Өйткені ол – төмен жанр. Бұл жанрда кино түсіру арзан. Көп жағдайда заманауи оқиға төңірегінде өрбитін сюжеттерден құрылатын комедиялық фильмдер арнайы тігілетін костюм, қымбат декорация, компьютерлік графика қажетсізінбейді. Сол себепті экран арқылы табыс табуды көздеген продюсерлер үшін комедия – экономикалық тұрғыда ең тиімді жанр. Парадокс болғанда бізде аталмыш жанрдың өзі толыққанды дамымаған. Комедияның түрлері көп: лирикалық комедия, эксцентрикалық комедия, кара комедия... Біздің үлкен экранымызда тек комедияның субжанрларының бірі – отбасылық комедия ғана кенінен қанат жапқан.

Отандық киногерлеріміз расымен комедияның шебері болса, неге бүгінгі қоғамның түйткілді мәселелерін сатира арқылы көтеріп, қара өзді арқылы саяси мәселелерді сыңға алмасқа?! Неге осыдан бір ғасыр бұрын өмір сүрген Чарльз Чаплин, Бастер Китон сияқты күлдіріп отырып жылататын, көрерменге ой тастайтын, толғандыратын фильмдер түсірмеске?! Біздің кинотеатрларымыз болса, отбасының төңірегінен аспайтын, ешкімге келдіріп келтірмейтін, саясаттан алшақ, әйтеуір көрерменнің қалтасын қағатын туындылар көрсетуде. Онда да Голливуд пен Болливудтың тізесі әбден шығып, таптаурын болған сюжеттерін қайталап, «белден төмен» қалжыңдарға құрылған, мәнсіз, мағынасыз ыржынға толы фильмдерді ұсынуда. Әрине, осыдан он жыл бұрын коммерциялық фильмдеріміздің көбейгеніне қуандық. Сан болса, сапа болар деп үміттендік... Ал қазір қарап отырсақ, бұл бағытта ешқандай прогресс жоқ, тек регресс бар.

— Ал экшн, триллер мен корынышты кинотуындылар елеусіз қалған жоқ па? Бұл жанр түрлеріне сұраныс бар ма?

— Сұраныс бар, бірақ ұсыныс жоқ. Дәл қазір кинотеатрларымызды әуесқой режиссерлер жаулап алған. Киноға КВН мен шоу-бизнестен келген олар өзінде комедия жанрынан аса алмайды. Көрерменді ешбір әзілсіз кірпік қақтырмай, тапжылтпай ұстап отыру – қиын шаруа. Ол үшін драматургиялық шеберлік, кәсіби біліктілік қажет.



Дана ӘМІРБЕКОВА

КИНОТАНУШЫ:

Экран – жойқын қару

— Өзіңіз айтпақшы, бүгінгіңіз режиссерлері – индивидуалистер. Өнерде индивидуалист болу маңызды ма?

— Қазір қазақ режиссерлері ғана емес, әрқайсымыз индивидуалистіз. Бұрын ата-бабаларымыз халық үшін, ел үшін, ортақ іс үшін жүкті жұмыла көтеретін. Халық тұрғанда өз мүддесін кейінге шегеретін. Ортақ дүние үшін бар күшін жұмсауға дайын болды. Ал бүгінгіңіз адамдары ондай емес. «Бірінші мен, одан кейін басқалар» деген ұранмен өмір сүру қалыпта жағдай. Бұл – батыстан келген психология. Өйткені капитализмнің заңдылығы сондай. Өкінішке қарай, біз қазір «Адам адамға – қасқыр» болған заманда өмір сүрудеміз. Өнерде де индивидуализм алға шыққан. Мүмкін өмірде индивидуалист болмауға батылдан шығар. Бірақ өнерде индивидуалист болмау қиын секілді. Өйткені өнер адамдарының әрқайсысының МЕНІ бар. Сол МЕНІ арқылы әлемге өзінің айтармын бөлісіп, ой-толғауларын ортаға салады. Сонысымен де олар қызық. Сонысымен де көрермен үшін орны бөлек! Мысалы, Микеланджело Антониони, Робер Брессон, Пьер Паоло Пазолини, Андрей Тарковский, Жан-Люк Годар, Дәрежан Әмірбаев, Серік Апрымов сияқты ешкімді қайталамайтын, дара суреткерлер ғана тарих беттерінде өшпес із қалдырады.

БАТЫСТЫҚТАР ШЫНАЙЫЛЫҚТАН ҚОРЫҚПАЙДЫ

— Тарихи-биографиялық фильмдер жайлы пікіріңіз қандай? Есімі ел есінде жатталған тұлғалардың экрандағы бейнесі бұрмаланып, көрермен тарапынан сыңға ұшырап жатады...

— Өкінішке қарай, біздің ең үлкен кемшілігіміз – белгілі бір тарихи тұлғаны кастерлеп көрсету. Тұлға болмысын таспалауда ол жайлы қалыптан тыс ой айтып, сыни пікір білдіруге болмайды. Мысалы, Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына негізделген екі көркем фильм экранға шықты. Одан өзге сериалдар да бар. Алайда олардың бір де бірінен Абайдың шынайы болмысын көрмейміз. Бала Абай қалай дана Абай болды? Ол да ет пен теріден жаралған пенде емес пе? Жалпы, ешқашан құламаған адамның емес, құлағаннан кейін қайта тұра алған адамның өмірі қызықты. Ешқашан қателеспеген тұлғаны емес, өз қателігін ұғынып, дұрыс жолға түсе білген кейіпкердің болмысы тартымды. Ал біздің фильмдеріміздегі Абай бейнесі шынайылықтан алшақ, демеке бірден ғұлама болып дүниеге келіп, философ кейпінде көктерден түскендей, кіршіксіз қалпында бейнеленеді. Көрермен жасандылықты әрдайым сезеді. Сондықтан отандық тарихи фильмдерімізді көруге құлшыныстары аса болмайды.

Ал осы тұрғыда шетелдік тарихи туындылар несімен ұтады десеніз, олар өз тұлғаларының кіршіксіз емес болмысын көрсетуден қымсынбайды. Керісінше, кез келген адамның жәй ғана пенде екенін алға тартады. Сонысымен де олардың кейіпкерлері әдекайда шынайы, әдекайда түсінікті әрі көрерменге жақын болады. Мысалы, Милош Форманның Моцарт пен Сальеридің арасындағы бақталастыққа негізделген «Амадей» атты фильмі бар. Бірақ бұл фильмде Моцарттың адами пенделік, жағымсыз қырлары да көрсетілді. Ал сіз оны көгілдір экран артында жан-тәнінізбен жақсы көріп отырсыз. Өйткені ол еш боғымсыз, болмысы шынайы. Батыстықтар шынайылықтан қорықпайды. Олар сонысымен де ұтады.

— Тарихымызға қатысты көрсететін дүние де, ашылмаған тақырыптар да көп. Алайда соңғы жылдары жарыққа шыққан тарихи туындыларымыз халықтың көңілінен шықпады. «Қыз Жібек» фильмінің деңгейіне жететін туындылар неге жоқ?

— Біріншіден, тарихи фильмді түсіру кәсіби біліктілікті, екіншіден, терең білімді қажет етеді. Режиссерлеріміз білімді ғой. Бірақ олардың басым көпшілігі өздеріне батыстың өмір сүру философиясын, әдебиетін, діні мен ділін өлген сіндіріп алған. Мен олардың фильмдерінен қазақылық таба алмаймын. Өз ұлтының болмысы мен дүниетанымын сезінбейтін, салт-дәстүрін білмейтін режиссерден ұлттық туынды күтудің қажеті жоқ. Мысалы, С.Қожықов, Ш.Айманов, М.Бегалин, А.Қарсақбаев сынды ұлттық кинорежиссурамыздың негізін қалаған тұлғалар, нағыз дала академиктері еді. Олар ұлттық құндылықтарымызды бойларына бесік жыртымен сіндіріп, ауыз әдебиетімізді жүректерімен сезініп өскен еді. Сондықтан олардың туындыларынан қазақтың иісі аңқып тұратын. Енділігі үмітіміз – жастарда. Ендеше режиссураға енді ғана қалам басқан жас дарындарымызды оқуға қабылдарда оның кино тіліне икемділігімен қатар, қаншалықты ұлттық фольклорымызды, салт-дәстүрімізді, төл-әдебиетімізді менгергенін, дүниетанымымызды қай деңгейде өз бойына сіндіргеніне мән беруіміз қажет секілді. Егер біз ұлт ретінде болмысымызды жоғалтқымыз келмесек, экранымызды дереу түрде қолға алуымыз тиіс. Ұлттық туындыны өз ұлтын жан-тәнімен сүйетін суреткер ғана жарыққа шығарады.

Тарихи фильмдеріміздің дамымай жатқан тағы бір себебі қаражатқа келіп тіреледі. Тарихи фильмді жарыққа шығару үшін заман лебін сезіндіретін қымбат декорация, арнайы костюмдер, әшекей-бұйымдар, көпшілік түсірілімдер, қару-жарақ, грим, компьютерлік графика керек. Кей жағдайларда бір қаланы салып шығу қажет. «Қыз Жібек» фильмі неге тарихта қалды? Себебі фильмді бүкіл ел болып түсірді. Бір ғана режиссердің, оператордың немесе костюмердің еңбегі ғана жатқан жоқ мұнда. Қыз Жібек таққан әшекейлердің барлығын фильм түсіріліп жатқанын естіген халық өздері өкеліп берген екен. Сұлулық пен өсемдікті ардақтаған ұлтымыздың көз тартар қолөнерін, рухани қазынасын көрсетіндер деп сақтап келген алтын-күміс бұйымдарын, қымбат асыл заттарын, кілемдері мен ер-тоқымдарына дейін сыйға тартқан екен. Өкінішке қарай, соның бәрі қолды болып, бүгінгі күнге дейін «Қазақфильм» тек Қыз Жібектің сәуекелесі ғана сақталған.

— Кенес заманында кинорежиссерлер авторлық кино түсірмес бұрын, бойындағы тәжірибесін жарық фильм түсіру арқылы дәлелдеуі шарт болған екен. Бүгінгі кинонарықта бұл үрдіс сақталған ба?

— Өкінішке қарай, бұл үрдіс сақталған жоқ. Қайта жандандырсақ жақсы болар еді. Барлығы біліктіліктен басталады. Ал біліктілік қайдан шығады? Кәсіби біліктілік тек кино алаңында жинаған тәжірибе арқылы ғана келеді. Ешкімнен бір сәтте керемет режиссер шыға қоймайды. Мысалы, жескіндеме өнерінің ұлы тұлғалары ретінде тарихта қалған Винсент Ван Гог, Пабло Пикассо, Сальвадор Дали іспеттес суретшілер заңдылықтарға қарсы шығып, өзіндік мәнөнерлерін қалыптастырмай тұрып академиялық білім алған. Өздерінің кәсіби біліктілігін дәлелде-

геннен кейін ғана жаңа ағымдарға бет бұрған. Сол сияқты есімі әлемге әйгілі Андрей Тарковскийдің өзі де авторлық киноға бет бұрмас бұрын өз біліктілігін жанрлық кинода сынап көрген.

Өкінішке қарай, бүгінде режиссер болу сәнге айналып кетті. Қазақстанда кинорежиссура мамандығына жалпы есеппен алғанда елуге жуық студент қабылданады. Мектеп қабырғасынан кеше ғана түлеп ұшқан олар бірден: «Мен авторлық кино түсіргім келеді» дейді. Авторлық кино түсіретіндей баланың біліктілігі, тәжірибесі жоқ. Ол әлемге нені айтқалы келді? Бастысы, қалай айтпақшы? Себебі кинода не айтатыныңмен қоса, қалай айтатының да маңызды.

— Қазір ай сайын кино саласында аса тәжірибесіз жөк әншілер мен блогерлер түсірген фильмдердің премьерасына барамыз. Бірақ идеясы әлсіз. Мұндай сарындағы «әлсіз» туындылардың көбеюіне не себеп?

— Негізінде, қазақ киносына мемлекет тарапынан жыл сайын қыруар қаражат бөлінеді. Қазақ ұлттық киноны қолдау орталығы жыл сайын киносценарийлердің питчингін өткізіп, режиссерлердің кино түсіруіне жол ашып, отандық киномыздың дамуына барынша қолдау көрсетуде. Алайда, әлемнің үздік фестивальдерінде жүлделі болып жүрген бұл фильмдердің бірде-бірі мемлекетіміздің кинотеатрларында көрсетілмейді. Себебі кинотеатрлар жекеменшік студияларда әуесқой режиссерлердің түсірген арзанқол комедияларын көрсетуді жөн санайды. Айналып келгенде, бұның бәрі сол баяғы кинопрокатқа қатысты заңның жоқтығында. Олар ешкімнен не көрсетеміз, қашан көрсетеміз деп сұрауға тиісті емес.

Өйткені кинотеатрлардың ешқайсысы мемлекетке тиесілі емес, жекеменшік. Сұраныс ұсыныс тудырады дейді ғой. Ол – қате пікір. Негізінде, көрерменге альтернатива ұсынуымыз тиіс. Көрерменде таңдау мүмкіндігі болуы керек. Менің ойымша, экранға кәсіби деңгейде түсірілген, айтар ойы бар, мән-мағынасы терең, ұлттық болмысымызды беретін туындыларды көптеп көрсету қажет. Кино мәдениетін көтеріп, көрермен талғамын қалыптастыру аса маңызды. Себебі экраннан ұсынылатын туындылардың деңгейі қандай болса, көрерменнің де деңгейі сондай болмақ.

XXI ҒАСЫРДА КИНО ӨНЕРІ ЖАЙЛЫ ПӘННІҢ БОЛМАУЫ – ПАРАДОКС

— Кино мәдениетін көтеру қажет дейсіз. Арзанқол комедияларды көріп әдеттегіңіз көрерменнің талғамын қалыптастыру үшін қандай шаралар қолдануымыз тиіс?

— Бүгінгі экран – бұрынғы ата-әженің рөлін атқарады. Баяғыда балалар ата-әжелерінің қолында тәлім-тәрбие алып, дүниетанымдарын қалыптастыратын. Ал бүгінгіңіз балалары экран алдында тәрбиеленеді. Біріншіден, біз экраннан не көрсетіп отырғанымызды сүзгіден өткізіміз керек. Екіншіден, балаға жастайынан кино әліппесін үйретуіміз керек. Яғни, кино тілінен бастап, киноны қабылдау деңгейіне дейін. Қарап отырсаңыз, мектеп бағдарламасында негізгі пәндерден бөлек, қосымша музыка өнері, бейнеу тарихы, еңбекке баулу сияқты қосымша пәндер де оқытылады. Алайда кино өнеріне қатысты бірде-бір пән, ең болмағанда факультатив сабақ жоқ. XXI ғасырда кино өнері жайлы пәннің болмауы – парадокс. Қазір еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін экранның алдында отырады. Бұл бәріне мәлім. Сондай заман бола тұра біз кино мәдениетін сіндірмейміз. Кино тілін үйретпейміз. Экран өнерін идеология құралы дейміз ғой, негізінде ол – атом бомбасынан да жойқын қару. Иә, бомба жарылса, бәрін күл-талқанға айналдырып, бір-ақ сәтте жоқ қылып жібереді. Ал экран болса адамзат санасын білдіртпей, біртіндеп жойып жіберуге қауқарлы.

— Соңғы жылдары прокатқа шыққан «Аватар», «Барби» сынды фильмдерге көпшілік жоғары бағасын берді. Мәселен, «Барби» фильмінің жарнамасы үшін түсірілімге кеткен шығыннан екі есе көп қаржы жұмсалған. Яғни, маркетингі тиімді қолданған...

— Иә, біріншіден прокат заңын қолға алу маңызды. Екіншіден, еліміз қателеспесем былтыр кино саласына 5 млрд. биыл 3 млрд бөліп жатыр. Бірақ қаражат фильмдерді түсіруге ғана бөлінеді. Кино жарыққа шыққаннан кейін оның жарнамасына, дистрибуциясына бірде-бір тиын қарастырылмайтын. Бұл – парадокс. Ойлап қараңызшы, нанды пісіріп аласыз да, бірақ сәтүге шығару үшін нан қоятын сөрентіс жоқ. Кинодағы жағдай да осы. Сіз фильмді экранға шығара алмасаңыз, көрермен оны қалай көреді? Өзіміздің ұлттық туындыларды көруге халық әрү. Алайда жарнама-ның жетіспегенінен, дистрибуция жоқтығынан осындай жағдайға ұшырап отырмыз. Ал блогерлердің киногерлерден артықшылығы – олардың миллиондаған аудиториясы бар. Кей жағдайда қосымша қаржы қажет етпейді. Өздерінің парақшаларына бір пост жарияласа жеткілікті. Миллиондаған аудиториясы сол фильмді көруге барады.

— Үш жылда отандық киноға 17 млрд теңге бөлінді. Әсіресе, «Қазақфильмге» тікелей қатысы бар факт. Бірақ осыныша қаражатқа түсірілген фильмдер неге көрермен назарына ілікпейді?

— Кинонызыз прокатқа шығару үшін кинотеатрлармен келісім жасап, 1–2 жыл алдын кезекте тұруыңыз тиіс. Ал прайм-тайм уақытын алу тіпті қиын. Батыстың фильмдері тұрғанда әрине, қазақтың фильмін менсіне қояры шамалы. Бұл жағдайды қалыпқа келтіру үшін ұлттық кинотуындыларымыздың көрсетілуін заң жүзінде міндеттеуіміз керек.

Баяғыда марқұм Сатыбалды Нарымбетов ағамыздың көзі тірісінде «Аманат» фильмі көрсетілді ғой. Бір күні кинозалдың алдында тұрсам, ағамыздың көңілі түсіп кетіпті. Жағдайын сұрасам: «Қазір «Аманат» фильмі кинотеатрларда жүріп жатыр. Бірақ менің фильмімді түнгі сағат 00:00-ге қойыпты», — дейді.

«Аманат» — қазақ халқының тарихын, қасіретін көтерген фильм ғой. Мұның барлығы сол — кинотеатрлардың мемлекет еншісіне тиесілі емес екендігінде. Сондықтан мемлекет кинотеатрларға «осыны қой» деп ештеңе айта алмайды. Мысалы, Оңтүстік Корея киносының тарихына үнілер болсақ, оларда да бізге ұқсас жағдай болған. Өз фильмдерін ешкім көрмеген. Бірақ олар заман жұмыс істеді. Кинотеатрларға жылына 365 күн бар болса, соның 103 күнінде экранда корей киносы ғана көрсетілуге тиіс деп міндеттеді. «Егер сендер біздің елде прокатпен айналысқыларың келсе, ендеше ұлттық киномызды көрсетіңдер» деп талап қойды. 103 күн — бір жылдың 30 пайызы. Бұл үлкен жетістік, меніңше. Әбден өздерінің киносын көріп, еттері үйренген корей халқы батыстан келген фильмдерді менсінбеді. Оңтүстік Кореяда жанрлық түрлену бар. Кино саласындағы үлкен жетістігі ретінде «Паразиттер» фильмін атауға болады. Алты бірдей Оскарды Оңтүстік Кореяның фильмі иеленді. Ал Америка керісінше идеяны қазір корей фильмдерінен алады. Оңтүстік Кореяда дистрибуциямен айналысатын мамандар, арнайы компаниялар бар. Ал бізде жоқтын қасы. Олар біздің туындыларымызды шетелге шығарумен айналысатын еді. Біз осы мәселені қолға алуымыз керек.

ҚАЗІР ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЕП АЙҒАЙ САЛАТЫН ПОПУЛИСТЕР КӨБЕЙГЕН...

— Дубляж тақырыбына ойыссақ. Биылдан бастап орыс тілінде түсірілген фильмдердің бәрін заң жүзінде қазақ тіліне аудару міндеттелді. Бірақ фильмді мемлекеттік тілде көргісі келетіндер түнгі сеансқа баруға мәжбүр...

— Жанадан заң шыққанға біз, демеке, кинотанушылар осы дубляж мәселесіне қатысты дабыл қаққан едік. Занда «Мемлекеттік тілде дубляж жасалсын немесе қазақ тілінде субтитр берілсін» деп көрсетілді. Дубляж бен субтитр арасында таңдау болмақ жерде, әрине екінші таңдау болады. Дубляж жасау — фильмнің жарты қаражатын талап етеді. Ал субтитр жасау үшін аса көп қаражат кетпейді. Сол айтқанымыздай-ақ болып шықты. Қазір фильмдерді қазақ тілінде субтитрмен беріп жүр. Онда да грамматикалық, техникалық қателіктер өрбіп жүреді. Бұл жағдайға бас қатырып отырған ешкім жоқ. Ол фильмдердің субтитрін кімнің жауапты екенін де білмейміз. Сондықтан осы мәселені де қайта қарастыру қажет деп есептеймін. Дұрыс заңсыз ешкімнен ешнәрсе талап ете алмаймыз.

Қазір қазақ тілі деп айғай салатын популистер көбейген. Сіз орыс ұлтының өкіліне барып «неге қазақша сөйлемейсің?» деп айтқаныңыздан, ол қазақ тілінде сөйлеп кетпейді. Оларға қазақ тілінде сөйлейтіндей жағдай жасауымыз қажет. Қысқасы, қазақша сөйлемейтіндей мүмкіндік қалдырмау керек. Ол үшін экран тілі қазақша сөйлеуге тиіс. Ал біздің қазір істеп жүргеніміз құлжілі жағдай. Бүгінде қазақтардың біразы тіпті ана тілін білмейді. Өйткені олардың экран арқылы көретін респектары — орыс, ағылшын, түрік және т.б. тілдерде. Контенттің бәрі қазақшаланса, жағдай басқаша болар еді. Абай күндері, Рухани жаңғыру, конференция, симпозиум деп әлемге жар саламыз. Бірақ шындығына келгенде біздікі — құр айқай. Қажеті — нақты іс! Егер біздің экранымыз қазақ тілінде сөйлеп, бүкіл әлем әдебиеті қазақ тіліне аударылса, кітапханамыз қазақтілді кітаптармен көптеп толықса, бұл қазақшылықтың бастауы болар еді.

— Контент туралы айтып қалдыңыз. Осы тұста балалар анимациясы жайлы не айтар едіңіз? Балаларға арналған контент деңгейі қандай?

— Анимация жағдайы мүшкіл. Өзіміздің анимациялық туындыларымызға мұқтажбыз. Қазақ тілінде көрсетілетін туындылар жетіспейді. Былтыр ғана «Қазақ анимациясы» шығармашылық бірлестігі құрылды. Аталмыш саланы дамыту мақсатында мемлекет бюджетінен 1 млрд теңге бөлінді. Алайда қазірге еш нәтижесін көрмедік.

«Балаларымыз қазақ тілінде сөйлемейді» дейміз. Олар қазақ тілінде сөйлесін десек, ең алдымен әлем анимациясын қазақ тілінде сөйлетуіміз керек. Сонда ғана біз әлем өнерінің ішінде жүре алатын едік. Керісінше, қазір әлем өнері өзіңше бөлек, ал біз қуыста қалып қойған секілдіміз.

— Өңгімізге рақмет!



ҮЗДІК ӨНЕРПАЗДАРДЫҢ БАСЫН ҚОСТЫ

Елордада ALEM SAZ II Халықаралық музыка фестивалі басталды. Оған Қазақстан, Түркия, Жапония, Венгрия, Германия, Пәкістан, Испания және Ресейдің ең үздік өнерпаздары қатысып жатыр. Фестиваль Мәдениет және ақпарат министрлігінің және Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен, сондай-ақ Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының ұйытқы болуымен өтеді.



Жоба ұлттар мәдениетін біріктіру, сақтау және дамыту, әлем елдерінің тарихи мұралары мен мәдени құндылықтарына құрметпен қарауға негізделген. Халықаралық музыка фестивалі еларлық достық байланыстарды кеңейту мен нығайтуға және өнер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға арналған. Фестиваль бағдарламасында шетелдік өнерпаздардың концерттері, кинокөрсетілімдер, сәндік-қолданбалы өнер көрмесі және шеберлік сабақтарын өткізу жоспарланған.

— ALEM SAZ — көптеген елдің мәдениетін өртістердің керемет шығармашылық ынтымақтастығы арқылы бір платформада біріктіретін халықаралық фестиваль. Былтыр жоба Қазақстан мен әлемнің 76 елі арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің құрылғанына 30 жыл толуына орай және қазақ халқының аңызға айналған әншісі және Қазақстан мен КСРО-ның еңбек сіңірген өртісі Роза Бағланованың 100 жылдығын мерекелеу аясында ұйымдастырылған. Быыл да ALEM SAZ халықаралық өнер фестивалі өз жалғасын тапты, — дейді «Қазақконцерт» концерттік ұйымының директоры Ақтөме Райымқұлова.

Айта кету керек, өнер ұжымы быыл бұдан басқа бірнеше жоба өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың монокалаларды жан-жақты дамытуға бағытталған тапсырмаларына сәйкес, «Ел бірлігі — Жаңа Қазақстан» жобасын қолға



алған. Аталған жобаның негізгі мақсаты — өнер тұрғындары үшін мәдени құндылықтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өнер қайраткерлеріне қолдау көрсету және ұлттық өнерді дәріптеу. Былтыр жаңадан құрылған Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарына, Қызылорда облысына, Павлодар, Қарағанды, Алматы, Петропавл қала-

ларына барып, 17 мың шақырымдай жол жүріп өтіп, қалалар мен ауылдар жерлерде шамамен 50 мыңға жуық көрерменге өнерін көрсетті. Осылайша, өнер ұжымы мәдени саясатты ауқымды түрде жүзеге асырып келеді. Биыл да жоба өз жалғасын тауып, 2023 жылдың наурыз-сәуір айларында «Қазақконцерт» ұжымы еліміздің батыс өңірлерінде гастрольдік сапарларда болып қайтты. Атап айтатын бол-



сақ, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе облыстарының орталығы мен монокалаларында, сонымен қатар бірқатар аудандар мен елді мекендердің халқына «Қазақконцерт» өнер ұжымы концерт қойды. Жоспарға сай, ұйымның танымал өртістері мен шығармашылық ұжымдары өнер көрермендеріне әр түрлі бағыттағы концерттік бағдарламаларды ұсынды. Жал-



пы «Ел бірлігі — Жаңа Қазақстан» жобасы аясында 2025 жылға дейін 28 аудан, 29 монокала, 20 облыс орталығының тұрғындары кезек-кезектен қамтылатын болады.

— «Қазақконцерттің» ерекше көңіл бөліп өткізетін жобаларының бірі «Арман асулар» республикалық фестивалі. Былтыр күз айында,

лар арасындағы таланттарды анықтау, шығармашылық қабілеттерін арттыру мен дамытуға қажетті жағдай жасап, «Қазақконцерттің» танымал өнер жұлдыздарымен бірге өнер көрсету мақсатымен өткізілген жоба еді. Осы жылы да «Арман асулары» фестивалін жалғастырамыз, — дейді концерттік ұйымының директоры.

Естеріңізде болса, биыл жаңа құрамдағы аты аңызға айналған «Гүлдер» ән-би ансамблінің тұсаукесер-концерті өтті. Жобаға дайындық кезінде «Гүлдер» ансамблінің мұрағаттық материалдары мұқият зерделеніп, топтың «алтын қорынан» ең үздік нөмірлер іріктеліп алынды. Сонымен қатар барлық жастағы көрермендер үшін қызықты әрі түрлі жанрдағы шығармалар мен жаңа музыкалық-хореографиялық жұмыстар да қолға алынды. Ансамблдің видеоқұжаттары сақталғанымен, ұйымдастырушылар архивтік құжаттарды ақтарып отырып, сол кездердегі қазақ би өнерінде қолданылған қимыл-қозғалыстарды мен би түрлеріне қатысты құнды мәліметтерді таба алмаған. Жаңа ансамбльді жаңғырту жобасын жүзеге асыру мақсатында ұжымға шығармашылық оқу орындарының түлектері де тартылыпты. Тәжірибелі тәлімгерлер — бас балетмейстер Анвар Садықова және жобаның көркемдік жетекшісі әрі дирижері Серік Дәулетов арнайы шақырылған.



Сондай-ақ, «Қазақконцерттің» өнер ұжымы АҚШ-тың Вашингтон, Францияның Париж, Бельфор, Лион, Швейцарияның Женева, Бельгияның Брюссель, Хорватияның Загреб, Словенияның Любляна, Австрияның Вена, Мажарстанның Будапешт қалаларында әлемдік турне бойынша арнайы концерттік бағдарламаларды ұсынды. Іс-шараға белгілі опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медет Чотабаев, виолончелист, Шанхай музыка консерваториясының магистранты Талғар Шалқарұлы, «Қазақконцерт» солистері және TURAN фольклорлық этнографиялық ансамблі қатысты. Сонымен қатар өртістер Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде де өнер көрсетіп қайтты. Ал маусым айында Astana Musical театры 17-ші халықаралық музыка фестивалінде (DIMF) «Роза Бағланова» мюзиклімен сәтті өнер көрсетіп, «Үздік халықаралық мюзикл» номинациясын жеңіп алды. Ал қойылымда Роза Бағланованың рөлін сомдаған актриса Зарина Макина үздік әйел рөлі үшін жүлдеге ие болды. Ол Англия, Германия және Франциядағы әріптестерінен басым түсті.

Байқау — жыл сайын Оңтүстік Кореяның Тэгу қаласында әлемнің түкпір-түкпірінен театрлар мен шығармашылық ұжымдарды жинайтын беделді халықаралық мюзикл фестивалі. Биыл ол 17-ші рет өтті. Astana Musical ұжымы оған алғаш рет қатысты.

Кербез ЕСІМ

ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАР МЕКЕНІ

Қызылорда қаласындағы қарттар үйінде тағдырдың теперішін көріп, жалғыздықты жанына серік еткен қариялардың қарасы қалың. Әсіресе, сан қилы тағдырдың басын қосқан орталықта қазақтардың үлесі басым. Бұл жайт қилы тағдырлар мекеніне бас сұққан адамның көңіліне қиыршақ ұялатады.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҮЛЕСІ БАСЫМ

Бүгінде облыс орталығындағы №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, яғни, қарттар мен мүгедек жандардың интернат үйінде тағдыр теперішін

тапқан Балта Естібаев. Ол өткен жылы осы орталықта өзімен тағдырлас, орыс ұлтының өкілі Раиса Григорьевнамен шаңырақ көтеріпті.

Балта ағамыз жастайынан жетім қалып, тағдырдың сан-соқпақ жолынан өткен. Кішкентай кезінен апасының қолында тәрбиеленген оның өмірде жіберген қателіктері аз емес. Бүгінде соған өкінетінін айтады.



көрген 164 жан тұрмыс кешіп жатыр. Халықаралық қарттар күніне орай өмірдің қатал сынына ұшыраған сондай жандардың тұрмыс-тіршілігін көзбен көру үшін аталмыш мекенге арнайы ат басын бұрдық.

Мекеме ауласына кіргеннен талдың көлеңкесін саялаған қариялардың жанарынан мұң байқалды. Әлдекімі күткендей жан-жағына жауатандай қарайды. Пайғамбар жасына жеткенде жалғыздықпен жолдас болған жандардың қилы тағдыры жанында тебіренеті.

Алдымен аталмыш мекеме директорының кабинетіне бас сұқтық. Бізді жылы шыраймен қарсы алған мекеме басшысы орталықтың жұмысын жан-жақты түсіндірді.

«Мекемеде түрлі тағдыр иелері тұрмыс кешіп жатыр. Кейбірі жастайынан тұлдыр жетім қалған жандар болса, келесінін туғандары бар. Бүгінде орталықта 56 мүгедек кісі тұрады. Көп жағдайда осы кісілердің туыстары кездесуге жиі келеді. Негізінен мекемеден медет сұрап келетіндердің көпшілігі ішкілікке салынып, отбасынан баз кешіп, теріс қылыққа бой алдырған жандар. Соның ішінде көпшілігі адаптациядан жеткізіледі. Зиянды әдетке бой алдырып, айықпас дертке душар болғандар да кездеседі. Қазіргі уақытта орталықта сондай онкологиялық сырқатқа шалдыққан 5 адам тұрып жатыр. Мекемені мекен еткен адамдарға бес түрлі қызмет көрсетеміз. Соның ішінде төрт мезгіл тамақ, киім-кешекпен қамтамасыз ету және медициналық, психологиялық көмек ала алады», — дейді мекеме директоры Раушан Ыскакова.

Жалпы бұл орынға Қызылорда облысымен қатар Тараз, Шымкент қалалары келіп, тұрып жатқан жандар жетерлік. Негізінен орталықтың қызметіне жүгінгендердің ең жасы 38 жаста болса, егдесі 90-ға таяп қалған. Оның ішінде 120 қазақ болса, 27 орыс және 12 көріс тұрып жатыр. Сондай-ақ татар, өзбек ұлтының өкілдері де бар.

ОРТАЛЫҚТА ОТБАСЫН ҚҰРҒАНДАР ДА БАР

Орталықта тұрып жатқандар арасында өзінің екінші жартысын тауып, отбасын құрған жандар да кездеседі. Бүгінде орталықта сондай төрт отбасы шаңырақ көтеріп, тату-тәтті тұрып жатыр.

Соның бірі — тағдырдың айдауымен осы мекемеден медет

«Осы орталықта тұрып жатқаным 4-5 жылдай болды. Бір жыл бұрын қазіргі жұбайым Раиса Григорьевнамен танысып, осы жерде бас қостым. Арнайы бөлме беріп, бөлек отбасы болып отырмыз. Жағдайымыз жақсы. Орталықтың қызметі көңілден шығады. Мекеме қызметкерлері қолдан келгенше көмегімен аянып жатқан жөк. Өзіме келер болсам, өмірдің көптеген бұралаң жолдарын көрдім. Басымнан талай қиындықтар өтті. Аш жүрген кездерім де болды. Бес жасымнан



бастап жетім өстім. Ес білгенше апамның қолында тәрбиелендім. Есейе келе, апам келін түсіріп, балалары аяқтанды. Сол себепті өз еркіммен осы орталыққа келуге шешім қабылдадым. Содан бері осы жерді паналап келемін», — деп жан сұрымен бөлісті Балта Естібаев.

Орталық тұрғыны өзінің қиындыққа толы өмірін дұшпанына да тілемейтінін айтады. Жастарды татулыққа, бірлікке шақырып, әрбір адам тек жақсылық жасауға ұмтылса деген тілегін жеткізді. Өмірге адам болып келесін, адам болып кеткеннен асқан бақыт жоқ деп ойын тұжырымдады.

АРБАҒА ТАҢЫЛҒАН ТАЛАНТ

Аталмыш орталықта ерекше тағдыр иелері де тұрмыс кешіп жатыр. Соның бірі — дүниеге сау болып келіп, сал болып қалған Кенжегүл Маханбетованың өмір жолы өзгеше өрнекке толы.

Кейіпкеріміз Қызылорда облысына қарасты Жалағаш ауданы, Жанатап ауылының тұрғыны. Бұл орталыққа 1996 жылы 1 қазан айында келіпті. Содан бері 27 жыл бойына осы жердің тұрақты тұрғыны.

Анасы 45 жасында босанғанда Кенжегүлдің денсаулығына ш-

қандай кінәрат болмаған. Екі жастан асқан уақытында әкесі құда жолы береді. Сол күні қонақтар тарқаған бойда жүгіріп жүрген кішкентай Кенжегүл аяқ астынан белгісіз сырқатқа шалдығып, қатты ауырып қалыпты.

«Сол күні мен қатты ауырып, дертім асқынғасын марқұм әкем мен анам дәрігерге қаратыпты. Дәрігерлер арнайы жолдамамен Алматы қаласына жіберіп, сол жақта жұлыннан сарысу алады. Осы жағдайдан кейін сал болып, арбаға таңылып қалдым. Мұны сол кездегі дәрігерлердің қате диагнозының кесірі деп ойлаймын. Себебі кейіннен ес білгенім, біраз жерге қаралғандықтан, екі жарым жасар баланың жұлыннан сарысу алу өте қате шешім екенін айтқандар болды. Өткен іске шара жоқ. Содан бері тағдырым темір арбаның үстінде өтіп келеді. Өзім сол күні маған көз тиген деп есептеймін. Дер уақытында емшіге қаралғандықтан жағдайым басқалай болатын еді деп ойлаймын. Қайбір жылдары Қызылорда қаласына арнайы келіп, ем-дом жүргізген қытай дәрігерлеріне қаралдым. Олар тексере келе, менің әлі де аяқтан тұрып кетуге мүмкіндігім бар екенін айтып, Қытай еліне барып емделуіме кеңес берді. Бірақ емнің ақысы өте қымбат. Қазіргі жағдайда оны менің қалтам көтермейді», — деп мұның шақты Кенжегүл Маханбетова.

Тағдырдың жазуы болар, 1993 жылы анасы ауыр сырқаттан көз жұмса, 1994 жылы әкесі, ал 1995 жылы қарашаның аяғында ұстап тұрған ағасы қайтыс болыпты. Осылайша, үш жыл қатарынан ауыр қазаға ұшыраған шаңырақтан берекесі қашады. Сонында ағасының қырық күндік асын өткізгеннен кейін Кенжегүл алты баласымен жесір қалған жетісіннен ұрпақ сұрап, үйден кетіп қалған. Содан бері тағдыры осы орталықпен тығыз байланысты.

Кенжегүлдің әкесі ақын кісі болыпты. Кейіннен әкесінен дарыған талант Кенжегүлдің бойынан байқала бастайды. Жабыққан сәттерінде ақ паракка мұн-зарын өлеңмен өрнектеп, жанына медет табады. Бүгінде ақынның қорында 70-ке жуық өлеңдері бар. Бірнеше өлеңдеріне өн де жазылып, жергілікті әншілердің орындауында халыққа танылып та үлгерген. Талант иесі ақындықпен қатар, ән айтуға да бейім. Түрлі мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған байқауларда жүлделі орындардан көрініп келеді. Тіпті, еселі еңбегі еленіп, «Мәдениет мейірамы» дәрежесі де берілді.

Өткен жолы қала аумағында жеке шығармашылық кешін де өткізген. «Мен бір жаралы аяққа» деп жырлаған ақын қыз осы орталықта өзімен тағдырлас адамдардың қилы тағдырын қамтыған алғашқы кітабын да жазып, де-меушілердің көмегімен жарыққа шығарыпты.

Ес білгені өз аяғымен жүруді армандайтын Кенжегүл әлі де дертінен айығатынына үмітпен қарайды. Жарты ғұмыры қарттар үйінде өткен талант иесі қалған өмірінде жеке баспанаға қол жеткізіп, шығармашылығын дамытуға армандайтынын айтып қалды. Қайырымды жандардан медет күтетінін жасырмады.

Қалай дегенде де, талай тағдырды тоғыстырған орталықта тұрып жатқан жандардың әрбірінің жанарынан жылулыққа деген мұқтажық аңғарылады. Бірі әке, бірі ана бақытын аңсап, енді бірі перзентінің қамқорлығына зәру екенін іштей ұғандық.

Қызылорда облысы

Өткел бермес асулар

ЕРЕЙМЕНТАУДА ХАЛЫҚ ШУ КӨТЕРДІ

Ерейментау ауданына қарасты Еңбек ауылы ондаған жылдар бойы билік орындарынан ауылдың жанынан теміржол өткелін салдыра алмай жүр. Тұрғындар шыбын жанын шүберекке түйіп, өмірі мен денсаулығы үшін аса қауіпті болса да жарты ғасырдан бері рельстердің арасынан жүгіре кесіп, жолдан өтуге мәжбүр. Теміржолдан мұндай жолмен өтуге түбегейлі тыйым салынса да, тұрғындардың басқа амалы жоқ. Ауыл тұрғындарының ащы жанайқайынан жергілікті аудандық және облыстық әкімдіктер мен мәслихат депутаттары да, «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының басшылары да хабардар. Алайда теміржолдан өткел салу мәселесі күні бүгінге дейін шешімін таппай келеді.

ТҰРҒЫНДАР КҮН САЙЫН ӨМІРІН БӘЙГЕГЕ ТІГЕДІ

Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округіне қарасты Еңбек ауылында бүгінде үш жүзге жуық адам түтін түтетеді. Ауылдың дәл түбінен өтетін теміржол ауылды облыстық маңызы бар жолмен бөліп тұр. Түйінді мәселеде сен қозғалғандай болып, былтыр облыс әкімі Ермек Маржықпаевтың бастамасымен жобалық-сметалық құжаттамаға қаржы да бөлінген. Алайда «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы өздеріндегі нұсқаулыққа сүйеніп, өткел салудың басқа шартын айтқан. Бірақ бұл шартқа ауыл тұрғындары түбегейлі қарсылықтарын білдірген. Егер жыл соңына дейін тараптар өзара келісімге келе алмаса, бөлініп қойған қаражат мемлекет қазынасына қайта оралуы да бек мүмкін. Тұрғындар мұндай жағдай бола қалса кейін қаражат беріле ме, берілмей қала ма деп тағы алаңдап отыр. Ауыл тұрғындарының айтуынша, қысқы ақ түтек борандарда Еңбек ауылы кәдімгі адам аяғы баспайтын аралға айналып шыға келеді. Ауыл сыртқы өркениеттен мүлдем қараң қалып, азық-түлік, дәрі-дәрмек, жанар-жағармай сияқты қарапайым қажеттіліктердің алдыру үлкен мұңға айналады.

— Біздің ауылдан трассаға дейін небары 800 метр ғана. Алайда жолдан өтуге теміржол кедергі келтіріп тұр. Осыдан бірталай жыл бұрын бұл жерде теміржол өткелі болыпты. Бірақ оны кейін жауып тастаған. Содан бері тұрғындар қысы-жазы теміржолдың үстінен кесіп өтуге мәжбүр. Қысты күні жолды тұтастай омбы қар басып қалады. Қазып өтуге тура келеді. Қысқы боран мен көктемгі су тасқыны кезінде біз өркениеттен мүлде қол үзіп қаламыз. Жедел жәрдем көлігі, азық-түлік жеткізген көліктер, тек теміржол өткеліне дейін ғана келе алады. Бізге теміржол өткелін кесіп, дәрігер мен азық-түлікті қарсы алуға тура келеді. Кейде тіпті пойыз келіп қалып қауіпті жағдайға ұшырап қалу қаупі де төнеді. Пойыз келіп қалғанда ауыр мотоциклмен рельстердің арасында мықшындап құлап, бензин құйылған конструкторларымыз төгіліп, әбiгерге түскен сәттеріміз көп. Әр сәт сайын қайғылы жағдайға ұшырауға шақ қалып жүреміз, — дейді Еңбек ауылының тұрғыны Айбек Хуат.

БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ БЮДЖЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛА МА?

Тұрғындар теміржолға қатысты түйін шешімін тапса, болашағы жоқ ауыл-

дардың қатарынан емес екенін жеткізді. Ауылда мектеп, мәдениет ошағы, мешіт, медициналық пункт сияқты әлеуметтік мекемелер қызмет етеді. Бірнеше шағын шаруа қожалықтары бар. Ауылдың жолдарына біртіндеп асфальт төселіп, көшелерге жарық шамы ілінген. Былтыр талай жылдан бері қордаланған ауызсу да тартылып, тұрғындар орталықтандырылған таза ауызсуға қол жеткізіпті. Ауыл тұрғындарының жылдар бойы айта-жаза жауыр болған мәселені үш-төрт жылдан бері Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Бекім Әкімов те шешуге тырысып жүр. Мәслихат депутатының айтуынша, ауыл тұрғындары «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының басшылығымен де, облыс әкімдігімен де бірнеше мәрте кездесіп, үлкен жиындар өткізілген. Алдағы жұма күні мәселе «Қазақстан темір жолы» өкілдерінің қатысуымен өтетін жиында тағы талқыға түспек.

— Осыдан екі жыл бұрын біз Мәжіліс депутаты Мәди Елубаев, облыстық мәс-



үзділді-кесілді қарсы. Ал ол жерде мемлекеттік маңызға ие көмір түйығы мен үлкен астық элеваторы бар. Өңірдің барлық астығы осы жерден өтетіндіктен оны еш жабуға да болмайды. Осы жұма күні «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы басшылығы өкілдерімен тағы бір мәрте кездесіп мәселені шешуге ниеттіміз, — дейді Бекім Серікұлы.

Облыс әкімдігі өкілдері мен мәслихат депутаттары аталған теміржол учаскесі олардың қарауында болғандықтан магистральді тораптың Павлодар бөлімінің басшылығымен кездесіп, осы мәселе бойынша өзара келісімге келгендей болған. Алайда дәл осы жерде тиісті мамандардың шалағайлығы тағы бір кедергісін келтіріпті. Ауыл тұрғындарының пайымынша, бұған келісімге келген соңғы жиналыстың хаттамасы емес, алдыңғы хаттама кетіп қалғаны себеп болған.



Компанияның мәліметінше, күн сайын жүзден астам жүк пойыздары ары-бері жүреді. Ал олар әрине жай жүрмейді.

Компания мұнымен қомақты табыс тауып отыр.

Ал рельстің астындағы жер Ерейментау ауданына, нақтырақ айтқанда Еңбек ауылы тұрғындарына тиесілі.

лихат төрағасы, Еркіншілік ауылдық округінің әкімі болып Астанада «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы басшылығының өкілімен кездесіп мәнжайды жеткізді. Олар өз құжаттарына сүйенді. Осы кездесудің алдында Алматы облысының Шамалған стансасында теміржол өткелінде пойыз автобусты соғып кеткен. Осыған байланысты Көлік және коммуникация министрі теміржол өткелінен айналып өту бұйрығын шығарған. «Қазақстан темір жолы» бұл жерден теміржол өткелін ашу үшін ауылдан сегіз шақырым қашықтықтағы осы теміржолдың 103 шақырымындағы басқа өткелді жапқан жағдайда салуға келісім беретінін жеткізді. Бірақ бұған жергілікті тұрғындардың келісімі қажет. Яғни, жиын өткізіп, Еркіншілік ауылдық округі халқының келісімін алу керек. Бірақ онда тұратын 4 500 адам бұған

— Бәрін келісіп, техникалық сипаттама жасауға құжаттарды өткізіп қойғанбыз. Дәл осы құжаттың негізінде жобалық-сметалық құжаттама жасалу керек болатын. Мәселе жөнінде бұрынғы облыс әкімі Ермек Маржықпаев та жақсы білетін. Облыс әкімімен кездесу кезінде ауыл тұрғыны Айбек Хуат мәселе көтеріп, жобалық-сметалық құжаттаманы жасауға қаржы сұраған. Қаржы мәселесі дереу шешімін тауып кезекті мәслихат сессиясында жедел түрде бөлінген. «Қазақстан темір жолының» техникалық келісімімен келіп, ал онда бұрынғы хаттама бойынша алдымен 95 шақырымдағы өткелді бұзып, одан кейін 103 шақырымда салу қажеттігі жазылыпты, — дейді депутат Бекім Әкімов.

«Қазақстан темір жолының» бұл жауабына қанағаттанбаған Әкімов құжатты облыстық мәслихат депутатына

беріп, ол «КТЖ-ға қайта сұраныс жолдайды. Бірақ ұлттық компания бізге бұл сұраққа жауап беріп қойғанын түсіндірген хат жіберген. Мәселе дәл осы жерде түйыққа тірелген. Егер бөлінген 14,5 миллион тенге қаражат қыркүйектің соңына дейін игерілмесе, облыс бюджетіне қайта қайтару қаупі төнген.

— Ауыл тұрғындары көлігімен трассаға өту үшін 95 шақырым жүріне тура келеді. Яғни, 16 шақырымды артық жүреді. Біз, әрине кезінде комиссия құрып, кесіп өту жолын да белгілеп, теміржол өткелін салуға келісімімізді де бердік. Бірақ шешімді бас штаб қана қабылдайды. Бұл жер учаскесі мен жол да біздің теңгерімде. Яғни, теміржол өткелін салса да оған қызмет көрсету де біздің мойнымызда болады. Сондықтан Астанадан бұйрық беріле, барып бәрін ұйымдастырамын. Тағы да қайталап айтамын. Біз тек орындаушылармыз. Бізге қозғалыстың аздау болғаны қажет. Өйткені Астана мен Ерейментаудың арасында қозғалыс өте көп. Көмір мен астық тасымалданады, жолаушылар пойызы өтеді. Биыл тіпті қонтейнерлік пойыздар да жүріп жатыр, — дейді Павлодар теміржол магистралі желісінің директоры Марат Жүнісов.

БІР ӨТКЕЛДІ АШСАҚ, БІРЕУІН ЖАБАМЫЗ

«Қазақстан темір жолы» ҰК Астана-Ерейментау арасындағы учаскесінің жүктемесінің тым ауыр екенін растады. Жыл сайын аталған учаскеде 62 миллион тоннадан бруттодан астам жүк тасымалданады. Күн сайын 18 жолаушылар пойызы мен 50-ден астам қос жүк пойыздары қатынайды. Мұнымен қоса, олар жолаушылар пойызы үшін бекітілген сағатына 130 шақырым жылдамдықпен жүреді. Ұлттық компания басшылығы да осы ауылға таяу орналасқан учаскенің 95 және 97 шақырымындағы теміржол өткелдерін еске салды.

Ұлттық компания бұл орайда автокөлік және теміржолдарға қатысты техникалық пайдалану ережесінің құрылыс нормалары мен теміржол өткелдеріне қызмет көрсету және жөндеудің нормаларын алға тартты. Аталған құжаттарға сәйкес, «бір деңгейде теміржол өткелінің құрылысына тыйым салынады. Өткелдер әртүрлі деңгейде салынуға тиіс».

— Еңбек ауылы тұрғындарының теміржол арқылы өту қажеттілігі мен тұр-

ғындардың өтініш-шағымдарын назарға ала отырып, 2021 жылдың 3 маусымында депутаттардың қатысуымен кездесу өткізілген. Өтпе жолды салу мүмкіндігін қарастыру немесе қолда бар 95 өткелді 103 шақырымға ауыстыру туралы шешім қабылданды. Хаттамалық шешімге сәйкес, «Қазақстан темір жолы» магистральді желісінің дирекциясы техникалық шартты берді. Қазір біздің мекенжайға облыстық мәслихат депутаттарынан олардың 95 шақырымдағы өткелді жаппастан 103 шақырымда өткел ашуға қатысты түзетулері түсіп жатыр. Алайда бұл нормативтік-құқықтық актілер талабына қарама-қайшы келеді. Сондықтан техникалық шарт талаптарына сәйкес түзету енгізу мүмкін емес, — дейді «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның ресми хабарламасында.

Мәселені шешу мақсатында «Қазақстан темір жолы» автомобиль өткелін салу немесе теміржол астынан өтетін туннель қазу арқылы өткізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынған. Ал бұл әрине жергілікті бюджет есебінен салынуға тиіс. Сонымен, Еңбек ауылы тұрғындарына мәжбүрлі болса да таңдау берілген. 103 шақырымнан өткел қажет болса, онда 95 шақырымдағы өткелді жаппақ. Ал бұл өз кезегінде көршілес қоныстанған Еркіншілік ауылына дәл осындай қиындықтар туындатады. Бұл қос ауылдың арасында араздық пен өшпенділіктің отын тұтатуы да ғажап емес.

— Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Ақтүтек боран мен көктемгі су тасқыны тұсында тұрғындар көліктерін тастап жаяулап рельс арасынан өтуі керек. Ешқандай бағдаршам жоқ. Қай жерден болса, сол жерден көлбендеп жүгіруге тура келеді. Мен облыстық мәслихаттан қайтадан «Қазақстан темір жолы» АҚ басшылығымен байланысып, мәселені шешуді талап етіп отырмын. Өйткені тұрғындар егер мәселе күздің соңына дейін шешілмесе, тұтас ауыл болып Мемлекет басшысын күтіп пойыз рельсінің үстіне отырғанын айтып отыр. Мәнінше, тұрғындармен келісімге келу қажет. Өйткені әлеуметтік шиеленіс аса қатты күшейіп барады. Компанияның мәліметінше, күн сайын жүзден астам жүк пойыздары ары-бері жүреді. Ал олар әрине жай жүрмейді. Компания мұнымен қомақты табыс тауып отыр. Ал рельстің астындағы жер Ерейментау ауданына, нақтырақ айтқанда Еңбек ауылы тұрғындарына тиесілі. Жағдай жасауын сұраймыз. Біз теміржол өткелін, яки көпір салуды сұрап отырған жоқпыз. Мұның бәрі жергілікті атқарушы органның қаражатына салынады, — дейді Бекім Әкімов.

P.S.

Сонымен, Еңбек ауылының жанындағы теміржол өткелінің айналасындағы дау өлі өршіп тұр. Тараптар алдағы жұма күні тағы бір мәрте кездесу өткізіп, мәселені шешуге ниетті. Ауыл тұрғындары соңына дейін барып, егер теміржол өткелі салынбаса, теміржол бойына тұтас ауыл болып Үкімет басшыларына шақыруға бекініп отыр. Ал бұл үлкен даудың одан әрі жалғасуына себеп. Түйін қалай тарқатылады? Бұл алдағы уақытта біздің назарымызда болмақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР ТАРИХИ ТҮЛҒАНЫ ҰЛЫҚТАДЫ

Сыр өңірінде мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Жалағаш топырағында өткен торқалы той өзгеше өрнекте өріліп, қайраткер рухына құран бағышталды.

Заманның қилы кезеңінде еліміздің рухани-мәдени жаңғыруына елеулі үлес қоса білген қайраткер Темірбек Жүргеновтің есімі күллі Алаш жұртының жадында сақтаулы. Небары 39 жыл дүние дидарын көрген дара тұлғаның қамшының сабындай қысқа тұмыры өнегеге толы.

Жалағаш ауданында өткен қайраткердің 125 жылдығына арналған шаралар ел болашағы үшін өміреніп өткен тұлғаның өмір жолы кеңінен сөз болды. Жүргеновтанушы ғалымдардың пікір, пайымдары айтылды.

Ұлт қайраткерінің есімін ұлықтауда арнайы саябақ ашылып, жергілікті халықты қуанышқа бөледі. Саябаққа тұлғаның еңсесі ескерткіші орнатылған.

Саябақтың ашылу салтанатында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет айтулы шараны өткізуге ықпал еткен бірқатар азаматтарды аймақ басшысының алғысхатымен марапаттады.

«Темірбек Жүргенов — барша түркі әлеміне ортақ тұлға. Жазықсыз жалаңың құрбаны болған қайраткердің аяқ демі түгесілгенше жүрегі еліміз деп соққаны тарих беттерінде белгілі. Бүгінгі ұрпақтары, яғни біздер қайраткер есімін ұлықтап, жас буынның жадында жаңғыртуды азаматтық парызымыз деп білеміз. Осы орайда тұлға есімін ұлықтауда еселі еңбек етіп жүрген «Темірбек Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Сәпен Ансатов, жүргеновтанушы ғалым Бауыр-

жан Иманғалиевтің есімін ерекше атап өткім келеді. Бүгінгі туған топырағында тұлға есімімен ашылған саябақ сондай игі істердің бір парасы десек болады. Барша шараға қатысушыларға сәттілік тілеймін! — деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Өз кезегінде қайраткер атындағы қор төрағасы Сәпен Ансатов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев шараның мән-маңызына кеңінен тоқталды. Ел келешегі үшін елеулі еңбек сіңірген тұлғаны ұлықтап жатқан облыс және аудан әкіміне, барша жанашыр азаматтарға алғыстарын жеткізді.

Жүргенов атындағы саябаққа 60 млн теңгенің үстінде қаражат жұмсалыпты. Демалыс орнының құрылыс жұмыстары сапалы жүргізілген. Саябақты абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстары да назардан тыс қалмай, талдар мен жеміс ағаштары отырғызылыпты.

Тарихи тұлғаның туған жері, Т.Жүргенов атындағы ауылда атқарылған игі



істер мұнымен шектелген емес. Биыл ауылда ұзындығы 1,1 шақырымды құрайтын ішкі көшеге жай жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оған жергілікті қазынадан 15 млн 229 мың теңге қаралыпты.

Ұлт қайраткерінің ауылда өткен мерейтойы республикалық деңгейдегі түйе палуандардың қазақ күресімен және сөз маржанын терген ақындардың жыр мүшәйрасымен жалғасын тапты.

Палуандар додасында 20 қатысушы бозкілемде белдесті.

Бұл күні қайраткер атындағы ауылда өткен өнегелі іс-шаралар береке мен ынтымақтың үлгісін көрсетті. Ауыл айналасына 20-ға жуық киіз үй тігіліп, ән мен жырдың інжу-маржаны төгілді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ
Қызылорда облысы

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір, күлдіре білу — өнер, күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжехметұлы

АРА



№ 149


30.09.2023 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

БІЗДІ ҰМЫТЫП КЕТТИ

Осы адамдарға өмірі бір нәрсе жетіспейді. Жетіп тұрса да, жетпейді, көз алдынан дүние-мүлік кетпейді. Жетіп тұрса да, анандан, мынадан өптейді. Бір облыс әкімінің әйелі кешкілік ашулы қарсы алыпты дейді:

— Осы сенің айлығың қашан еседі? Жарымай өтетін болдық қой!
— Жетеді ғой.
— Бар болғаны бір миллион, екі жүз мың теңге ғана аласың. Қазіргі қымбатшылық заманда осы да ақша ма?
— Айлығы мен өсірмеймін ғой, — деген әкім диванға жайғасты. Ішінен: — «Шіркін, айлығымың шынында бес миллион теңге болса ғой? Артық етпейді», — деп ойлады. Ал әйелі ызыңдауын қоймады. Шынында, «Кедей бай болсам, бай құдай болсам!» — дейтінді баяғы бабаларымыз қалай дұрыс айтып кеткен еді?
— Айлығың еспесе, қарамағыңдағылар пара берсін.
— Ойбай, атама, сотталып



кететін жағдайым жоқ.
— Ойпырмай, а? Түк алмай жүргендей сөйлейсің ғой.
— Енді... Бұрын ептеп алдым.
— Министрлер қанша алады екен?
— Әрине, менің айлығымнан көптеу.
— Министрге тимеген екенмін де?
— Қойшы енді. Пошташылар да жүр ғой, ештеңе деместен.
— Мен пошташының қатыны емес шығармын?
— Пошташының төменгі айлығы жетпіс мың теңге ғана.
— Сен пошташы емес, облыс әкімісің ғой?
— Ал енді министрдің әйелі не дейді екен?
— Сен министр болғалы бір жарымай қойдың.
— Миллионнан аса айлық жетпей ме не? — деп ашуланды министр.
— Айлығың алты миллион болмай ма?
— Болса, канекей! Кабинетіме билеп барып, үйге әндетіп қайтар едім!
— Қазір ақша деген жай сабан, құны кете берсе, бұдан да жаман.
— Енді қайтейін? Ішкеніміз алдымызда, ішпегеніміз артымызда ғой?
— Сол ішкеніміз бен ішпегеніміз неге анда, мұнда, сонда, ана жерде, мына жерде, ана жерде, мына жерде болмай-ды?
— Тойымсыз қатын екенсің!
— Бюджеттен кеміруді де білмейсің!
— Сотталып жатқан министрлер аз ба? Пошташылар да жүр ғой, өлмей-ақ!
— Мен пошташының қатыны емеспін, министрдің қатынымын!

Ал енді коррупцияға қарсы күрес бастығының әйелі не дейді екен?
— Айлығың қатып қалған екен де?
— Жібітейін деп пе едің?
— Айлығың еспейді екен де? Жарымай кеттік қой!
— Еспесе де, ақша деген былайша кеңірдектен келіп жатыр ғой.
— Бәрібір жетпейді.
— Жетпесе, желкесі үзілсін. Ызыңдай бермей, тыныштық берші?
— Қара уылдырық жейміз, қызыл балық жейміз, енді ақулаңның етін неге жемейміз? Киттің көзін ше?
— Мен антикор бастығымын, антикор!
— Жемқорлыққа қарсы күресе жүріп, жалмауыз бол! Аз асап жатырсың.
— Пошташылар да жүр өлмей!
— Мен пошташының қатыны емеспін! Антикордың қатынымын!
Ал енді прокурордың әйелі не дейді екен?
— Айлығың құрысын!
— Не болып қалды? — деп сұрады прокурор.
— Айлығың ештеңеге жетпейді. Жарымай қойдың.
— Беретіндер беріп жатса да ма?
— Тұрақты емес қой.
— Мен прокурормын! Тазалықты бақылаймын!
— Ойпырым-ай! Моншаға барып, жүрек тұсыңды тазалап жуып келе қойшы!
— Саған ештеңе жетпейді екен! Пошташылар да жүр ғой!
— Немене, пошташылар?
— Аз ғана айлыққа малданып!
— Мен пошташының қатыны емеспін! Облыс прокурорының әйелімін! Прокурордың!
Ал енді соттың әйелі не дейді екен?
— Айлығың құрттап кеткен, кедейшіліктен құтылатын күн бар ма езі? — деді әйелі бұртып.
— Ойбай, құдайға шүкір десеңші? — деді сот.
— «Түрмеден құтыласың, сотталсаң, ұтыласың!» — деп ала бермейсің бе? Ала бер, ала бер, ала бер! — дегенде сот әйелінің аузын алақанымен жаба қойды.
— Ойбай, айқайлама! Соттап жіберемін! Пошташыларға рақмет!
— Е?
— Айлығың аз демейді.
— Мен пошта бастығының әйелі емеспін, соттың қатынымын, соттың!

Ал енді пошташылар ше? Олар айтады: — «Дәрігерлердің, мұғалімдердің, басқалардың айлығын өсіріп жатыр, өсіріп жатыр, бізді ұмытып кете береді!» — деп жылайды. Олардың көз жасы көл, ал айлығы, шынында нөл! Сондықтан болар, Алматыдағы «Қазпошта» қызметкерлері «айлығымыз аз» деп наразылыққа шықты. Пошташылардың айқайы жан ауыртады. Айтуларыңша, еденді де өздері жуады екен. Өйткені мұрын сүртуге келмейтін аз айлыққа ешкім келмейді екен. Бірнеше қосалқы жұмыстар атқарса да, айлықтары «ауру» қалпында көрінеді. Сыйақы деген ұстатпайтын көрінеді. Пошта қызметкері Ботагөз Қаңтарова: — «Жоспардың жағасынан алып, енді орындай бергенде жоспар әдейі көтеріліп кетеді. Компания басшылары осылай қулыққа барады», — дейді. Ал Мадияр Нұрсейітов (пошташы) айлығының аз екеніне, бар-жоғы 85 мыңдай ғана алатынын, демалыс жөнінде, тіпті мереке күндері де жұмыс істейтінін, ол күндерге қосымша ақы төленбейтінін айтып, күрсініп салды. Масқара! Еден жуатындардың айлығы 18 мың теңге ғана екен! Шынында, айлық көтеретін ше-неуіңдер пошташыларды ұмытып кетіпті ғой! Склероздар!

Мұхтар ШЕРІМ

ҚАРЫЗДАН ҚАШҚАН ҚАЙРАҚБАЙ

Қазір құдайға шүкір, қарызсыз адам жоқ. Рас-өтірігін қайдам, жұрттың бәрі банкке бір кісідей бережак дейді ғой? Ауыл ауданға қарыз. Аудан облысқа, облыс республикаға қарыз. Ал республика шетелге шаш етекпен қарыз екен. Әйтеуір, бітпейтін қарыз.

Біздің ауылда Қайрақбай деген кісі бар. Өзгенің затын алса, сіңіріп кетеді. Қанына сіңген жаман әдет. Өткен жылы банктен несие алып, енді ауданға төбесін көрсетпей ауылда бой тасалап жүр. Адамнан қашқан да банктен құтыла алмайсың ғой...

— Қайырлы тан, біз сізді таба алмай жүр едік. Қайрақбай Бермегенов деген сіз бе?

— Иә, мен, жайшылық па?
— Мен аудандық банктен келіп тұрмын. Банктен бес жүз мың теңге несие алып па едіңіз?

Қайрақбай селк кете қалды. Әйелі Оқтауғұлға «үйге жан адам кіргізбе» деп талай рет ескерткен еді. Оқтауғұл болса отын іздеп, тезек теруге қыр асыпты. Есік ашық қалыпты.

— Банк несие берді. Бірақ ол ақшаға қатын алдым, — деді ол.

— Не алсаң да шаруаңыз жоқ, енді сол несиеңізді уақытында график бойынша қайтармайсыз ба? — деп банктен келген сары қыз шап ете қалды.

— Қайтару керек па еді? Айттым ғой, қатын алдым, үйлендім. Осылай бойдақ жүре берем бе? Әкемнен қалған қыруар мұра жоқ. Жасым болса қырыққа келді.

— Қызық адам екенсің. Олай болса, үйіңді кепілдікке аламыз.

— Қарындас, қайдағы үй? Мен үйі бар адамға ұқсаймын ба? — деді Қайрақбай

— Ендеше жеріңді аламыз, — деп әлгі қыз қояр емес.

Талайды жер соқтырып жүрген Қайрақбайдың қалың беті бүлк етер емес.

— Менде жерде қайдан болсын? Жерді қолы жеткендер алады, — деп тарқылдап күліп жіберді. Қарай гөр, біреуге қарыз болса да, жердің жақсысын қолы жеткендердің жекешелендіріп алғанын қайдан біледі-ай?! Осы Қайрақбайдың білмейтіні жоқ. Кімнің

қалай байып, кімнің қызметте қалай өскенін де біледі. Тіпті, қаладағы жемқорлардың да тізімін жатқа айтағын көрінеді. Банктен келген сары қыз қалалған жерінен қан алғысы келіп тұр. Ол да айтқанынан қайтар емес.

— Олай болса, алған әйеліңізді кепілдікке аламыз. Ауданға апарып жабамыз.

— Алыңыз, бірақ алты ай болды, қатын төсек-орнын аркалап төркініне кетіп қалды.

— Туу, сізге дауа жоқ екен. Он күн уақыт береміз, банктен алған қарызыңызды қайтарасыз. Қайтармайды екенсің, басқаша сөйлесеміз, — деп ауданнан келген қыз бақырып кетті.

Айқайды естіп көршісі Өнешбай келді. Оның да Қайрақбайдан алажағы бар.

— Әй, Қайрақбай, алған қарызыңды қашан қайтарасың?

— Әй, береміз ғой, енді сен қалып едің?

— Сенің беремін дегеніне бес жыл болды, енді қашан бересің?

— Өмеке, мен саған бермеймін дедім бе?

— Жок, берем дедің...

— Онда неменеге келесің? Қай күні жағдайым түзеледі, сол күні қарызыңды қайтарамын.

— Құдай-ау, сенің жағдайың қашан түзеледі?

— Оны Үкімет біледі. Сен күнде-күнде келіп қарызыңды сұрай берсең, менің жағдайым қалай түзеледі? — деп қарап тұр. Мұндай адамдар жоғары жаққа да керек көрінеді. Нағыз талант қой.

Рас айтамын. Ұзынқұлақтың айтуынша, Қайрақбайды облысқа бір мекемеге жұмысқа шақырған деседі. Ауылдан алты кадам шықпаған Қайрақбай келіспеген көрінеді. Қайрекен ол жаққа неге керек болды екен, а? Ит біліп па?..

— Өнешбай, маған қанша қарыз беріп едің? — деді түк болмағандай есінеп.

— Қарызыңды ұмыта бастадың ба? Үш жүз мың теңге..

— Айтпақшы, үш жүз мың теңгенің жартысын қарызды қайтарғанда жеңіл болсын деп құдама бердім, — деп Қайрақбай қойып қалды. Өнешбай шошып кетті.

— Құдасы несі? Қарызды саған

берген жоқпын ба? — деді Өмекең өкініп.

— Қарызды қайтарғанда жеңіл болсын дедім.

— Мен сенің құданды танымаймын ғой, не айтып тұрсың?

— Танымасаң, танысаң. Ол — өте керемет адам. Күйлі тұрады.

— Қайрақбай, қарызды саған бердім. Алған ақшанды қайтар.

— Мен саған бермеймін дедім бе?

— Жок, берем дедің...

Ең болмаса «точно» беретін күніңді айтшы.

— Айтпақшы, бәлен күні беремін деп өтірікші болатын жайым жоқ. Менікі бір-ақ сөз, «беремін» десем, беремін.

— Қашан? Айтпақшы, сені автокөлік сатып алды деп естідім.

— Автокөлікте мүлдем шаруаң болмаса, оны өз ақшама алдым.

— Қайрақбай, астына ұялмай машина мінгенше, менің қарызымды қайырмайсың ба?

— Сенің қарызың бар екен деп мен сонда қара жазу жүруім керек пе? Өнешбай, сен тағы менің ашуыма тиіп тұрсың, ендеше қайтармаймын.

— Ойбай, кешір байқамай қалдым, қайтарам деп айтшы.

— Қайтармаймын.

— Қашан қайтарсаң да өзің біл, тек беремін деп айтшы, берем деді.

Өнешбай шошып кетті. Қайрақбай ең болмаса «берем» десе, көңілі орнына түсетін сияқты.

— Жаксы, келістік, беремін.

— Тірі тұрғанда құлағыммен



естіп кетейін, тек уақытын айтшы.

— Қырық жылдан кейін.

— Ойбай, тым ұзақ қой. Көзі аларып құлап қала жаздады. Саусақтарын санай басталды. Өйткені Өнешбай биыл елу жасқа келді. Токсанға келгенше қарызы қолына тимейтін болды. Ал токсанға жетпесе ше? Қарызың сотпен өндірейін десе, Қайрақбайдың «қарыз алдым» деген қолхаты жоқ.

— Өмеке, қарызыңды мен қайтара алмасам, болашақта қырық жылдан кейін немерелерім, шөберелерім қайтаралды, — деп Қайрақбай шіреніп тұр.

— Ее, сонда бұл ақшаны мен көре алмайды екенмін ғой. Жарайды, ұрпақтарым алатын болды. Оған да шүкір, көндік.

— Айттым ғой, берем десем, беремін, — деді де, Қайрақбай үйіне зып етіп кіріп кетті.

— Әттен, кедейшілік...

Нұрлыбек ЖУБАТҚАН

АДАЛ АСХАНА



Мен, тоғыз жасар балам және жетпісті алқымдаған шешем үшеуіміз Маңғыстау облысына сапарға шықтық. Жолымыз болды.

Баратын жерімізге аман-есен жеттік.

Балам: — Әке, қарным ашты, — деп ауызы бұртып қалды. Аптап ыстықта тамаққа да тәбет жоқ. Неше күннен бері мұздай кара суды көшеде қотарып ішіп жүрміз. Содан жүрек жалғайтын жер іздедік.

Қарсы алдымызда іздеген асханамыз тұр. Төбесіне «халал» деп бадырайтып жапып қойыпты.

Ішіне кірген бойда жүгірмегім сұрап жатыр

— Әке, «халал» деген не?

— Балам, ол адал, өте таза деген мағынаны білдіреді.

Орындыққа жайғасқан бойда бір қыз жетіп келді.

— Ас болсын, не ішесіздер?

— Қызым, қандай тамағың бар? — деп шешем де сөзге араласты.

— Апа, бізде бәрі бар. Барлық

тағам «халал» деп әлгі қыз зуылдап тұр.

Біз тандаған тағамдар алдымызға әкелінді. Қызарып піскен хош иісті самсаны көргенде көлімгідей тамаққа тәбетіміз оянды.

Балам айтпағанда, көдімгідей ашығып қалыппыз. Адал асты енді жей бергенде бес кара шыбын, екі көк шыбын ызындап жетіп келді. Әлгі шыбындар өз үйлерінде жүргендей дастарқандағы тағамдардың үстіне жайғасып қонып алды. Бұл жерде бәрі халал, таза деп айтып ұлыма өтірікші болдым-ау деймін ішімнен.

Шешем беторамалымен қайта-қайта ұшырды. Әрі-берден соң ашуланған шыбындар тағы он шақты туыстарын ертіп әкеліп тамақ ішкізбеді. Сосын әлгі қызды шақырдым.

— Тағы бірдене жейсіздер ме? — деді ол.

— Айналайын, бізге мына шыбындар маза бермей жатыр, — дедім.

— Шыбындарың да халал ма? — деп шешем қойып қалды.

Қасымызда анадай жерде тамақ ішіп отырған екі адам күліп жіберді.

Даяшы қыз қызарып кетті.

Нұрлыбек ЖУБАТҚАН

Бала күнімізде көрген үнді киносының бірінен сол елдің әлемге аты әйгілі әртісі Радж Капур шырқайтын әуен бар-тын.

...Америкадан етігім бар,
Ағылшыннан телпегім,
Француздан темекім бар,
Менің өзім үндімін, — деген.

Сол айтқандай, тәуелсіздіктің, әм өркениеттің арқасында ұзақ жыл моторы от алмай қалған еліміз қазір гүрілдеп тұр. Гүрілдейтін себебі бізде шетелдіктермен байланыс мықты. Мықты болатын себебі бізді шетелдіктер басқарады. Кім басқарса, сол жақтың өнімі бізді жаулап алады. Біз де содан соң бір кездегі үнділіктер сияқты ән шырқайтын болдық.

Тері тоным түріктерден,
Немістерден көлік мінгем,
Қытайлардан қатық ішіп,
Өзбектерден өрік жегем.

Түріктер мен қытайлықтардың көкір-шүкір сабақты жіп инесінен бастап «жоғары сапалы» фирмалық белгісін басқан автокөліктеріне дейін қазақстандықтардың сауда нүктелерін билеп тұр. Туу, нені айтып кеттім. Бұл сөз емес сөз. Оны қойшы. Бәріне ет үйренді.

Қазір алпауыттай Қазақстан қазынасының басына шетелдік өкілдер келсе құшақ жая қарсы алатын болды. Мәселен, Астанада қаптаған құрылыс жүріп жатыр. Атырауда мұнай бұрғылануда. Қарағандыда көмір қазылуда. Соларды басқарып отырған кімдер? Жезқазғанның мысын ше? Іштерің біліп отыр ғой. Тағысын тағы, тере берсең, ішің қыжылдайды.

Шұрайлы жердің, мұнайлы жердің, өмірлі, көмірлі жердің тізгінін ұстап отырған ұлтымыз емес, кәріс, ағылшын, үнді, түрік, т.б. Әйтеуір, қалталы шетелдіктер. Ақша жүреді-ау деген жерді солар қайдан біледі?

Жақында біздің цемент шығаратын зауытқа да туу қырдағы Лондоннан бір ағылшын бастық боп келді. Өзіміздің қазақтар бастық болуға жарамай қалған ғой. Аттай алты жыл АО болып жүрген мекеме екі жыл бұрын ЗАО болған. Осылардың АО-сында да, ЗАО-сында да шаруамыз қанша. Бізге жылы орнымызды суытпай, айлығымызды ай сайын алып тұрсақ болғаны дедік. Бәрібір бізбен ешкім санасып жатқан жоқ. Сол цементті нанша илеп жатқан кара қазақтар нені біліп жарытар деген шығар.


Сол ЗАО цемент зауытына бастық болған ағылшынның бірінші орынбасары жарықтық қазақтан шыққан орыс еді. Тайлы-таяғымызды қалдырмай жинап алды да:

— Так, біліп отырсыздар, о чем идет разговор, — деп бір тоқтап қойды. Біз мектеп партасындағы оқушылар сияқты қолымызды алдымызға қойып, тыңдай бердік. Қырп етпейміз. Екі көзіміз орынбасарда.

— Раньше казак тили, казак тили говорили. Оказываеьт далеко не пойдем, казак тилимен. Жизнь показываеьт и доказываеьт, — деп бізге қарады. Жүрт үнсіз. Өл армен сөзін жалғастырды.

— Даже бұрынғы Елбасымыз да, қазіргі Президентіміз де шетелдік тилді билу кирек деп отыр. Вот теперь нам пора. Баринизге ескертем. Создикти окиык, или нанимать етинизер учителді. Нам теперь английский языкты билу керек. А кто не хочеть, пусть подумаеьт. Его заменит сможем...

Бұл қорқытқаны.
— Алдыңғы жақтағы жас қыздар да бір-біріне басын қоса қалды. Сыбырласып жатыр. Шамасы «чем казакша, пуст ағылшынша» деп жатыр ма, кім білсін.



Сол күні Жапақ үйге басын салбыратып келді. Шайын ішті. Сосын әншейінде ағылшын тілінде сөйлегіш қызын қасына шақырды.

— Қызым, сен енді маған ағылшын тілін үйрет. Сөйтті де, бүгінгі жұмыстағы болған жағдайды түсіндірді.

— Ой, пап, конечно, помогу, но трудно будеть сізге. Бірақ конечно стараться етсеңіз, все будет, О, кей! — деп қызы әкесіне қолдау көрсете кетті.

— Ассалаумағалейкум? — дегенді ағылшынша қалай айтады?

— Пап, ондай амандасу жоқ.. Наверно «Привет!» или «Здрастуй!» деп амандасуға болады. Ағылшынша Hello! дейсіз. Эл-Лоу, Эл-лоу!

— Содан соң «Осы саған Қазақстанға келіп нең бар?» — дегенді үйретші, оның айтылуы тек жай сұраулы сөйлем сияқты болмасын, мынадай, кейіген сияқты екіпінді болатын болсын. Осыны маған жазып бер, тілім келгенше жаттайын.

— Ну, пап, мұндай сөз сізге не керек? Қызметіңізге қатысты сөзді үйрену керек емес пе?

— Қызым, үйрет дедім бе, менен ешнәрсе сұрама, үйрет! Мен үлкен бір службаны басқарамын. Прямой ағылшын бастыққа бара қалсам, бәрін де білуім керек. Мен саған көп сөз үйрет дегенім жоқ қой. Бір-ақ сөз! Маған қажеті осы! — деп қырсыққан Жапақ қызына алара қарады. Әкесінің сырын білетін қызы:

— What have you lost in Kazakhstan? — дейсіз. (Уат һавю лост ин Казахстан) Былайынша ниет қылмайды екен ғой жұрт, «тоқтап мықты болса, темір қазық жерге кіреді» деген. Жұмыстағылар ағылшынша күнде бір сөз жаттап, бір-бірімен ағылшын тілімен амандасып, «тән кю веримачты» зуылдатты.

Бір күні ойламаған жерден автобаздан түнгі кезектегі бір шопыр машинамен электр бағанасына соғылып, өзі жаракат алып, бүкіл мекемеде қуат көзі болмай, ЧП болды. Жапақты ағылшын бастық тез келсін деп шақыртыпты. Жапақ келді.

Тілмаш дегбірісіденіп күтіп тұр екен, «сіздің службадағы түнгі ЧП-ны бастық сізден ауызба-ауыз өзі сұрап білгісі келеді. Тез, тездетсеңізші», — деп тызылдап қарсы алды.

Жапақ болса сасатын емес. Тілмаш екеуі ағылшын бастықтың кабинеті алдына келді.

— Үсті-басыңызды сәл түзеп, айнаға қарап, сәл шашыңызды түзеніз, — деді алдындағы хатшы қыз.

— Қазір, ағылшын тілінде амандасыңыз. Тапсырма берілді, служба бастықтарына. Үйренген шығарсыз, — деп бір қойды Тілмаш та қосарлана.

Жапақ ішке кірген соң төрдегі көзілдірікті ағылшын бастыққа алымдай басты.

Тілмаш:

— Ойбай-ау, аға, ағылшын тілінде амандасуды бастасанызшы тез. «Эл-лоу!» десеңізші. Бастай беріңіз деймін, — деп қаптағанда сыбырлауын қояр емес.

— Ас-са-лау-ма-ғал-ей-кум, мырза! — деп Жапақ төрдегі бастыққа оң қолын ұсынды. Бұлайша амандасуды бұрын естімеген ағылшын бастық орыннан атып тұрып;

— А-а. Сы...сы-сса-кум, — деп барып өзінің эллоуына басты. Тілмаш ортада. Ағылшыншалар жалпақтап бастыққа бір нәрсені түсіндіріп жатыр. Жапақ ол айтқандарды түсінген жоқ. Бірақ Жапақтың ұққаны ағылшын бастық бұған оң райда қарап тұрған сияқты. «Гуд», «гуд», — деп басын изей бастады. Содан соң Тілмаш Жапаққа былай деді.

Аға, сіздердегі шопырлар жоғары білімді ме? — деп сұрап жатыр. Түндегі ЧП-ға байланысты, — деді. Жапақтың көзі шытынап кетті.

— Ай, бұл не не айтып отыр өзі? Қайдағы жоғары білімді?! Жоғары білімді болса, шопыр боп істеп несі бар автобазада?! Отырмай ма анау креслолардың бірінде.

— Бізде Англияда бәрі де жоғары білімді дейді. Сіздердің шопырлардың жоғары білімі жоқ болған соң түндегілі ЧП болды деп отыр. Оларды аттестациядан өткізу керек дейді, — деді арадағы тілмаш.

Осы жерде Жапақ шыдамады. Басындағы қалпағын уыстап тұр еді. Қалпақты жерге атып бір ұрды. Сөйтті де:

Өй, өкенім аузым! Тілімізді бурып өлдік қой өкенім... Бұл үшін мені қазір соттатып жіберсеңдер

де, қозғалмансыз. Компьютер көпке дейін үнсіз қалды. Ақындардың мінезін анықтау қиын-ау деймін, озық техникада ұзақ ойланды. Ақыры қағазды басып шығара бастады.

— Сіздің мінезіңіз «қорқақ қоян» деп қойып қалды.

Арқалы ақынымыз шошып кетті.
— Бұл қалай? Дұрыс емес, менің мінезімді бағыр, арыстан жүрек деп жазу керек. Мен халқым үшін туған жанмын, — деп орталықтың ішін у-шу қылды.

— Әй, шырағым, — деді бір қария,
— сен неге соншама шатақ шығарып тұрсың?
— Енді әжей, бұл әділдік емес қой,

— Әділдікті техникадан емес, биліктен сұра, — деді. Орталық үнсіз қалды.

— Менің намысым бар, — деп Айтқышбек те қояр емес.

— Немене, бізде намыс жоқ деп кім айтты? Сенен бұрын бұл орталыққа бірінші мен келгем, маған «түлкі мінезін» деп жазып берді. Бұл — техника. Кімге өкпелейсің?..

Айтқышбек бірдене түсінген болу керек, мінез туралы анықтамасын алып шығып кетті. Бір кезде ербидеп аудан әкімі Талтанбай да келе қалды.

Ол кезекке де қараған жоқ.
— Сәлеметсіз бе, қарындас, асығыс едім, менің мінезім туралы анықтама бере қойыңызшы, — деп әкім сызыла қалды.

— Аты-жөніңіз кім болады? — деді әлгі қыз. Аудан әкімінің беті шымырлап кетті. Қаршадай қыз ел ағасын танымай тұр. Бұдан өткен қорлық бар ма?

— Талтанбай Салпанбаев деген аудан әкімі мен боламын, — деп қаттырақ қойып қалды.

— Жақсы, қош келіпсіз, қазір, шамалы күтіңіз. Компьютер көп күттірмеді.

Зыр еткізіп анықтаманы шығарып берді.

— Сіздің мінезіңіз «комбайн» сияқты депті техника. Талтанбай ойланап қалды. Түкке түсінбей қалды. Қағазды көзілдірігімен қайта-қайта қарады.

— Сонда қалай? Комбайн, мен тірі жан емеспін бе, қызық екен, — деді танырақ. Ол ештеңе деместен, артына қарамай зытып кетті. Бір әйел сол арада комбайнның шешуін айтты.

— Комбайн дегені ауданның бар қаражатын, мал-мүлкін жұта береді, жұта береді дегені ғой, — деді. Кейбіреулер оның сөзін дұрыс десе, кейбіреулер жокқа шығарып жатыр. Кезек маған келді. Айып болмаса, бірінші өзім туралы айттайыншы. Мен бір мекемеде директорымын. Мекеменің басым бөлігі жасы келген зейнеткерлер. Оларды жұмыстан шығару керек деп бұйрық шығарамын. Ертеніне жоғарыдан біреулер қонырау шалады да, бұйрығым өзгеріп, құйрығым қызарып кетеді. Мекемеге бірдене сатып алайын десем, жалтақ-жалтақ етіп әркімнен сұрай беремін. Қызметкерлерімнің еңбек ақысына үстемеақы қосамын деймін де, кейін орындай алмай қаламын. Өтірік үздені жаналыс сайын үйіп- төгемін. Қазақша білсем де, орысша ойланамын. Үйде бәрі толып тұрса да келетіне беремін. Ай сайын әр банктер кредит алғанды қатты ұнатамын. Ағайын-туыс, жора-жолдастың бәріне қарызым. Сонымен не керек, басыма әлгі жолтапы кігізді. Компьютер ызындап тұр. Менің жүрегім қобалжып кетті. Бір кезде қағаз да басылып шықты. Қағазға тостағандай етіп сенің мінезің «Қазақстан сияқты» депті. Мен қуанып кеттім. Бұл керемет қой. Мен өз елімді шын сүйемін. Патриотпын, — деп айқайлап жібердім. Бір ақсақалды қария басын шайқады.

— Шырағым, сен түк түсінбедің, ойлан, — деді.

Мен сол қағазды ұстап әлі ойланап жүрмін...

Нұрлыбек ЖҮБАТҚАН

Қалада бір ерекше орталық ашылыпты. Яғни, адамның мінезін-құлқын анықтап, жазып береді екен. Қазір кімде оңған мінез бар дейсің?

Сөз көтермейді, қаны бетіне шабады. Жұмыр жұдырығын ала жүгіреді.

Жаналық естісек кезекке тұра қалатын санаға сіңген әдетіміз ғой.

Орталыққа барсам, адам едәуір жиналып



қалыпты. Ауылда тұратын Қолқамыс дейтін жөнгер бар еді, ол да еңгезердей болып кезек күтіп тұр. Оның мінезін орталыққа келмей-ақ мен айтып бере аламын. Ағамыздың шашын ағартқан осы кісі. Танертеннен үй жағалап шай ішіп, өсек айтқаннан басқа шаруасы жоқ. Үйіне түнеп шығуға ғана келеді.

— Келесі кім? — деді орталықта жұмыс істейтін жас қыз.

— Мен, — деп Қолқамыс жөнгер алдына жетіп барды. Әлгі қыз бір затты басына киізді де, тетікті басып қалды. Жөнгер селке ете қалды. Компьютерден қағаз басылып шыға бастады.

— Айтқышбек Жазғышбеков.

— Кәсібіңіз?

— Ақынмын...

— Жарайды, мынаны басыңызға киініз

— Сіздің мінезіңіз «ешкі мінезді» екен, — деп теріліп шықты. Жөнгер қызарып кетті. Ол «батыр мінезді» деп ойлаған болу керек. Қабағы түсіп, ерні салбырап кетті. Қағазды бір бүктеді де, орталықтан тайып тұрды.

Келесі болып ауданның беткеуістар ақыны келді. Бұл енді өленді жазғанда қатырады. «Елім, Отаным, Жерім», — дейді. Әйтеуір, жазғандары газет бетінен түспейді.

— Аты-жөніңіз кім аға? — деді жаңағы қыз.

— Айтқышбек Жазғышбеков.

— Кәсібіңіз?

— Ақынмын...

— Жарайды, мынаны басыңызға киініз

Қашқың қажы

Кеше бір танысым Қажылыққа аттанды. «Жаратқанның алдындағы Қарызымды өтеймін» деп, Әжептәуір мақтанды.

Ол кеткен соң сапарға Іздеп келді төрт адам. Оғы болмай атарға, Келіпті олар Сайлап барлық арызын, Назарға алып әр ізін. Сөйтсек, әлгі пақырың Қашқын болып жүр екен, Елдің бермей қарызын. Әлгі төртеу шаршаған, «Дейді мұндам қажыдық. Кеткен шығар ол бізден, Құтқарар деп қажылық».

Қазір жылпос танысым. Қажы болып оралған. Әлі қашып жүр бірақ, Сол сорлы төрт адамнан.

Олжас ҚАСЫМ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫҚТАР ЖАНЫЕТНАШ

*Тілаарды жұрсап,
Азар да бөз,
Зықарында қайтап,
Ығарында шығарар.*

*Ойыңа
Мойын бұрып,
Алаңдады,
Даладады,
Сопыты әрең
тамалдады.*

"Жақсы оқыды!" деп

*Қызығасып,
Қозғаласып,
Іші күзгендер
Түз жасасып.*

*Үйіңнің
Үйің-түіріңсі шығып,
Жапарыңа жес
тығылатып,
Жіп-түіріңсің себебі-
Жістемі жаппап
бастырылғаны,
Өзгені шағыстырған,*

*Өзі білібеді,
Өкесіне өкпелеп,
Қозы ілібеді.*

*Айбаты басқар қасқар
Қалап қойды қолдарды,
Истарғанын көріп,
Төбе шағып тіп-түрды.*

*Күн баппып,
Қас қарайды,
Қас қария көрсетті
Анан айды,
Мойды*

*Әлі кеп,
Ойыңағы ғанибет,
Меди мен*

*Әтсе
Таш кеп,
Қосыса қалар тар илеп.*

*Сара апайдың
Сары шалы,
Самсағы
Шпайдай алмай шаршайды,
пер демей үш етіп,
Бір етікті місе тұт.*

*Бір ағайды
Танығықрамадым,
Танығықрамадым
Жайырағыңқарайдым.*

*Сатыр-сұтыр,
Тасыр-тұқырға
Бір сөп
Танырқап тұрсақ,
Ытырайды бықтыр қып,
Соққан екен бұшақ.*

*Бейқамға не айтам?
Не айтам да бейқам.*

*Бір пәнді ғана
Жақсы оқытып Нұртайды,
Жұрт ады дей алмаймыз.*

*Дәу қарға
Тауларға қонайды,
Тауларға қонайтын
Дәу қарғаға дәу бар ма?*

Қазір үйден шықпай-ақ суретшілердің өнерін тамашалауға болады. Мәселен, суретші Әсел Сабыржанқызы әлеуметтік желіде блог жүргізу арқылы танымал болған. Ол – еліміздегі алғашқы гиперреалист суретші. Өз жұмысында әртүрлі техникаларды қолданып, тәжірибе жасағанды жаны сүйеді. Қазір Астанада Әселдің кілемге салынған суреттер көрмесі өтіп жатыр. Біз суретшіні арнайы іздеп барып, шығармашылығы мен заманауи өнерге деген көзқарасы туралы әңгімелестік.



Шынайылықтың шыңына шыққан суретші

Көктем ҚАРҚЫН

Әсел Сабыржанқызының портреттері жастар арасында кеңінен танымал. Ол Бауыржан Момышұлы, Батырхан Шүкенов, Геннадий Головкин сияқты ел мекендерінің суретін салу арқылы көпшіліктің жүрегіне жол тапты.

Сондай-ақ Әсел 5 жылдан бері гиперреализм жанрында шеберлігін шыңдап келеді. Гиперреализм – нысанды фотореализацияға негізделген сурет салу мен мүсіндеудің стилі. Гиперреализм АҚШ-та XX ғасырдың ортасында пайда болды, басты мақсаты – шын бейнені, ақиқатты көрсету. Себебі фото сияқты қанық суреттерге деген сұраныс жоғары. Үнемі шеберлігін шыңдауға құмар суретші жақында алты қарындашпен бір уақытта алты адамның портретін салып, көрермендерін тағы бір рет таңғалдырды.


— Иә, мен кәсіби білімі бар суретшімін. 14 жыл бойы кескіндеме бойынша білім алдым. Маған гиперреализм бағыты бойынша сурет салу қатты ұнайды. Дәл осы бағытта Қазақстанда алғашқылардың бірі болып дамытқым келді, өйткені тікелей осы жанрада сурет салатын маман елімізде болған жоқ. Сондықтан да бұл жолда өте ұзақ іздендім. Гиперреализм бағытында көптеген суреттер сала бастадым. Содан кейін тапсырыстар да түсетін болды. 2021 жылдан бастап әлеуметтік желіде белсенді түрде блог жүргіздім. Әртүрлі техникамен сурет салғанымды видеоға түсіріп, жариялап отырдым. Өз блогымда машинаның



капотына да, қолыммен, аяқтарымен де сурет салдым, сонымен қатар 3 және 6 портретті бір уақытта салып, түрлі тәжірибе жасадым. Осылайша, аудиториям күннен күнге көбейіп, өнерге қызығатын адамдардың саны артты. Биыл блогымды дамыту үшін кілемге сурет салдым. Бұл идеямды Forte Kulanshi Art Space галереясының директоры Лейла Махат қатты ұнатты. Ол кісі менің бұрынғы және қазіргі тәліміміз, колледжде сабақ берген. Осылайша, Лейла Махаттың ұсынысымен Астанада көрме өткізіп жатырмыз. Бұл жерде кілемге салынған казак аруларының портреттерін тамашалай аласыз, — дейді Әсел Сабыржанқызы.

ҰМЫТ БОЛҒАН БАТЫР ҚЫЗДАРДЫ БЕЙНЕЛЕГЕН

Астанадағы Forte Kulanshi Art Space галереясында Әселдің кілемге салынған суреттері ілулі тұр. Көрмені тамашалауға күн сайын келетін жастардың да саны көп екен.



— Көрменің идеясы бастапқыда дала әйелінің батыл бейнесін көрсету болды және біз қоғам тани бермейтін әйелдердің бейнесін көрсетеміз деп шештік. Мысалы, Томирисі, Әлия Молдағұлованы барлығы біледі. Бірақ бізде ұмытылған батыр қыздарымыз қаншама? Мысалы, Гауһар батырды, Айбике батырды, Сүйімбике мен Бопайды көп адам танымайды. Мен жастарға казактың ұмыт болған батыр қыздарын, тарихымыздағы мықты әйел образдарын көрсеткім келді. Себебі батыр аналарымыздың рухы ешқашан өшпеген, олар Отаны үшін күрескен, — дейді кейіпкерім.

Иә, көрмеге ұмыт болған батыр қыздардың портреттері қойылыпты. Кілем бетіне бейнеленген кейіпкерлердің образдары да ерекше. Тап бір шынайы өмірдегідей. Портреттердің барлығын біріктіріп тұрған — батырлық пен ерлік. Бір қызығы, суретшілігімен жастардың сүйіспеншілігіне ие болған Әселдің отбасында бұл өнермен шұғылданатындар жоқ екен.

— «Бір пайыз талант, 99 пайыз еңбек» деген сөз дәл айтылған. Мен суретші болу үшін 14 жыл кәсіби білім алдым. Бала күнінен сурет салуға қатты қызықтым. Әсіресе, адамдарды бейнелеген ұнайтын. 12 жасымда ата-анам көркемсурет мектебіне берді. Содан бері бояу мен сурет салуға деген махаббатым арта түсті. Маған сенім беріп, аласыз алға басуыма себепкер болған — ата-анам. Олар мені мақтан тұтып, үнемі қолдау көрсететін. Картиналарымды үйге толтырып іліп қоятын. Бұл менің бала киялыма канат бітірді, одан әрі армандай түстім. Тек бір бағытта ғана жұмыс істедім. Қазір санасам, осы уақытта дейін мыңға жуық картина салыпты. Ал дәл бүгін мақсатты түрде өз блогымды дамытып жатырмын. Өйткені адамдардың, біздің қоғамның сурет салуға, өнерге деген сүйіспеншіліктерін оятқым келеді, — дейді Әсел Сабыржанқызы.

Жас суретші көптеген республикалық және халықаралық байқауларда жүлде алған. Ол 2012 жылы Ernst & Young компаниясы өткізген конкурста қатысып, екі картинасы жүлделі бірінші және екінші орын алған. Бүгінде аталған картиналар компанияның кеңсесінде ілулі тұр.

— Студент болып жүрген кезде де әртүрлі суреттер салып, көрмелерге қатыстым.

Айталық, Бейжіндегі көрмеге екі картина катысты. Дегенмен шетелде әлі үлкен көрмелерге қатыспадым. Қазақстанда осымен екінші рет ірі көрмеге қатысудамын. Болашақта әлі талай көрмелер мен байқауларда бақ сынаймын деп үміттенемін. Осындай үлкен көрмені Берлинде, Лондонда, Нью-Йоркте өткізіп, мәдениетімізді, тарихымызды қандай тұлғалар болғанын неге көрсетпеске? — дейді кейіпкерім.

ӘР СУРЕТШІ ЖЕКЕ БРЕНД ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ КЕРЕК

Әселдің айтуынша, бір картинаны салу үшін орта есеппен екі аптадан бір айға жуық уақыт кетеді. Ал суретті мейлінше жылдам бітіру керек болса, 2-5 күн аралығында дайындауға да болады.

— Шабьтты адамдардан аламын. Өйткені портретшімін. Өмірлік тәжірибесі мол, жігері мықты, тұр-сипаты ерекше адамдарды, қарияларды жақсы көремін. Олардың энергиясынан, харизмасынан, сырт келбетіне, бетіндегі өңірлері мен сызықтарынан, тіпті, терісінің түсінен де энергия аламын, — дейді суретші.

Оның пікірінше, әлемде суретшілерге сұраныс жоғары. Мысалы, шетелде жаңадан бастаған суретшінің жұмыстарының құны 2 мың доллардан басталады. Бірақ біздің елімізде тіс қакқан мықты суретшілердің жұмыстары ғана осылай бағаланады.

— «Қазақстанда суретшінің еңбегі бағаланбайды» деп айта бергеннен ештеңе шықпайды. Әрбір суретші жеке брендін өзі дамытуы керек. Сонда ғана сұраныс пайда болады. Суреттердің құндылығын көрсету арқылы еңбегіңізді насихаттайсыз. Яғни, бәрі суретшіге байланысты. Егер сіз жақсы ақша тапқыңыз келсе, ерінбей ізденуіңіз керек. Ондай суретші шағымдануға да уақыт таппайды, — дейді Әсел Сабыржанқызы.

Әселдің сурет өнеріндегі кумирлері — Микалджело мен Леонардо да Винчи. Леонардо тек танымал суретші болғаны үшін ғана ұнамайды.



— Мен оны жан-жақты дамығаны және әлемдік кескіндемеге ғана емес, сонымен қатар инженерияға, ғылымға, медицинаға және басқа салаларға қосқан үлкен үлесі үшін жақсы көремін. Ол керемет адам! Табыс табуы да ұмытпай, өз шәкірттерінен мықты топ құрды, — дейді кейіпкерім.

Қазір Әсел Сабыржанқызының TikTok-та — 320 мың, Instagram-да 113 мың аудиториясы бар. Оқырмандарының барлығы «Әсел енді қай жанрада сурет салып, танқалдырады!» деп асыға күтеді. Біз жас суретшінің болашақ жоспарлары жайлы да сұрадық.

— Әртүрлі техникалар арқылы сурет салып жүрсем де, маған кілемде жұмыс істеу техникасы ұнады. Ары қарай да осы стильде жұмыс істегім келеді. Халықтың мені «О, бұл кілемде жұмыс істейтін суретші ғой!» деп танығанын қалаймын. Алдағы уақытта кілемдерге гиперреализмді қосып, керемет түсті микс жасауға тырысамын, — дейді Әсел.

Қылқалам шеберіне тек қана сәттілік тілейміз! Алдағы уақытта Әселдің суреттерінің әлемдік көрмелерде ілулі тұратынына сеніміміз мол.

Азия күнделігі

СҮРМЕРГЕНДЕР СҮРІНБЕЙ КЕЛЕДІ

Азия ойындарының алтыншы жарыс күні де аяқталды. Қазір ел құрамасының еңшісінде 23 медаль (3 алтын, 3 күміс, 17 қола) бар. Осылайша, Қазақстан медальдар кестесінде 12-орыннан 11-орынға табан тіреді.

МЕРГЕНДЕР МАҚТАНЫШЫМЫЗҒА АЙНАЛДЫ

Бұл бәсекеде күтпеген жеңістер күннен күнге көбеюде. Спорт сарапшылары, алтынды бокстан аламыз деп ойласа да, ел еңшісіндегі үш алтын медальды мергендер сыйлады. Алғашқы алтынның қоржымымызға қалай түскенін газетіміздің өткен нөмірінде айтқанбыз. Ал екінші алтын медальды 10 метр қашықтықтан жылжымалы нысанаға оқ ату сайысында

Соған жұмыс істейміз, — деді жарыс соңында Жансель Дениз.

Айта кету керек, Жансель Дениз 2018 жылы Индонезияда өткен Азия ойындарының күміс жүлдегері атанған.

Женісті жолды гимнаст Нариман Құрбанов жалғастырды. Бұған дейін спорттық гимнастикан алем кубогі кезеңдерінің өткен нөмірінде айтқанбыз. Ал екінші алтын медальды 10 метр қашықтықтан жылжымалы нысанаға оқ ату сайысында



казактың мерген қызы Зухра Ернарарова иеленді. Жекелей сында 18 жастағы Зухра қарсыластарынан оқ бойы озып шықты. Отандасымыз 500 ұпай жинап, Солтүстік Кореяның екі бірдей мергенінен асып түсті. Айта кету керек, Зухра осы жылы Оңтүстік Корея елінде өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында да алтын медаль иеленген болатын.

Ал Әсем Орынбай мен Эдуард Ещенко стентік ату турнирінің аралас жұптық сайысында ел қоржынына үшінші алтын медальды салды. «Скит» жаттығуының финалында казакстандықтар Кувейттен келген қарсыластарынан озық болды. Қорытынды есеп — 40:35. Бұл — Әсем Орынбайдың Азия ойындарындағы екінші алтыны. Ол бұған дейін командаластары Зоя Кравченко, Ольга Панаринадамен бірге «скит» жаттығуында алғашқы алтын медаль жеңіп алып, Азия ойындарының рекордын орнатқан болатын. Ал жекелей сында Әсем Орынбай қола жүлдеге ие болды.

— Біздің мергендер тағы да керемет нәтиже көрсетті. Спортшыларды, жанкүйерлерді және команданың жаттықтырушылар штабын осы жеңіспен құттықтаймын. Бүкіл ел мергендерімізбен мақтанады. Бұл жеңіс мыңдаған казакстандық жеткіншектерді осы спорт түрімен айналысуға шабыттандыратынына сенімдімін, — деді Түризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

КОЛАНЫҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Медальдар арасында қоланың қатары көп, дегенмен ол әртүрлі спорт түрлерінен келіп түсуде. Айталық, Жарыстың төртінші күні суға жүзуден Әділбек Мусин екі бірдей қола жүлде алды. Казакстандық спортшы 100 метрге, 50 метрге butterfly әдісімен жүзуде 51.98 уақыт көрсеткішімен үшінші болып келді. Ол аталған сайыс түрінде еліміздің атынан жалғыз өзі сынға түсті. Көп уақыт өтпей, ушу-сандыа сайысы бойынша Ұлттық құрама мүшесі Аян Тұрсын да қола жүлдегер атанды. 52 келіге дейінгі салмақтың жартылай финалында отандасымыз жарыс қожайыны Юэю Лиге есе жіберді. Айта кетейік, қытайдың ұлттық спорты — ушудың сандыа түрі Азия ойындарының бағдарламасында 1998 жылдан (ерлер) бар. Әйелдердің бәсекесі 2010 жылы қосылды. Әйелдер екі салмақ (52, 60), ерлер бес салмақ (56, 60, 65, 70, 75) жүлделерді сарапқа салады.

Жарыстың бесінші күні жағажай волейболынан ерлер құрамасы мен таэквондо құрамасының өкілдері Жансель Дениз (67 келден жоғары) бен Смайыл Дүйсебай (80 келден жоғары) бірінен соң бірі жеңіс жағажайшылар үшінші орын үшін кездесуде Иранды 2:0 есебімен ұтты. Таэквондошылар жартылай финалға өтіп, өкінішке қарай онда жеңіліс тапты. Алайда 1/2 финалға шығу олар үшін қола жүлдеге кепілдік берді.


— Жоспарым орындалды дей алмаймын. Бабымда болдым, алтын аламын деп келіп едім. Енді амал жоқ, Париж Олимпиадасына жолдама жеңіп алуымыз керек.

үшінші орынға тұрақтады. Бұл жарыста бас жүлде Тайбөйден келген Чин-Кай Лиге бұйырса, екінші орынға жапониялық Рето Цумароға жайғасты.

Кеше Аян Бейсенбаев триатлоннан қола медаль иеленді. Бейсенбаевтың жүзуден 1 500 метрді байындырып, велоөтәппен 40 шақырым жүріп өтіп, 10 шақырым жүгіріп шыққандағы уақыты — 1:52:25. Байрақты бәсекеде алтын медальды жапондық спортшы Кеңи Ненер (1:50:54) алды, сондай-ақ күміс медаль да Жапониядан келген спортшы Макого Одакураға (1:51:49) бұйырды.

БОКСШЫЛАРҒА БАҚ БҮЙЫРА МА?

Ал боксшы Сағындық Тоғамбай жартылай финалда бақ сынайтын болады. Казакстандық боксшы 92 келіге дейінгі салмақта ирандық Туфан Шарифмен жұдырықтасты. Сағындық қарсыластарының бірінші раундта-ақ ұрып құлатып, жартылай финалға жолдама алды. Осылайша, ол



қазіргі сәттегі нәтижесімен кем дегенде қола медаль алады.

Кеше күндізгі сессияда рингке шыққан екі босшымыз жеңіліп қалды. Екі дүркін әлем чемпионы Назым Қызыбай 50 келіге дейінгі салмақта ширек финалда күтпеген жерден моңғолиялық Есүгэн Оюунцэцэгке жол берді. Сөйтп, Назым жүлдесіз қалды. Сондай-ақ биылғы әлем чемпионы Нұрбек Оралбай 80 келіге дейінгі салмақта қытайлық Токтарбек Танатқанға төрешілер шешімімен есе жіберді. Әлем біріншілігінің финалында Нұрбек Токтарбекті жеңген еді.

Көпшілік күткен боксшы Сәкен Қибосынов пен өзбекстандық Хасанбай Дусматовтың жеке-жегі де біздің пайдамызға шешілмеді.

Ал 71 келі салмақта шаршы алаңға шыққан Бокстан Казакстан құрамасының капитаны Асланбек Шымбергенов өте қиын кездесуде жергілікті қытайлық спортшыны ұтты. Алдағы күндері Азия ойындарындағы тартысты бәсеке әлі де қыза түсері сөзсіз.

Көктем ҚАРҚЫН

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал ААЛЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы

Саятхан САТБАҒАН —
Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы

Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы

Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы

Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102

Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4357

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
aikyn.kz.gazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бербейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен астамын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —
Айдана НҮРМҰХАН,
Жанель ҚҰТТЫБАЙ